Г 2009
1729к

Жұмабай Шаймановтың

ЖЫР-ЖОЛБАРЫС

Жұмабай Шаштайұлы

150 ЖАМБЫЛ

ЖЫР - ЖОЛБАРЫС

Алматы, «САНАТ», 1996

ББК 83.3 Қаз я73
Ш 32

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Шаштайұлы Ж.

Ш 32 ЖЫР-ЖОЛБАРЫС. Көмекші оқу құралы.— Алматы. «Санат», 1996—176 бет.

ISBN 5—7090—0375—1

Жазушының бұл кітабына жыр алыбы Жамбыл туралы бірнеше ой-толғаулары топтастырылған. Онда ақынның айналасындағы адамдармен арақатынасы, сыйластық-сырластығы, сондай-ақ көпшілікке беймәлім кейбір өмір белестері баяндалған.

Кітап студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

Ш $\frac{4603010000-\ 5\ 1}{416(05)-96}$ хабарландырусыз — 96 ББК 83.3 Қаз я73

ISBN 5-7090-0375-1 © Шаштайұлы Жұмабай, 1996

ШАШТАЙЕВ

БЕТАШАР

Шыр етіп жерге түскенде маңдайыңа не жазылса, соны көресің.

Осынау атам заманғы ақиқат қариялар аузынан анау-мынау жағдайда шыға салмайтын. Қазалы жердің қаралы жиыны я оқыстан кездескен опынысы мол жағдайлар үстінде бұл секілді айтылатын сөздерде кісі бойлап бара алмайтын мағына жатқандай көрінетін еді деп көпе-көрнеу көлгірсу орынсыз. Жазу, пешене, тағдыр ұғымдарында шеті мен шегі жоқ буалдырлана ширатылған сағым сап-сары тозаң боп есіліп жататындай елестейтін. Балалыққа алаңғасар, аңқаулық тән. Солай қабылдап үйренгеніміз де рас. Қорқақ түйіршіктер қанға ана сүтімен бірге сіңіп кететін де тәрізді. Өйткені сол сәтте үрей аралас сезім көкірекке ұялай қап, мезеттік бір беймаза хал көңілге айықпас алаң сыйлап үлгіретін. Ал әлгі жарықтықтар көп көріп, көп жасағандығын сездіре түскісі келген сыңай-

да: «бұрынғы кісілердің айтқандарының бәрі кітап сөзі ғой, шіркін» деп, таңырқау аралас сүйсіністерін жасыра алмай, біртүрлі масайрап тұратын сияқты еді. Неге екенін кім білсін, жайдары жайма-шуақтықтан лезде айни қап, томсарыңқы кейіпте түксие түнеріп отыратын да қалатын.

Кітап сөзін қазақтың қадірлеп, сонша қастерлейтін себебі күні бүгінге дейін аша алмай келе жатқан бір керемет құпиямыз сияқты.

Қазақ шалдары өздерінің ұстамды сырбаздығы жөнінен ежелгі француз романдарының ноян қаһармандарына көбірек ұқсап кетеді. Бір жаман жері біз олардың қадірін жиырма жылға кешіктіріп барып білсек те, онда тұрған ешқандай сөкеттік жоқтай қымсынып қоймаймыз.

Құрсау қыспағына алған тоталитарлық жүйенің аса қатаң тәртібі күйрете алмаған ұлттық діл тоқырау заманының марапатшыл дифирамбқа салынған кезінде босаң тарта сыр беріп қойғаны несі?

Қазақтың жасы үлкен адамдары ата-бабалық салт-санаға деген адалдығын ақырына дейін сақтады. Тап сондай қасиетті кейінгі ұрпақ бойына қаншалықты сіңдіре алғаны белгісіз.

Төрелік жасауға жалғыз даналық қана емес, ұлттық ойды лайламай, тұнық алып жүре алатын даралық та қажет.

Еңбектеген баланың бейкүнә екені айтпаса да мәлім. Еңкейіп екіндіге қарай ауа бастаған кәрілік күнәһар пенделік атаулыдан арыла бастауға бейіл ме? Тап осы екі аралықта ұлттық рухани айналымның рет-тәртібі бұзылғанына алаңдап коймайтын алаңғасарлыққа ұрынғаннан саумыз ба?

Бесікке бөленіп тербетілетін кез құдайдың адам баласына жалпы үлестіретін патша дәрежесіндегі сыйы. Қас батырша шалқасынан жатып ап бұлданып тырбанатынына қарағанда нәресте өсы уақыттың қадірін іштей сезеді-ау, шамасы. Ішқұса зарығуға мүлде ұқсамайтын тепсіне өктем шығатын ащы шырыл — өмірге сәби тілінде айта бастаған арыз шығар, бәлкім. Мынау жарық дүниеге еске сақтап қалар бала, бала да болса ең алғаш адам көзімен қараған уақытта қазір тым үйреншікті нәрселер сонда неліктен тұлғалана зорайып көрінді екен?

Жалғандағы ең алғашқы әсер ең алғашқы таңырқауға саяды. Соныа қарай ол кимастық сезімге ұласып, көңілінді неге мұң иектей бастайды екен?

Өмірдің кәдуілгі ағыс арнасын балалық көңіл әлбетте тарсынып тұрады. Шартарапты шарқ ұра кезетін асау қиялға бітеукөкірек өзімшіл дүние селт ете қоймайды. Қалыптасудың өларасына ұқсайтын бұл кезеңде балалық тіршілік өзімшілдіктің қиянатшыл кия-

патымен бетпе-бет келетін азапты сапарынан және жүрексінбейді. Сол себепті де оған меңіреулік жұмбақ, мейрімсіздік — ұстамдылық болып көрініп кетуі де ықтимал.

Балалық сана ендеше аппақ қағаз, қабылдау — қалам, өмір ол үшін шынайы шығарманың нақ өзі.

Қадау-қадау осынау сауалдарға қалай болған күнде бірден кесімді жауап беру оңай емес. Шығыс даналығының ежелгі үлгісі бойынша бір өлеңі арқылы мұны Расул Ғамзатов тәуір тұжырып, өзінше тың байлам жасағанын кезіктіріп едік. Жағы тала өне бойы-шырылдаған сәбиді атасы келіп әдеп сұрақтың астына ала бастайды. «Ботам-ау, сен неге дамылсыз жылай бересің. Менің мына еңірегенде етегім толатын жөні бар. Сенісіп, серттескен дос бұлт беріп опасыздық жасады. Сүйіп қосылған жарым көзіме щөп салды. Алтын басымды қорлап, басынғандар көп кезікті. Сен соның бірін де көрмей жатып, көзіннің жасына неге сонша ерік бересің?» Бесіктегі балаға сол кезде тіл бітіп: «Ата-ау, ештеңенің мәнісін білместен қатты жазғырып, сөккенің не! Солардың бәрін басымнан өткерем ғой деп жылап жатқан жоқпын ба!» — дейді.

Дүниеге ең алғаш естияр көзбен қараған кезде әлгі мұң иектей бастайтынның себебі де сол шығар, бәлкім?

Мынау жарық дүниеге келмей тұрғанға дейінгі жиырма жылдың алды-арты...

Жиырма жыл деген не тәйірі. Құлашыңды соза ұмсынып қалсаң қолың жетеді, анықтап көз сала бажайлап қарасаң әруақтар бейнесі көлбендеп өтетіндей қашықтық қана емес пе.

Қазақтың алдыңғы лектегі аға буын ұрпағы мен олардың ізін баса соңынан ілескен кейінгі толқынның бірсыпыра өкілі ұлттық таным бойынша тәрбиеленіп келеді. Шығармашылық көркем қиялдан туындайтын кесек дүниелердегі өмірлік жағдайлардың бәрін олар шынайылықта қабылдап, иланып үйренгендік ыңғайларынан көп айни қоймайды. Осы бір тұрақтылық адамды кейде мезі ғып жіберетіндіктен оған сақтана қарауға тырысасың. Өнертанудағы жаңаша құбылыстарды қаншалықты өркениетті қабылдап, оны қаншалықты жатырқап үрке қарайтын сәттер жөніндегі әлеуметтік сұраныс аңдасақ, жоқтың қасы екен-ау.

Жамбыл хақында өрістемек әңгімеге ойыспас бұрын кіріспе сөзге мұншалықты аялдаудың себебін өзге тұрмақ өзің де түсінбей дал болған халде біраз аңыра отырып қалған жайымыз бар еді. Әр істі бастаудың өз жөні мен өз жолы болатыны белгілі. Науқанды нөпір сөздердің арасынан Жамбыл біздің замандасымыз деген анықтаманы кезіктіргенде жаңалық бардай елең ете түскеніміз рас. Бірақ ол

ұзаққа бармастан ежелден мәлім жайларды қайталай бастайтын ескі сарындардың сонщалықты түсініктілігі ақырында Жамбыл әруағына обал жасап тынады. «Анау-мынау адам көптің аузына іліге ме, Сондықтан Жамбыл тегін кісі емес»— деген сықылды бағасын жорта кемітсе де мойындамасқа амалы қалмайтын сөздерде уыттылық бардай көрінеді. Алғаш намысың ұстаса да етің өліп, ондайға біртіндеп көндіге бастайсың. Ақындық жөніндегі қазақ түсінігі жалпы адамзаттық қалыптасқан ұғымнан бөлектеу. Оны құдайдың сыы ретінде қабылдау үстем бола тұра ақындық көкірек сарайдың ішкі жиһазын түгендей алатын көріпкелділігі бар сарапшы қасиеті басым жатады. Басқа халықтарда оның бәрі оқу-тоқу арқылы келсе, қазақ сыншылық ойды өмірдің өзінен алған. Бұл және қазақты тобырлық сипатқа ұрынудан мейлінше сақтандырып келген. Қазақ тұрмысының құрылымы сөйтсе де ақынның әлеуметтік орнын анықтау жағынан теңгермешілдікке жол беріп қойған жағдайлары да кездеседі. Бюрократияның қас-қабағын аңдитын қорғаншақ ыңғайдағы өнерпаздар ықпалды күштердің саясын сағалауға бейіл тұрды. Айтқыштық ерекшелігімен бөлекше танылған ақындық тағдырлар қайшылыққа еріксіз барып, трагедиялық пұшпақтың үлестерін өздеріне молырақ алуларына тура келген еді.

Жамбыл ақындығы осынау өлшемдердің екеуіне де сыймайды.

Жамбыл — ақындықтан да жоғары тұрған құдыретті ұғым. Бірақ оны шын жүрегіңмен түсіну үшін жөргекке сіңді жәдігерлікке баланар қасиетті ұғымдар керек.

...Әке-шешеміз басқа жаққа қоныс аударып кеткенде біз кішкентай едік. Сол араға біраз жыл тұрақтап тұрып қалғанымызды ғана білеміз. Ауылдағы Ыбырайым деген аксасал дүниеден озғанда әкеміз өкімет малынан шыға алмай қап, шешеміз осы жолдарды жазып отырған пақырды өзімен ілестіріп ауылға алып келген болатын. Шақтаулы ғана ақыл-есі елу шақырымдық аралықтан қалай келіп, қалай қойғанын жадына тұтып үлгіре алмай қалыпты. Топырағы қоңырқай, өсімдіктері сұп-сұр өңірден гөрі маужырай мүлгіген талы, аспанмен таласқан зәулім теректері, көкорай шалғынға оранған айнала төңірегі, бәрі — ертегі дүниесіне еніп кеткендей әсерге бөлеп еді. Бір қимас, түсініксіз сезім жан-жүйенді шымырлата елбіретіп, сағынышты күйге бөлеп өтіп еді. «Мынау бәленшенің баласы ма, алда жарығым-ай!» деп еміреніп кеп бетімнен сүйіп, маңдайымнан құшырлана иіскеген әжелердің пейіл-ықыластары айдарымнан жел естіріп, одан сайын желпіндіре түскен еді. Әкемнің құрдастары-ау, шамасы, құшақтарына қысып тұрып: «ит не жесе соны

құсады екен ғой» деп қарқ-қарқ күлгендеріне дейін есімде.

Аттанар кезде тас жолға дейін шығарып салған Қази деген шешеміз қоршаулы қалың баққа қарай бастап алып жүрді. Жалпақ-жалпақ тас төселінген жалғыз аяқ жолдың екі жағы майыса бұралған аққайың. Делдиє-делдие тұрып қалған шырша. Солардың арасымен жүріп отырып ақ мәрмәрмен апталған зәулім күмбездің алдына келіп тоқтадық. Туасы мұндай сұмдықты көрмеген пақыр үшін бұл бір керемет еді. Екі әйелдің соңынан аузым аңқая ілесе беріппін. Өндері лезде құқыл тартып, бір сұмдық толқыныста ауыздарын тынымсыз жыбырлатып, жып-жылтыр қап-қара төрт бұрышты құлпытасқа бірі қартаң, бірі жасамыстау әйел алақандары құдды күйіп қалатындай ақырын еппен салып, біраз кідіріп қалады. Шешем көзінің астымен суық қарап: «Неғып ербиіп тұрсың, сен де біздің істегеніміздi қайтала!» дегенді қабағымен жасқап білдірді. Былай шыққан соң шешемнің шалғайына оратылып: «Апа, бұл не?»— деп сұрадым. «Тек, бұл не деме!» деп әуелі қатты жекіп тастады. Бір кезде біреу естіп қоймасын дегендей ақырын сыбырлап; «Ақсақал жарықтық жатыр» деп тіл қатты.

Үлкендердің сол бейіт басындағы тым тақуа әрекеттері күшті әсер еткені сонша «ақсақал жарықтық жатыр» деген бірауыз сөз

болымсыз қауашаққа сыймайтын бір тысқары құдыреттің барын хабардар еткендей төтенше күйге бөлеп өтіп еді. Одан бері жүз жыл болмаса да қырық жыл деген уақытың зулап өте шықты. Жамбыл мұражайын сол жолы аралап көрдік пе, көрмедік пе, есте жоқ. Содан көп ұзамай бір қызық жағдайды басымнан өткердім. Үйде ешкім жоқ еді. Тапайдың тал түсінде аяқ астынан қызуым көтеріліп, өзімнен-өзім сандырақтай бастағанымды ғана білемін. Талтайып тұра қалған Құлманбет домбырасын сабалап жіберіп, кезегін сазара күтіп отырған Жамбылға ежірейіп кеп қадалады. Жамбылға ара түскім кеп шыр-пырым шыға шырқырап жылап жібердім. Сол кезде құнжиыңқырап отырған Жамбыл қозғалақтап, басын бұлғандата өленін төпей жөнелді. Айғайлайын десем булығып даусым шықпайды. Сөйтіп аласұрып жатқанда біреу жұлқылағанға қарасам — үлкен ағам. «Не болды сонша жылап?» деп түксие қарап тұр. Алдында ғана мұрттай ұшып, түсініксіз ауырғандықтан ада-күде арылып, мең-зең бола мәңгіріп отырдым да қойдым. Бүгіндері сол жағдайды еске алған сайын ағам неге сол сәттің арасына түсіп, оятып жіберді екен деп өкінесің. Ақындық әруақ қонып, дарыса жари түсер едім деген емексігендік емес. Қиянаты мол мынау күнаһар заманда елес дүниесімен бетпе-бет кеп, оңаша ұшырасуды тағдырдың

самыстау бір әдебиетші ғалым. Неге олай екенін тағы өзі ашып айтпады.

«Өмірінің қайшылығы жөнінен Жамбыл қазақ ақындарының арасынан аса күрделі тұлға»— дейді мінез-құлқы мен іс-әрекеті бойынша әдеби ортаға сиымсыз саналатын ақындардың бірі. Талғам-танымы өзгешелеу қалыптасқан оның мұндай сөзінің астарынан керемет мағына іздеп емекситінің де рас.

Бастапқы сөз төркінінен Жамбылдың шыққан тегі мен өскен ортасын көрнеу олқы тұтатын ниет жатқанын аңдаймыз. Шу дегеннен тым қаражаяу көрінетін өлеңдерін және оған қоссақ, оның аты мен заты одан сайын ояз тарта бастайтыны хақ. Ал қайшылығына жүгінгендіктің сырында тоқсандағы қария кеңестік жүйені марапаттап, одашылдыққа ұрынғандығын мегзейтін пиғыл бой көрсетіп қалатынын байқаймыз. Ол турасында орныққан зиялы дұрыс пікірлермен қатар дертті ұғымдардың санаға батпандап кіріп, мысқылдап шықпай жатып алатыны жаман. Жамбылдың сөйтіп рухани болмысы көзқарастардың бітіспес қақтығысынан тұрады. Бір кезде есек мініп, ел кезіп тентіреп жүргені айып ретінде тағылып, бара-бара әлеуметтік кемсітушілікке дейін ұласты. Кездейсоқ бір жаман шалдың әуелі ауызға ілігіп, атының тарихта ардақталып қалуы ақылдарына сыймай әлек қылатын да сыңайлы. Содан да ол турасында

пәлелі-жалалы әңгімелерді өршітіп қана қоймай, оған деген мүсіркеушілік пиғылдарды туындата түсуге әуестік бар. Содан да Жамбылдың рухани кембағалдығын дәлелдеуге күш салушы қараулықтар әредік көзге шалынып қалады.

Билік құзырына құлдық ұрып тұруға бейім қазақтық ділімізге бір өңкей ақ немесе бір өңкей қара түсті көруге үйреткен большевиктік идеология келіп қосылған соң одан бетер жетекке ергіш, айтаққа еліккіш халыққа айнала түскенімізді несіне жасырамыз. Жамбылды қазақ қара сөзінің ұлығы Мұхтар Әуезов жақсы көрді екен деп былай жалт ете қалу да жарамас. Қазіргі ақсақал жазушы Сафуан Шаймерденов жек көреді екен деп олай сылаң етіп шыға келу де болмас. Өкінішке орай бұл бізде бар. Шығармашылық тұлғаны танып, бағалауда, керек десеңіз, басынан бақайшығына дейін ақсүйектік ғұрыпта тәрбиеленген Л. Н. Толстойдың да жаза басып, жаңылысқан тұстары жоқ емес. Біраз орыстың зиялы қауымы Толстой солай айтты екен деп біреуінен жеріп, келесісіне бүйрегі бұра қалмайды. Жамбылды зерттеуші ғалымдардың ғылыми-теориялық дайындығы көп жағдайда алпысыншы, тіпті, одан да арғы жылдардың деңгейінде қалып қойғандықтан қорытқан тұжырымдамалары бүгінгі шындыққа сәйкес келе бермейді. Кешегі бағалау мен бүгінгі ру-

хани құндылықтарға деген көзқарастардың арасында жер мен көктей айырмашылықтар пайда болды. Солай бола тұра Жамбыл жөнінде қалыптасқан ғылыми таным күні өтіп кеткен посткеңестік жүйеде қалса да өңін айналдырып жіберіп, бүгінгі тұғырнамаға ыңғайлап салуға тырысушылық бар. Мұндайдың ең жаман жері Жамбылды рухани қаңбақтық дәрежеге жеткізіп, күні кеше коммунистік мұраттарды жырлаудың бұлақ көзіне айналса, бүгін басқаша қалыпқа көшірудің амалдары қарастырылып бағады. Билеуші қоғамдық құрылысқа бұлайша иек артып, көзқарастарды сөрген қарай лезде құбылтып, лезде айнып шыға келгіш жарамсақтық Жамбыл әруағын әлі талайға жапа шектіріп, нақақтан-нақақ қиянатқа ұрындыра беретін сияқты. Жамбылға қызғыштай ара түсіп, өбектеп қорғаштаудың орнына ниеттестікпен түсініп қараудың өзі ұлттық мұраны саралай ұғынудың бір парасына жатады.

Жамбыл қайшылығы, тегінде, шығармашылық өмірбаянында. Өз уағындағы ауқатты жуандармен тиіп-қашып араласқан ол ұлы жиындар мен ақындық сайыстардың үстінде ғана саңлақтанып шыға келетін көрінеді. Қоғамның жоғарғы тобына қосылатындардың бір-бірін тең санайтын өзара демократиялық ахуалы өне бойы Жамбыл пайдасына шешіле бермеген. Рулық, тайпалық намыс қорғала-

тын тұстарда ғана ескеріліп, былайғы уақытта еленбей көптің бірі боп жүре беретін көрінеді. Сапарғали Бегалиннің Жамбылдың өз аузынан жазып алған естелігінен мынандай бір жағдайға назар салсақ та біраз сырды аңғарамыз. Құлманбетпен өткен атақты айтысының үстінде Құдайберген болыс бәйгіге тігілген ақшаны қалтасына салып ала: «Жамбыл жеңді» деп орнынан атып тұрады. «Жеңді деген атақ менікі болғанымен ақша аналардың қалтасында кетті»,— дегенді Жамбыл ащы мысқылмен есіне алатыны тегін емес. Бұл секілді жағдайлар демек оның ар-намысына тиіп, ішкі қорыну сезімімен жекпе-жек қалдырып, өзімен-өзі тайталасқа түсетіндіктің куәсіне жүреді. Жамбыл және қарабайыр тіршіліктің күнделікті ағысында шаруаға қыры жоқ, тұрмысқа икемсіз болғанын көзі қарақты адамдардың көбі растайтын.

Жамбылды місе тұтпаушылық пиғылды орнықтыруға әуес күштер оның акындығын Абайдың әруағымен бақталастырып бағады. Мұның ең әуелі еш ғылыми негізі жоқтығы өз алдына, мәдени категориялармен ойлау дәрежесіне көтеріле алмағандықтың себеп-салдары жатқанын да көреміз.

Кез-келген ұрпақтың арттағыға қалдыратын аталық өсиеті болады. Ал оны ақтау перзенттік парыз екені айтпаса да белгілі. Ендеше Жамбыл жөнінде дұрыс ғылыми түсінік

қалыптастырып, оның рухани мұрамыздан алатын орнын лайықтауға осы бастан күш сала кіріскеніміз абзал. Дей тұрғанмен, қазақ нәсілі үшін «жиырма екінші ғасырдың ортасында Жамбыл есімі атала ма, аталмай ма» деген сауалға тікелей жауап беруге көп ешкімнің тәуекелі жете бермейді. Жүз елу жылдан кейін қазақтың ұлттық бейнесі қалай қарай өзгеретіні де беймәлім. Сондықтан да ол сәуегейлікке барғызбас, ұрпақ алдындағы жауапкершілігі аса зор жүрексіндіретін жағдай. Оның өзі ұлттық ділімізді жапондықтарша мәңгілікке сақтап, ата-бабалық салт-сананы өміршендікпен жаңғыртып, жаңаша тұжырымдамаларды берік орнықтырудың беделіне тікелей байланысты да шара. Озық тұрған халықтар өткен ғасырларда жасалынған құндылықтарынан бүгінгі күнге сәйкестендіретін көкейкестілік іздеп әуреге түсіп жатпайды. Тек ұлттық құрметке бөлеп, қадірлеп-қастерлеудің қадесін ойластыруға оңтай тұратындық ұмтылысы байқалады. Бізге рухани тұрғыдан есеюдің осындай сатысынан өтудің кезегі тұруы да ықтимал. Сөйте тұра 150 жылдан кейін Жамбылға қандай орын, қандай құрмет лайық? Құндылықтарды бағалаудың жалпы адамзаттық қазіргі іс-тәжірибесін қарастыра зерделеген кезде ең әуелі көзқарастардың еркіндігі сақталады. Бүкіл әлемдік қауымдастыққа егемен ел ретінде қосылуымызға орай

бізде де өркениетті қадамдардың мол болу қажеттігі туындап отыр. Жамбыл тұлғасы біздің шығармашылық мүмкіндігімізді, яғни, қолма-қол суырып салушылық қабілетті таңсық көріп, тамашалайтындық тым аздық ететін секілді. Жамбыл біздің жыл санауымыздан бұрын VII ғасырда өмір сүрген Гомер сынды мәңгілік құбылыс. Аталмыш көне дүние өкілі уақыттың буалдыр сағымынан мұнартатын анық-қанығы беймәлім рухани аруақ сынды. Ғылыми-техникалық қарыштаудың алғашқы баспалдағында өмір сүрген Жамбылдың бір отырыста дәуірлік кезеңді жырлап бере алатын құдыретінің құпиясында әрқашан өзіне тартып тұратын магнит өрісінің қуаты бардай. Жамбыл өз ұрпағына фольклорлық сананы жеткізуші бір ғана қыры бар тұлға емес. Шығармашылық кәсіпқойлыққа тән өмірлік материалды іріктеп, сұрыптай алатын парасат иесі де. Жамбылды тұрақты зерттеп жүрген әуеской ғалымның бірі өз қарсыластарына қарағанда оның икемділік танытып, бейнені қолма-қол ашып кете беретіндігін айтады. Бұл да өзінше бір байқампаздық.

Ноғайбай мырза шіренген
Домбыра алған бұл кім?— деп,
Теріс көзбен қарады.
Танып тұрып танымай,
Екі көзі жеп барады.

Жамбыл реалист. Әлеуметтік жағынан өзінің кішік те, Ноғайбайдың асқақ екендігін де жасырмайды. Мысалға алынған жолдар және жайшылықта айтыла салса елемей өте беруге де болар еді. Бұл Сарбас ақынмен өткен айтыс үстінде баяндалған оқиға. Ақынның тап осы сәттегі шыншылдығы қазақ айтысының ғұрпынан бөлектеу. Бұл жерде ол Ноғайбайды кінәлап жатпастан оның жөнсіз тәкаппарлығын диалог арқылы ұтымды түрде ашады. Абыройының үстемдігін тоқмойын пайдаланатындығын «танып тұрып танымайтындығы» арқылы дәлдікпен бейнелей білген. Мұнда жамбылдық болмысқа жалпы пенделік осалдықтың сынасы емес, сызаты да түспеген. Оның жаратылысында тағдырына налып, өктемдікке кек сақтап, соның қарымтасын қайтаруға тырысатын ұсақтық та ұшыраспайды. Тегінде, мұндай қасиет үлкен суреткерлерден ғана кездеседі. Ал ол Жамбылға қайдан келіп жүр? Бұған нақты жауапты оның өмірбаянынан аламыз. Жамбылдың рухани қоймасы қазынаға толы. Сондықтан да ақындықтан басқа кәсіппен айналысуға құлықты емес еді. Қоңыртөбел тұрмысқа біржола көндігіп, билік жүргізуші топ пен ықпалды күштерге басыбайлы болмауға тырысып бақты. Талай-талай кезіккен сындардан сүрінбей өтуінің сыры да бөлекше. Әйтседе оны қазақы көнбістіктің айналасынан іздестіру жамбылдық қазына құ-

пиясына бір жақты үнілумен шектелгендік болар еді. Мінез-құлықтарының біртүрлі ожарлығы өз ортасына түсініксіз көрсетіп қана қоймай, қазіргі тілмен айтқанда қиын баланың есебіне тіркелгенге дейін жағдай асқынған сияқты. Үйлеріне алыстан бір топ қонақтар келгенде алдарына тартылған басты Жамбыл алып қашып кетіп, саздың ортасына апарып өзі жейтіні. Я болмаса, нағашы ағасы Қанадан қобызшының үйіне күй үйренуге бара жатып өзінен-өзі пора-порасы шыға аттан салып жылайтыны секілді тосын қылықтары, бәрі — шалық тигендікке ұқсайтын түсініксіз харакеттер еді. Орта жолда әлгі аттан салып шырқырап жылағанының себебін сұрағанда: «екі жағымнан екі арлан келіп талады» дейді екен өксігін баса алмай. Жамбылдың ақындық болмысы культтік сананың құрамдас бөліктерінен тұратынын көреміз. Алғашқы қауымдық құрылыс емес, бірақ ата-бабалық салт-сананың жаңғырық дабысының қуаты әлденеше мыңдаған жылдарды аралап Жамбылмен талықпай табысуы — феномен. Қазақта жалпы өнерді кие тұту бекзаттығы бар, әйтседе әрбір ұлттық жоралғыны жапондарша концептуалды дәрежеге көтеріп, әлемдік ауқымға айналдыру шаралары жетіспейді. Айталық, Жамбылдың ақындыққа бет бұрғанын ауыл-аймағы түгел білгенімен оны біржола орнықты деп әлі мойындай қоймайды. Себебі

оған Сүйінбай әлі батасын бере қойған жоқ еді. Мұндай рухани шараның қазақ үшін маңызы қазіргі мемлекеттік дәрежедегі басты құжаттардан бір мысқал кем соқпайтынын көреміз. Бұл орайдағы Сүйінбайға жүктелетін жауапкершілік өз алдына бөлек әңгіме. Ол ең бірінші өнердің киесі мен обалына жолықпауды ойлап, кім көрінгенге батасын бере бермейді. Баяғыда бас қосқан сайын ауыл қариялары: «Жәкең жарықтық кейінгіден ешкімге батасын бермей кетті»,— деп отыратын еді. Сол кездің өзінде балалық сана мұны өзімшілмікке жорымайтын. Онда мүлде басқаша сыр барын өзінше топшылайтын. Демек ол көптеген құпияны өзімен бірге ала кетті деген ұйғарымға еріксіз келе отырып, жәдігерлік мәні ұлттық жоралғыларға ретті жерінде айналып соғатындықтан әңгіменің желісін үзбей ары қарай жалғастыра берейік.

Жамбылдың тұрақты жырлайтын тақырыбы — бостандық сүйгіш ой-арман. Оны атабабалық аманат ретінде мүлтіксіз жеткізуге тырысты. Асып-төгіліп барып арнасына түсіп, ақындығы баяулай бастаған жасының ұлғайған кезінде тап келген Қазан төңкерісін ол елге жеткен жақсылық деп ұқты. Жамбылдың шығармашылық қасіреті ақыл-ойының кемелдеген шағында емес, ғұмыр мезгілі екіндіге қарай ауып, күні ұясына батып бара жатқанда басталды. Тоқсандағы қаудыраған шалдың

рухани қайта түлеудегі феномендік құбылысын тоталитарлық жүйе дер кезінде байқап, өз мүддесін күйттейтін бағытқа қарай бұрып жіберіп отырды. Жамбылды сол үшін кінәлау — білместік. Осы білместік алайда Жамбылға деген дұшпандықты күшейтіп, оны құбыжық қып көрсетуге деген құлшынысты күшейте түсті. Оның бүкіл шығармашылығына байыппен көз жүгіртіп қарасақ, ең әуелі мінезділік жатқанын аңғарамыз. Кеңес өкіметін марапаттап шығарған мыңдаған жолды өлеңдерін қадеге жаратпауға бейіл тұрған пиғылдарда сол баяғы білместік болса бір жөн ғой. Онда Жамбылдың ақындығын көрнеу елемеуге тырысатын қараулық та бар. Сүйікті жайлауы Майтөбемен оңаша отырып сырласқан сәттегі айта жөнелген өлеңінің құйылысындағы оқшаулыққа көз салып көрелікші.

Сүйінгендей нем бар ед?
Өзіндей биік шың бар ед.
Арғы бетің ызғар ед,
Бергі бетің мұң, зар ед.
Иығында бай, манап,
Бауырың толған құлдар ед.

Қанша таптық тұрғыдай айтылды деген күнде Жамбылдың шежіре көкірегі өмірдің біраз сырын білетініне сенесің. Қазақ өлеңінде бұрыннан бар монологтік сипатта шы-

ғарылса да мұндағы жамбылдық сана ағысы өмірдің бетінен әшейін қалқып өтпейді. Өзінің көкейінде жүрген түйткілді сауалдардың сабағынан ұстап, тамырын жұлқып-жұлқып тартып көреді.

Жамбылдың өз тақырыбына деген тұрақтылығы кейде кісіні ығыр қып жіберетін де сияқты. Әсіресе, айтыстарының бәрінде шу дегеннен-ақ батырлықты қалқан ғып ұстанып шыға келетіні бар. Ал бұл кейде әдіс-айласын әбден алдырып болған аңғал батырдың ақырында жауға сауыт-саймансыз жалаңаш шапқанымен бірдей. Нарықтық қатынасқа қарай біртіндеп көшіп бара жатқанымызға байланысты қазір ғой, бұрын сөкеттеу көрінетін бейтаныс құбылыстарға етіміз үйреніп, көндіге бастағанымыз. Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басында да жақсылық атаулының бәрі тұрмыстық игіліктермен өлшеніп, беймарал заман орнағандай көрінген. Ұлттың романтикалық азаттық сүйгіш сезіміне селкеу түсіп, тоғышарлық құйын үйіріп әкете бастаған кезде батырлықты қозғау аса асқақ естілмейтін дәрежеге жете бастаған сынайлы.

Өткенді айтып менменсіп,
Көтересің көңілінді.
Ол күндегі батырлар
Бәрі жерге көмілді,—

деген Досмағанбеттің Жамбылға айтқан уә-

жінен сол заманның шындығынан едәуір хабардар бола түсеміз. Ал Жамбылдың батырлыққа табан тіреп, соның төңірегін айналсоқтап шықпай қоюы қарсыластар үшін Дон-Кихоттыққа барабар жағдай еді. Жамбыл әйтседе шарасыздыққа ұрынып, ынғай сайқымазақ болып жүрді десек те қателесеміз. Мүлги бастаған батырлық сананы сергітіп, жаңғыртпақшы болған жамбылдық талпынысты көкірегі ояу, көзі ашық адамдар бағалай да, қолдай да білген. Соның арқасында бәсеке үнемі Жамбылдың пайдасына қарай шешіліп отырған. «Құлманбетпен айтысын еске алған сайын Жамбыл өзінен-өзі мырс етіп күліп қоятын еді»— дейтін Шаштай ақсақал. Жамбыл өз кезегінде елінің байлығын тізбелей төпелетіп соға бастағанда Құлманбет: «Шапырашты дегенің жойдасыз өтірікші болады екен ғой, қызталақ, сок, соға түс!»,— деп, таңырқаған сыңайда басын шайқап қана тынады екен.

Сыпатайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақамам бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып, алтын боз жасаған бар...

Құлманбетпен айтысын еске алу барысында Жамбылдың аузына көбіне осы жолдары түсетін көрінеді. Көзін бір нүктеге сүзілте қадап, қулана жымиып қойғандығы көз алдыннан елестеп өтетін-ақ тәрізді. Алайда бұл

жолдарды он қайтара оқысақ та құпиясына бойлай алмай әлек болатынымыз қалай? Дүниеден бұрыныракта көшкен ауылдың Қалық, Мәжен, Жұмағұл сынды қариялары да тап осы жолдарға үйірсектей беретін. Мұның сонда нендей керемет сыры бар? Жақсы мағынасындағы консерваторлық ағымның Құлманбеттей көрнекті өкіліне поэтикалық тұрғыдан өз уағының инфра құрылымын алғанына іштей сүйсінісі жатқан шығар, бәлкім. Жамбылдың қарсыласына қолданған ақындық тактикасы әлденеше қатпарлы болып келеді; о бастағы тұғырнамасы батырлық та, дәулетке сай әртүрлі кәсіпшілікті тілге тиек ете алады. Құлманбетке қарағанда Жамбыл көзқарасы анағұрлым ілгері, өз уағының инфра құрылымын алға тартуы сол заман үшін елеулі жаңалық та еді. Жоғарыда мысалға келтірілген жолдарда дей тұрғанмен жамбылдық утопияға ұқсайтын бірдеңе бар. Кейбіреулер Жамбыл айтысының көркемі де, көріктісі де Досмағанбетпен болған жекпе-жегі деп есептейді. Бұл Құлманбетпен айтысының драматизмін көпе-көрнеу ескермегендік.

Он тоғызыншы ғасырда қазақ айтыс өнері Жетісу өңіріне ойыса бастағанын кезінде М. Әуезов атап көрсеткен болатын. Әйтседе ол басқа сапаға көшкен еді. Оның ақынға жүктейтін рухани салмағы кәсіпқой боксшы-

лардың он екі раундтық жекпе-жегімен салыстырудың өзі аздық ететін сияқты. Сөз сайысы барысында өйткені жалғыз ғана ақындық шеберлік роль ойнамайды. Онда ойлау жүйесі, адамгершілік ұстанымдар секілді көптеген өлшемдер қатар ескеріледі. Тап бұл арада Жамбылдың өмірлік көзқарастары ұлттық этикадан алшақтамайды, ұстанған бағытынан және жаңылып та қоймайды. Қарсыластарына Асанқайғы, Бұхар жырау, Балта, Шөже, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ секілді есімдерді ынғай көлденең тартады. Бұл оның рухани парыздық ұғым географиясының бойлықтары мен ендіктері бүткіл қазақ жерін орап тұратынын көрсетеді. Айтыс ақындарының басқа бірде-бірінен мұндай қасиетті байқай алмайсың. Өзінің пірі санайтын Сүйінбайға кейде «ер» деген анықтаманы қоса кететіні бар. Онысы да тегін емес. Туыстас екі халықтың ақындары Сүйінбай мен Қатағанның айтысында Жамбылдың ұстазы қазақтың тарихи географиялық орналасу артықшылықтарын көрсетіп, мәнісін ашатын тұстар баршылық. Яғни, азиялық қалың бояуға Сүйінбай өркениеттік реңктерді түсіріп, томаға-тұйықтықта қалмаудың өзіндік жөн-жобасын ұсынады. Қазақты айнала қоршап жатқан көршілеріне дейін етене тұтып, атын атап, түсін түстейтіні міне, соның айғағы. Жамбыл да ұстазының идеясын іліп әкетіп, прагматик-

тіктен гөрі реформаторлыққа ден қойды. Жиырмасыншы ғасыр басындағы айтыс өнерінің ерекшеліктеріне бойлау үшін айталық, Құлманбет пен Жамбыл арасындағы сөз сайысының басталуынан нүктесіне дейінгі сәті шекспирлік драманың шешімінен тұратындай қуаты бар. Мұнда өз рының артықшылығын бетке ұстайтындық бір қарағанда, тым үйренішкіті үрдіс. Бірақ ой көзімен үңіліп, дендеңкірей түссең анау-мынау дейтін артық-ауыс қазымырлық сезілмейді. Шиыршық атқан драматизмнің шәргездеу сәттері ұлттық түсінушіліктің арқауынан ұстанған. Бөлшектенудің орта ғасырлық белгілері қанша шаң берсе де Жамбыл бәрібір жаңаша ойлай алатын толқынның өкілі екенін дәлелдейді.

Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайда.

Құлманбеттің байлық жөніндегі өлшемі осындай. Ал Жамбылдың көзқарасынан бүгінгі күнге үндесетін көкейкестілікті аңдауға болады.

Арғы шетін айтайын,
Қызылжар мен Семейден,
Мына шетін айтайын:
Ташкент пенен Наманған,
Әндіжан мен Марғұлан.
Ақша деген неменді
Қапқа салып алдырған.

Жігіттер бар жетілген
Орыс-казак ұжым боп
Тізе косып бекінген.

Өмірлік жағдаяттарды тап осылай байқау үшін ең әуелі оқыған-тоқыгандық, сонан соң ақыл-ойдың талдай алар . алғырлығы керек. Бүгінгі күннің биігінен карап, Жамбыл құдды: «ақша деген немені!»— деп миығынан күліп, бәрімізді кекетіп тұрған сияқтана береді.

Әлемдік философиялық ой козғалысынан бейхабар, өз заманының әрі элитарлық тобына толық сіңісіп кете алмаған, билікке араласып, казылық жасап көрмеген Жамбыл ақындық түйсігін тағдыры арқылы жетілдіруге тиіс болды. Ұлттық құнарда коспасыз есеюдің Жамбыл сирек көрінісі ғана емес, көне дәуірден басталатын ауызша айту үлгісінің ең соңғы тұяғы. Осынау тарихи ардақты міндетті оның өзі түгілі айналасындағы адамдар каншалықты сезінгені белгісіз. Бір кереметі оған әр оралған сайын бір жаналық ашуға болады. Көп жайларды шежіре көкірегіне тоқып боп, ішкі казылық шешім арқылы солардың ақ-карасын ажырату үшін оған әдейі тағдыр ұзақ ғұмыр сыйлағандай көрінетінін, тіпті, солай нақты қабылдай бастайтыныңды өзің де сезбей каласың. Казақтың ауызша шығармашылығын сынақ алаңынан өткізіп алу үшін

Жамбыл бейнесі арқылы жаңа дәуірмен беттесуінің себеп-сырын сондай заңдылыққа ұйғарсақ қателеспейтін сияқтымыз.

Жамбыл коммунистік идеологияның жаршысына айнала бастаған кезде ұлттың әйгілі қаһарман ұстындарының әруақтарына тіл тигізіп, бәрін жаппай қаралап шыға келді дегенге былай сене де алмайсың. Тоталитарлық жүйенің таңдауы әйтсе де Жамбылға тегіннен тегін түспеген. Тағдыры да, дарыны да іздесе таптырмайтын тұлғаның ең әуелі экзотикалық жағы қатты ескерілген. Діндәр де тақуа шалдың сауатсыздығы іздегенге сұраған боп шығып, ол арқылы большевиктік насихатты өрістете түсудің тәуір формасын таба білді. Рухани қуыршақтық күйге жеткенін Жамбылдың қаншалықты дәрежеде сезінгені турасындағы деректер жоқтың қасы. Қаншама феномендік құбылысқа саналса да Жамбылдың коммунистік идеологияға деген азан шақырушылық міндеттен шаршай бастағанын бірен-саран кісілер сырттан біреу құдды естіп қоятындай ақырын сыбырлап қана айтатын. Алғадайдың соғыста қаза тапқаны жөніндегі хабарды республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы өзі бас боп кеп естірткені белгілі. Жамбыл күйік үстінде ащы әңгімелерге барып бүкіл жүйеге тілін тигізген. Бас көсемді тіпті балағаттап та жіберген. Төрағаның қасына еріп келген кейбір орыс ағайындар секем алып

қалғандай боп: «Бұ кісі не деп жатыр?»— деп сұраған да көрінеді.

«Ұлым Отан үшін, ел үшін, Сталин үшін мерт болды, аты өшпейді»— дейді деп біреу сол арада аударып, дереу жуып-шайып жібергін. 1905 жылы туған перзентіне жүрегі дауалап барып Алғадай деп қойғанынан оның ұлтжандылық қасиетімен қоса романтиктігін де тануға болады. Жаудың басты батырларының әдіс-айласын алдын-ала біліп алу мақсатында сынақ айқасқа шығатындарды қазақ Алғадай деп атағаны жөнінде баспасөз беттерінде біраз жазылды. Коммунистік идеологияға деген Жамбыл альтруизмі ендеше жасанды. Қазақтың қалың қыртысты патриархалдық тұрмысынан шыққан адамның большевизмді жырлаған кезде бірден Маяковский немесе Сейфуллиннің дәрежесіне көтеріле қоюы мүмкін емес. Ұзақ ғұмырында әлденеше катаклизмдерді басынан өткеріп келген ол өмірінің соңына қарай үйіп-төгілген қамқорлықты субъективті тұрғыда қабылдады. Оны ең әуелі осы күнге дейін көрген азап-мехнатының өтеуі деп ойлады. Басына бақ қонады деген сенімге өмір бойына иек артып, қасиетті бабаларының әруақтары өзін қолдап, жебеп жүргендей сезініс тағдырдың сұрапыл сындарынан сүріндірмей алып шыққан сынайлы.

Ғылыми таным бүгінгі орасан биік өресін-

де тұрып, адамзат баласының сәбилік дәуіріндегі ой-киялға үйірсектей беретіні несі? Онда баурағыштық қандай керемет бар? Бұл сауалдарға әлемдік ғылыми ой тиянақты түрде әлденеше мәрте жауап берген де шығар. Әлеуметтік зердеміз серги түскен сайын ата салттық қабылдау мен түйсінудің қайнары лайланбай таза сақталып келгеніне өз ұлтының өкілі еместей біртүрлі жатырқай таныр-қайсың. Соншалықты түсініктіліктен тұратын о бастағы шығармашылық үрдіс ата-бабаларымыздың ақ-адал өсиеті, тірі рухани көзі. Ондай мұралар сөйтсе де көктегі тәнірдің ғана ығына жүріп, жер бетіндегі құпияның тілін түгел білетін құдырет иесіндей. Жамбыл қабылдауының ерекшелігін біз осы күнге дейін әбден заттанып, қатқылданып кеткен ақыл-ойымызбен мөлшерлеп қана түсінеміз. Жамбылға айналып соққан сайын жалпы ауызша шығару үлгісі таза шығыстық сүрлеудің соқпағынан жаңа кеңістікке шыға бастағанын байқаймыз. Сол кездегі қазақтың рухани әлемі өркениет дүниесінен сондайлық тысқары тұрса да ой танымы өмірге мұндайлық ілесе алатын алғырлық халықтар тарихында аса сирек кездесетін жағдай. Демек бізде Габриел Маркес құбылысының жаңғырығы жетпей жатқандай көрінуінің өзіндік зандылығы бардай. Қазақтың төлтума шығармашылығы әлемдік көркем ой өркениетіне

келер жолды Шығыстан да, Батыстан да іздеген кезде бір тәуірі жоққа шығарғыш нигилистік көзқарасқа да, космополиттікке де ұрынбай, ұлттық рухани ағзаны бөлшектенбес тұтастықта сақтады. Эпостық мұрамыздың телегей-теңіз молдығына қаныққан Горькийдің: «алтын сандықтың үстінде отыр екенсіздер ғой»— деуі бұл жерде тегін емес. Уақыт бәріне төреші. Кез-келген рухани шетін мәселеге өркениет тұрғысынан келмейінше әділеттілік орнына қоймайды. Бұл арада ұлттық көркем ой даралығын иемдену кезеңінің ұзақ сапарына үңілу үшін ғылыми назардың жітілігі керек. Сонау ерте заманнан бастау алатын өз аңыздарымыз бен ертегілерімізді, ауызша үлгідегі ақындар шығармашылығын темірқазық қып ұстануымыз шарт. Мұндайда әлбетте жамбылдық факторға ат басын бұрмай өте алмаймыз. «Жамбыл «Көроғлы» дастанын қатарынан 15 күн айтатын еді»— дейтін көне көз қариялар. Тап қазіргідей нарық заманында 15 күн тіпті ақылға сыймайтын жағдайдай көрінуі ықтимал. Мұншалықты уақыт жұртты тіршілік-харакеттен қалдырып, алдына иіріп ап жыр тыңдату үшін ең әуелі әлеуметтік кепілдік керек. Қазақ тұрмысының жайбасар ағысы бәрін көтеретін байсалды да байыпты. Ал осындайлық идиллияға орыстың дворяндарының да, француз маркиздерінің де, неміс барондарының да еркі жетпес еді.

Большевиктік тәртіп орнатушылар біздің халықтың көкірек көзінің тұнықтығы мен қабылдау тазалығын тап басып танып, өркениетке сақалынан сүйреп әкелгендей бұлдануына жақсы болу үшін Жамбыл секілді тұлғалар аса қажет еді. Эпостық санадан ажырамаған халқымыздың сәбилік аңғалдығын коммунистік жүйе ұтымды пайдалана білді. Әлгі 15 күн қатарынан тынбай жырлаудың 11 тәулігінде Жамбыл өзі баяндаған жағдайлар көз алдынан көлбеңдеп өте бастайтынын айтады екен. Жетінші, тоғызыншы емес, нақ он бірінші күні неге солай болатынын кім білсін, әйтеуір шалдардың айтысы солай. Поляк қаламгері Парандовскийдің жазушылық лабораторияларға үңіліп, суреткерлердің мінез-құлықтарын тереңдеп зерттеген кітабынан бұл сынды жайларды қисапсыз мол ұшырататының хақ.

Біздің ұлттық діліміздің өсіріп айтып, аңызға айналдырып жіберуге бейімдігі — Жамбылды әулие тұтып, культтік дәрежеге дейін асқақтатып әкететіні бар. Ел ішінде әсіресе оның көріпкелдігі хақында әңгімелер жетіп артылатын. Кезінде оны ғайбаттап қана тынбай, соңынан мұрасына шабуыл жасауға дәттері жеткен кейбір адамдардың ақырының жаман аяқталу мысалына жүгінушілік те басым еді. Көзі тірі кезінде ақтарылмаған есек-аян соңында қатып қалған ерекшелік ұғымдарда

ПРОГАЛЕНО

айналып тынды. Жамбыл тұлғасын қаралауға келгенде кейде диверсиялық қуатты астыртын насихат құралы жұмыс істейтіндей көрінетіні бар. Көзқарастардың оған деген кісі төзгісіздей қараулыққа ұласуының мәнісі бірғана кеңестік идеологияның дабылпаз жыршысы болғанында жатпаған сияқты. Абыройы аспандап әлемге танылып кеткеніне көрнеу іштарлық жасап, аққа күйе жаға салатын жауапсыздықтарда адамгершіл нұсқаның аздығын байқаймыз. Бірақ ондайлар өздерінің тектілік артықшылықтарын алға тартар бұлданыстарды жасауға қатты әуес. Бекзадалық рухани ақсүйек қалыптарының жанында Жамбыл құдды күйкі тұғырланып көрініп, сәндерін кетіретіндей оған тым астамшылықпен қарайтындар мұндайға өздерінің хақысы бар-жоғын тіпті ойлап жатпайды. Өйткені рухани мәртебелік салмақтары сезілмесе де төрелік жасап, үкім шығаруға бейім келеді. Жамбылдың есімі атала бастағанда-ақ бетауызы бырысып-тырыса қалатын бір үлкен кісінің сөзіне құлақ асып қарасаң, оның елге қиянаты өтіп кеткен көрінеді. Таң-тамаша қалған күйі «Қалайша?»— деп сұрақ қойдық. «Ойбай-ау, боздақтарды соғысқа аттан, Отан қорға» деп бәле жасаған жоқ па. Мына іргедегі ауданда туысқандарым тұрады. Бара қалсаң бітті, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Жағы талмай қақсай беретін құдай

Жамбылды да алмай қойды» деп бәрі шеттерінен зар еңірейтін». Алматыдағы бір үлкен жиында Жамбылдың өлең айтқан сәтін өз көзімен көрген екен. «Ары-бері шайқалып, бұлғақтаған ыңғайына қарай жығылған әдеби хатшысы тіпті арасында жата қалып та жазып алуға тырысыпты. Күңгір-күңгір көмескі үні естілмейді де. Соның ертесіне әлгі «Социалистік Қазақстан» газетінің бетіне табақтай өлең болып шыға келді»— дейді.

Бүкіл ұлттық менталитеттегі кейбір осалдықтарды Жамбылдың әруағына жауып шыға келген күнде ұтатын нәрсеміз бәрібір шамалы. Тоталитарлық жүйе біздің халықтың еркін түгел ескеріп, енді іске кірісе бастағанда бәрін кеп құдды Жамбыл кеп бүлдіргендей оған деген дұшпандықты қатайту әділетсіз болып шығады. Ұлттық қоғамдық ой толысып, кемелденбеген жағдайда талдап, таратушылық жағы олқы соғып жататыны мәлім. Сырттан танылған идеологияның құлдығына жекедара Жамбыл ғана жегілсе бір жөн. Бәленің бәрін тоқсаннан асып жүзге қараған аса қарт адам бастағандай жаланы түгел соның басына үйіп-төге беру жараспайтын қылық. Сол дәуірде Сталинді құдайдан да жоғары қойып, қазақтың өлеңге қоспаған ақыны кемде-кем. Осы бәсекеде, міне, Жамбылдың үздік шығып, бөлекше көзге түсуі керек десеңіз оның артықшылығын дәлелдей түседі. Тап осы та-

қылеттес ойды кезінде Ғафу Қайырбеков марқұм топ жиынның алдында айтқан болатын. Демек Жамбылға қай тұрғыдан келсек те әділетті шешімін табар, лайықты бағасын алар негіздің жатқанын көреміз. Сондықтан коммунистік насихат оның ой-сана жүйесінің омыртқасынан опырып, жұлынын шорт үзіп, бұдан былайғы ақындық жан толғанысына жасанды талшықтарды жалғап жіберді деген-ге илану да қиын. Өзіне деген қамқорлықты ол адал жүрек, аңғал ниетімен қабыл алды. Ажалды сағаты жеткенше ақындық жүрек соғысын тоқтатпай, ақыл-ойының шамшырағын салауатты шағындағы сияқты ақырына дейін сөндірмей өзін сергек ұстау — жамбылдық феномен. Адамзат баласының өнер тарихында жүз жасқа келгенге шейін азаматтық белсенділігінен айрылмаған адамды өте-мөте сирек кездестіретінің хақ. Тап мұндай рухани жарылысқа түрткі болған әлбетте Ұлы қазан төңкерісі, оған ретіне қарай тоқтала жатармыз. Дей тұрғанмен бұл қазақ шығармашылық ой жүйесіне тән ең басты ерекшелігіне сайсақ та қателеспейміз. Оның бастау көзі Бұқар жыраудан да тереңдеп кететін қариялық салт-сана ұлттық идеологиямыздың түп негізіне бара-бар жағдай. Қариялық рәсім бойынша тәрбиеленген Жамбылдың: «алжаспайтын ми берген» деп өз айтуынан да терең мән-мағына жатқанын аңғарамыз. Мұншалықты ұзақ жа-

саған адамда ақылынан шатасқан белгілер сезіліп пе еді, сезілмеп пе еді деп сұрастырып қараған уақытта оның көзін көріп, талай дәмдес-тұздас болған қариялардың көбі бірауыздан «жоқ» десіп жауап беретін. Жамбылдың қилы-қилы мінездерін әйтседе өзге емес, өз ауылдастары да түсінбей қаңқу сөз таратып жіберген жағдайлары да жоқ емес. Балалары бірде оны қолбарға отырғызып алып жақын маңдағы бір туысқанының үйіне қонаққа апара жатыпты. Жан-жағына қаранып, қулана жымиып алған ол: «Мынаның тәртесі де, аты да жоқ, ұшатын кілеммен қалқып бара жатқаннан саумын ба, осы»?— деп әзілдесе керек. Сол-ақ екен: «Жәкең жарықтық алжуға бет алыпты. Әй, жүзге таяған оңай деймісің»— деп мүсіркеушілік танытқандар шыға бастапты.

Беттен алып төске шаппайтын, үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпейтін ізгілікті нормалар бойынша өсіп қалыптасқан Жамбылдың адам танушылық қасиетін көз көргендердің бәрі ауыздарынан тастамай айта беретін еді. «Аксақал жарықтық тым әзілқой кісі еді,— дейді қазір тоқсан екі жастағы Әйнеке шешеміз. Амандасуға барғандармен жас демей, кәрі демей шетінен қалжыңдаса беретін. Мәскеуге барып келгеннен кейін ақсақал біздің үйге ат басын жиі-жиі бұра бастады,— деп Әйнеке әжеміз әңгімесін одан ары жалғастыр-

ды. Алдында біз еш күдік ала қойған жоқ едік. Бір күні есіктің алдына келіп: «Жылыстың қызы қайда, шақырындаршы»,— деді. Әпкемізге көңілі кетіп жүргенін бірден сезе қойдық. Әпкеміз де жоқ деп айтындар дегенді ым қағып білдіретін. Бірақ оған кейін өкімет араласты ма, болмаса балалары келіспеді ме, ол ниетінен әйтеуір қайтарды-ау, деймін».

Жамбылдың әйел жөніндегі талғамы француз немесе ағылшын корольдіктеріндегі аққу мойын, ұзын сирақ, ақ балтырлы сұлуларды қалайтындай болмаған шығар, әрине. Жасы ұлғайған адамның көзімен қарайтынын оған және қосыңыз. Оның әбден қартайып, қаудыраған кездегі ұнатқан әйелі өзімен салыстырып қарағанда анағұрлым жас екендігі айтпаса да түсінікті. Жүріс-тұрысы ширақ, ісіне мығым, сөзге шешен сол карт әйелдің бойынан Жамбыл кезінде қандайлық ерекше қасиеттерді тапты екен деп еріксіз ойға шоматының бар. Көзінің нұры өшіп, бетінің қызылы тайған кейуананың қараторы дөңгелек жүзінен бір кездегі жастық белгілерді ойша елестетіп көруге қанша тырыссақ та құлазулы қалпынан бір серпіліп қоймайтын. Өлім табиғи процесс екені әлімсақтан мәлім жай. Жарық дүниемен бірақ әркім әрқалай арыздасып жатады. Міне, сол шешеміз дүниеден өтер алдында жан баласына салмақ артпауға тырысыпты. Келін-кепшіктерінің бірінен әуе-

лі иіс су сұрап алып, үстіне ешкімді кіргізбестен жуынып-шайынып боп тотыдайын таранып отырып-ақ жүріп кете беріпті. Ауыл адамдары осы бір жағдайды біраз уақыт әңгіме ұштығына іліндіріп барып артынан лезде естерінен шығарып жіберген еді. Иә, өмірде бәрі де ұмытылады. Бірақ сол әйелдің бойынан мұндай таза тақуалықты Жамбыл қалай байқады екен деген ой ылғи иектеп, көкейден кетпей тұрып алатыны бар.

Жамбылдың қайта түлеушілік рухани құдыретінің құпиясын әр қилы мінез-құлқына үңілу арқылы табатынымыз хақ. Аталығын бұлдап, әсте тұлданбаған. Қартайып тозуын ұзақ уақыт мойындамай қасарысып баққан. Оның тегінде, жаңалық атаулыға елең қағып, елти жөнелетіндік ерекшелігі ақындығының өшпейтін қуат көзіне ұқсайды. Ондай қасиеті жалыны әлі қайтпаған адам өмірінің жастық шағына сәйкесе алады. ЧТЗ тракторы ауылға алғаш келіп, жер жырта бастағанда Жамбыл күрең жорғасына мініп кеп, тамашалап қараудан бір жалықпайтын көрінеді. Трактордың әсіресе дырылдағанын талмай қызықтап, күні бойы қасынан үйіріліп шықпай қойса керек. Аңызды жыртқанда бірге айнала беріп, айнала беріп, ақырында шаршап, қылжиып құлапты. Ел дастарқан басына жиналып, жайғаса отырған кезде де таңырқауы әлі басылмаған Жамбыл: «Ойпырмой, мына мақұлы-

ғың сұмдық екен ғой, өзі. Жүретін де өзі, жерді айдайтын да өзі, тағы нан деп қылқылдамайды, жем бер деп мөңіреп тіленбейді, не деген керемет»— деп әлсін-әлі қайталай беріпті.

Ғылыми-техникалық дамудың заңдылығын кеңестік жүйе өзінің елге жасаған жақсылығы ретінде ұқтыра білді. Асқан табысы ретінде халықты иландырып қана қоймай, соңына ілестірудің қуатты құралы тұрғысында ұтымдылықпен пайдаланды да. Сонысының өтеуін және қалтқысыз берілгендік арқылы өлшеп, өзінің атына деген мадақ-марапатты тойымсыз обырлықпен тілене түсті. Қуатты насихат құралы соған жаппай жұмыла жұмыс істеген соң иланудың тобырлық тұрғыдағы аса жаман белгілері белең ала бастады. Большевизмнің сұңғыла идеологиясы халықтың арасынан шыққан қарт ақынды бір жарылқай қояйын деп көңіл бөлген жоқ. Соның бейнесіндегі рухани жаңғырудың анығына келгенде жасаңғыраудың аса сирек кездесетін факторын өз мүддесіне қызмет еткізуге тырысты. Ал әлгіндей жүзге таяған адамның еліккештік қасиеті жасандылық атаулыдан ада. Халықтың ғасырлар бойына тірнектеп жинап, байи түскен тәрбиесінің шын мәніндегі зиялылыққа ұштасатын сәті сондықтан да Жамбыл болмысынан мол ұшырасады. Оның шығармашыл тұлғасына үңілген сайын оған көзің әрдайым жете түседі. Жамбыл жалпы жан ба-

ласын сыртынан ғайбаттамаған. Қандай жағдай болсын шындықты айтуға тырысқан. Сталинге тең таппай қиналған тұстарын тілге тиек етушілік үрдіс алайда өзінің кезендік мерзімін өтеуге тиіс.

Жамбылдың жұмбақ қырлары көп. Ұлықтық дәрежеге жетсе де өткен өмірінің қиын шақтарын ешқашан ұмытпаған. Менмендікті тағы әсте жақтырмаған. Өтірікке және ешқашан төзбеген. Жан баласына тіс жарып ашпаған құпиялары да мол болған сияқты. Төнірегіндегілер көбіне оның атын ғана малданған. Алғадайынан басқа ұлдарының бойында жігерсіздік барын да қапысыз таныған. Ауылда тұратын бір аталас замандасы: «Жәке, Алғадайды неге соғысқа жібермей алып қалмадыңыз, оған сіздің күшіңіз жететін еді ғой»— деп сұрапты. Сонда Жамбыл: «ол мені ұятқа қалдырмайтын болған соң жібердім ғой»— деп жауап беріпті. Ар-намыс пен ұятты, қарасаң, Жамбыл бәрінен де жоғары қойған. Сол жақсы көретін ұлы соғыста қаза тапқан кезде:

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
«Орынсыз деп өлімі»—
Ағат ойлау менде жоқ,—

дейді.

Тап осы жолдардан қазақтың қариялық

қасиеті соншалықты үлкен жүректілікке бара алатынын аңдаймыз. Өмірдің мәнін ұғынып, қастерлеу жөнінен біздің халық демек ешкімнен кем де, сорлы да емес. Жалпы адамзат баласы өлімге немқұрайды қарай алмайтыны хақ. Жамбыл тіпті жастау кезінің өзінде: «кірсе лебіз — шыкса жоқ, қауіп етіңдер өлімнен» деп айтқан ойы жоғарыда мысалға алған жолдарға мүлде кереғар. Қазақтың өлең шығарғыш үлгісі, яғни, құйылысы жарық дүниені сүйгіштік одаларға қоса, дүниенің жалғандығын терең ұғынған реквиімдерді шығарғыш та. Соншалықты күйік үстінде отырып, әйтсе де: «орынсыз деп өлімі ағат ойлау менде жоқ» деу Жамбылдың ұлттық адамгершіл нұсқадан айрылмағандығын көрсетеді.

Әрбір ұлы дарынға тән ерекшелік Жамбылды да айналып өтпеген. Жамбылға ұлылықты тіпті қимай, оның ақындық жұлдызы өз дәуірінде ғана жарқырап жанып, қазір қатардағы тарихи есімдерге айналды дейтін бейім тұратын бейілдер әрдайым байқалып қалатынын несіне жасырамыз. Бұл жерде де сол баяғы түсінбестік жатыр.

Жамбыл — ондаған ғасырлардың фольклорын жиырмасыншы ғасырға жеткізуші, көне дәуір мен жаңа заманның арасында тұрған рухани жәдігер. Ауызша шығарушы шығармашылық ойдың жиырмасыншы ғасырдағы нүктесін Жамбыл бейнесінде қойылуының өз-

інде ешқандай кездейсоқтық жоқ. Рухани жалғастықтың дәуірлік жүгін белі қайыспай көтерген ол өзіне жүктелген ұлы міндетті ақырына дейін адал атқарып, халқына аманаттап кетті.

БІЗ ЖАМБЫЛДЫ БІЛЕМІЗ БЕ?

Бір күні таң ертеңгісін оянған кезде — аты — дүниенің төрт бұрышын шарлап кеткенін Жамбыл бір-ақ біліп еді.

Оны басына қонған баққа балаған Жамбыл осы күніне жету үшін тоқсан жыл ғұмырын сарп еттім деп ойлады.

Егер Жамбыл Қазан төңкерісіне жетпей дүниеден көшкен болса да үлкен ақын ретінде бәрібір қазақ әдебиетінің тарихында қалар еді дейді бүгінгі дуалы ауыз кісінің бірі.

Иә, бәрі басында ақ ниет, ізгі тілектен басталатыны мәлім.

Жамбылдың социалистік құрылыс жаршысы болғанын біздер ғой, шығармашылық қасіретіне ойланбастан ұйғара саламыз.

Тағдырдың қатал талқысынан өтіп келген

Жамбылға осы күндердің бағасы тым қымбатқа түскенін ескере бермейміз.

Жамбыл жөнінде Мәриям Хакімжанованың жазған естелігінің бір тұсынан: «Жәкеңнің жанашыры да, ақылшысы да, қамқоры да, ең жақын досы да Ораз Жандосов»... деген жолға көзіңіз түседі. Шыдамыңыз жетіп ары қарай оқи бастасаңыз: «Өнерпаздар слетіне қатынасар алдында Жәкеңе лайықты киім тігетін қазақтың шебер әйелдерін іздеп, Фатима апайға (Жандосовтың әйелі) еріп, сабылғаным әлі күнге дейін есімде. Ақыры екі шебер әйелді тауып, үйге алып келдік. Содан кейін Орекең (Жандосов) Жәкеңнің бар киімін су жаңадан тіккізді»,— деген жеріне келгенде кішкене тыныс алғың келеді. Құдайшалығын айтып, егер ағымыздан жарылар болсақ, Жамбылға бұлай қызмет істеуге туған балаларының шоласы келмей кеткен секілді.

Жамбыл өзін адамның жаманына қорынбастан қосып, сол ескі киімдерін буыншақтуыншақ қып ауылға ала кеткен екен.

Аязбиден алған тағлым осындай-ақ болар. Содан қайтып ескі киімдерін киген жоқ еді ол.

Ұзақ өмір сүру мәселесін зерттейтін ғалымдардың бірі: адамға жүз жасаудың өзі ерлік деген екен. Қаудырап қанша қартайып отырса да үлкендік айбынынан айрылмау да өнер. Жамбыл болмысынан көрінетін бірқан-

ша ерекшеліктерінің арасынан ажал сағаты соққанша ақыл-ойын тұнық сақтағандығын жатқызуға болады. Ұл Алғадай соғыста қаза тапқанын естірткеннен кейін Жамбыл кәрілікке қарай мойын сұна бастапты. Жамбылдың және бір ұлы Ізтілеудің өмірде болған-болмағаны жөнінде жұрттың көп еске ала бермейтіні бір жағы ойлантатын жағдай. Бәлкім мұнда нәзік әңгімені ақтарып, қоясын қазбауға тырысатын пиғыл жатқан шығар. Алғадай жалпы қандай адам болған дегенді көзкөрген кісілерден сұрастыру барысында бәлендей алып бара жатқан артықшылығы жоқтығын байқаймыз. Қара жұмысқа араласып, арба да айдаған, шөп те шапқан. «Әке балаға сыншы» дегенге сөйтсе де құлақ асып қарасақ:

Алғадайым арлы едің
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің
Көңілімді қимаған,—

деген жолдардан жүрегің шым ете түсетін секілді. Демек Жамбыл кісілікті бағалауда халық өлшемін берік ұстанған. Халық өлшемі ар-намыс пен ұятты әрқашан жоғары қойған. Еңбек ет, мал тап, игілікке кенел деген өміршең талаптардан да асқақ тұрған осынау Жамбыл мысалы бүгінгі әлеуметтік жағдаяттағы кейбір белең ала бастаған сенімсіздіктерді сейілтіп жіберетін қуатты әсері бардай.

1932 жылдың елең-алаңынан былай қарай тоқшылық орнағанға дейінгі аралықта Жамбылдың әлгі есек мінгені оның беделіне нұқсан келтіретін басты айыптардың бірінен саналады. Бала-шағасын қырып алмай аман алып қалғаны ондайда ескерілмейді. Қырғызқазаққа бірдей атының мәлімдігі арқасында есіктен кіріп төрге бір-ақ озатындығының бұған елеулі септігі тиген. Мұншалықты алапат сындардан тоқсанға қараған аса қарт кісінің көкірек көзі бітеліп, пиғыл-ниеті бұзылмастан адамгершіл нұсқадан айрылмай тұтастықта шығу төркінінде ұлт ділінің өмірге берік орныққандығын көреміз.

Жамбылдың соңғы әйелінен туған ұлдарының ішінде Ізтілеу жөнінде бұрынырақ кезде алып-қашты әңгіме баршылық еді. Әке абыройына мастанушылық кейбіреулерге тізесін батырып жібергенге дейін асқынған сияқты. Ізтілеудің үстінен шағым айтып, мұңын шаға келген ағайындарға Жамбыл ұзақ уақыт үн-түнсіз сазарып отырып қалатын көрінеді. Бір кезде барып қана: «Оған бір қара көрінейін деп жүрген ғой» деп күйзеле үн қатады екен. Ғали Орманов жазған күнделіктің бір тұсында: Жамбыл Ізтілеуге: «Сен тұрмақ мен де қатын алайын деп жүрмін»,— деп әзілге шаптыра зілін білдіретіні бар. Бұл баласының масылдық пиғылын көрнеу жақтырмағандығына ұқсайды. Алғадай болса әкесінің

атақ-абыройын малданбаған. Жолдас-жора арасында кәдуілгі қалпын сақтап, өзгеріп қоймаған. «Алғадайым арлы едің» деген әке сөзінде ендеше көп сыр жатыр. Адамды сынаған кезде қазақтың жылқымен салғастырып қарайтын ежелгі әдеті бар. Ат сынынан ендеше Жамбыл да құр алақан қалмаған. Оның өз ұлдарынан бастап айнала төңірегіндегі ағайындарының бәрін дерлік сын елегінен өткізген кезде Жамбыл бір кереметі ешқайсысынан жаза баспаған.

Алғадайдың өлімінен кейін-ақ оңалмаған Жамбыл жиі-жиі жатып қала беретін болты. Жата-жата жамбасы тесілетін болған соң көзін тарс байлатып ап басын салбырата үнтүнсіз мүлгіп отыратын көрінеді. Оған жұрт қашанғы өбектей бермек. Бір уақ өзді-өзімен сыбырласып әңгіме соғып, ара-арасында әзілоспақ айтысып, дарақылау күлкінің тығыны ағытылып кететін де сияқты. Бозымбек деген жақын туысының ай-күніне жетіп отырған әйелі байқаусызда Жамбылдың алдын кесіп өтіп, қарсысындағы біреуге барып темекісін тұтатса керек. Ештеңемен ісі жоқ мүлгіп отырғандай көрінген Жамбыл сол кезде:

— Әй,— көргені жоқ кесір сайлаған бір қатын қазір менің алдымнан өтіп кетті ғой,— деп қатты дауыстап жіберіпті.

Өлім тықыры таянған сайын еш беймазалыққа ұрынбаған Жамбыл сабырлы қалпын

сақтапты. Яғни, осалдық атаулының бірін де көрсетпеген. «Жасың жүзге келіп, басың жерге жетіп тұрса да жан тәтті екен» деген көлгірлікке келетін лебіз оның аузынан шықпаған екен қарасақ. Жамбыл болмысындағы осы тақылеттес кесектікті зерттеуші ғалым я әдебиетші емес, қатардағы қарапайым адамның бірінші болып байқағанына таңырқамаска шаран жоқ. Ол мұны өмірлік тәжірибе арқылы қорытқан шығар. Сондықтан бұл секілді мәселеге аялдамай желдіртіп өте шығуға болар еді. Бірақ тап осы секілді мінез-құлықтар қазақ шалдарының көбінің бойынан табылатыны жадында біртіндеп жаңғыра бастайды: «Біз айтқан сертінде тұрып, берген уәдесін мүлтіксіз орындайтын Америка үнділеріне қатты келеміз» деп еді бір ғалым қызу пікірталастың үстінде. «Біздің трагедиямыздың өзі айналып келгенде сонда жатыр» деп еді оған тағы қосымша үстемелей түсіп. Бәлежаланың бәрін қазір кеңестік империяға жауып шыға келу дағдыға айнала бастағанын несіне жасырамыз. Бақсақ, біз қазақ халқы Европалық мәдениет-жұрнағын орыстың таза ақсүйек ғұрпынан емес, көбіне қоныс аударып келген олардың мұжықтарынан, баса-көктеп жаулап алушы зорлықшы қазақтарынан алған екенбіз. «Менің өмірім» дастанындағы Жамбылдың Степан деп барғаны Степан емес, бәлкім Владимир шығар? Орыстың әкесі мен

баласының аты-жөндерін шатастырып айта беруді қазақ ешқашан ар санамаған. Тоқсандағы қария әйтседе аты шығып, еленгенге дейінгі аралықта кеңес идеологиясының қуатты серпінмен кең ауқымда жүргізілген насихатынан сырт қалуы мүмкін бе еді?

Орыс жұртының жекелеген өкілімен о баста-ақ тамырлық қатынаста болған адам томаға-тұйық өмір сүруі мүмкін емес еді. Ол қәсіпқойлық ақындыққа неғұрлым ден қойған сайын дәреже мен лауазым иелерінің алдында соғұрлым тәуелді болуына тура келді. Олардың дегенімен санаспаған жағдайда тиесілі әлеуметтік кепілдіктерден айрылып, игі жақсы саналатын топтың арасына кіру мүмкіншілігі мейлінше азая түсер еді. Алдында тұрған мұндай таңдауды Жамбыл жақсы түсінген.

Бай есіркеп бермейді,
Айтқаныма улайды.
Қайтармасаң бодауын
Тағы артынан тулайды.
Айтпасыма болмайды,
Қылығы ішке сыймайды.

Мұншалықты ағынан жарылу сәтін он тоғызыншы ғасыр аяғындағы қазақ суырып салма ақындық өнерінің бірде-бір өкілінен кезіктіре алмасыңызға бәс тігуге болады. Ар-намыс пен ынсап-ұятты жоғалту бұл жерде мас-

қара, әлеуметтік әділетсіздіктерге көз жұмып қойып қарап отыру да жарамсыз. «Байлардан саған мынау кедей жақын» деп бір өлеңші замандасына Жамбыл өзінің өмірлік тәжірибесін бөлісуге дайын ағалық үлкендігін байқатады. Жамбыл болмысын жалпы тану мәселесінде көп деректер мәлім екендігі аян. Әйтседе Жамбылға деген коньюктурашылдық пиғыл мен көзқарастардың басымдығының кесірінен оны түсінуге деген ұмтылыстың бәсең жататынын ескере бермейді екенбіз. 150 жылдық мерекесінің дақпыртына бола оны қайтадан оқып шыққан осы күнгі ауызға ілігіп жүрген бір ақын: «Жамбыл өзінің өмірбаянын өлеңмен айтып кеткен екен ғой»,— деп таң-тамаша болады. Жамбыл тұлғасына әркім өзінше кеп қараса осылайша жаңа қырын ашатынына әйтеуір шүкіршілік етесің.

Қазір ауылдағы көне көз Әйнеке әжеміз 92 жаста. «Ақсақалдың ырысы сырттан бұйырған кісі еді»,— дейді бір сөзінде. Тіршілікке икемі жоқ оған ауылдастарының көп қарайласқанын да аңдаймыз. Өйткені өлеңнен өзге кәсіппен шұғылданып көрмеген адамға тұрмыс тауқыметін шешу оңайға соқпаған. Демек «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» деп ақындық кәсіпқойлықты қатаң сипаттаған Абай айыптауының төркінінен Жамбыл да онша ұзай қоймаған. «Сөз айттым әзірет Әлі айдаһарсыз, мұнда жоқ «алтын иек сары

ала қыз» деп Абай жанрлық жұтандық пен айнымас дәстүршілдікті оңдырмай түйреп өтеді. «Қәрілікті жамандап өлім тілеп, болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз» деп ақсақалдық ғұрыпқа иек артатынын ескерте кетуді тағы ұмытпайды. Дей тұрсақ та Абай қазақтың ақындық кәсіпқойлығына европцентристік астамшыл көзқарас тұрғысынан қараған сияқтана береді. Бізде ешбір мемлекеттік институттар қалыптаспағанымен өнерді рухани тұрғыдан бағалау мен оның құнын белгілеуде өркениеттік түйсік болғанын байқаймыз. Бүгүнгі нарықтық қатынастың тілімен айтқанда, өнерді бағалаудың құнын қазақ өзінше шешіп, өтемін қайтарудың жолын өзінше тапқандай. Дәстүршілдікті тастаудың сара жолын салған Абайдың рухани биігіне көтерілу басқа қазақтың мандайына жазыла қоймаған несібе. Өнердегі өркениеттікті ал Жамбыл әлгі қазақы түйсік бойынша қабылдаған. Ол ең әуелі тоғышарлықтан бойын аулақ салған. Ұлттың жадынан шығып кетпеуге тиіс ерлік тақырыпты жырлаудың өз соқпағын жасауға тырысты. Егер ол европалық білім алған болса өзінің «Соғыс және бейбітшілігін» жазуға қарымы еркін жетер еді деп ойлайсың мұндайда.

Жамбыл сынды біртуар таланттың біртүрлі жаратылысы игі жақсыларды ылғи сақтандырып отырған. Ел ағаларының өнер иелері-

не деген көзқарасында өтімді тауар ретінде қарайтын пиғыл басым жатқанға ұқсайды. «Ақын болмай арсыз болмайсың» деген уәж қазақ атымен айтылса да ол ұлттық өлшемге келмейтін тәрізді. Қазақ ақындығының халахуалын сипаттағанда Абай ашынысына бір жағы түсіністікпен қарауымыз керек. Өлеңді кие тұтпаудың кесірінен өлеңді Оспанхан Әубәкіровше айтқанда, тұрмыстық қызмет еткізу саласы тәрізді пайдаланудың коньюктурашылдығы пайда болған. Бұл секілді ақындықтың ежелден бар жаман ырымы сүлдесін сүйретіп бүгінгі таңға жеткендігіне қарап, оның тым итжанды екеніне жүгіне түсесің.

Жамбылдың қазақ өлеңіне сіңірген еңбегі өлшеусіз. Орыс я Батыс зиялыларының оған әлсін әлі таңырқап: «Жамбылдың басында сонда миллион жол ұйқас болғаны ма?!» деп таңдай қағуларының өзі тегін емес. Европа өкілдерінің осы бір лебіздерін кез-келген делитант қолдана беріп, ақырында маңызын кетіріп тынды. Қазақ өнеріне кез-келген шенеуік төрлікті дүмбілездеу жасай беретіні бар. Оны мейлі әркімнің өз ұяты білсін делік. Жамбыл қоймасындағы қазынаның мөлшерін дегенмен басқа жұрттың білгірлері дәл анықтамасын бергеніне тәнті бола түсесің. Ол қаншалықты салыстырмалы түрде алынса да Жамбылдың ақындығына келгенде әлгі мил-

лион көрсеткіш сан телегей-теңіздің баламасына жүре алатын сарындарына жүгінбеске амалың қалмайды. Тап мұнда тұрған бірақ бәлендей күрделі түйін жоқ. Тек бағалаудың көрсеткіш сипатымен нақты беттескендей әсер алатынымыз бар.

Әңгіме барысында әредік ақиқатқа жүгініп қою да парыз. Күнәһарлық қылмысқа толы ғасырда ғұмырыңның жартысынан астамын өткізсең де оллаһи-білләһи тазамын деп ант-су ішу де жараспайтын қылық. Өткен дүние өзіңнен тым алыстап кеткендей беймәлім түсініксіздеу көрінуі ықтимал. Қенет әкеңнің әкесінің табаны тиген жерді міне енді сен де басып тұрсың деген нақты ұғымға бас тіреген кезде өгейлік сезімнен біртіндеп арылып, атабаба есімдерін түгел көкірегіңнен көктей жаңғыртып өткізеді екенсің. Өзіңнің сөйтіп бәріне қатыстылығың барын тәубе еткендей біртүрлі момақан күйге түсе бастайсың. Неге? Өткенге өйткені өзімшілдік жүрмейді. Сондықтан Жамбыл жанасқысы келген кезіндегі игі жақсылардың бәрі шетінен бітеукөкірек көрбілте жандар болған еді десек шындыққа жабылған жала. Жетісу өңіріне аты кеңінен мәлім Сарыбай би Жамбылдың ең басты жарылқаушысы болған. «Күн көрісің менен, ақындығың өзіңнен болсын» деп Жамбылға әзілдейтін көрінеді. Сапарғали Бегалиннің Жамбыл жөнінде жазған деректі шығармасының

«Жұлдыз» журналында жарияланған толық нұсқасындағы баяндалған оқиғалардың көбін қаршадайымыздан құлаққа сіңдіріп өскеніміз рас еді. Қағазға түскен нәрсенің бір кереметі барына осы жазбаларды оқып отырып көзің жете түсетін секілді. Құлаққа сіңісті осынау жайлар өлке тарихының негізгі бір кезеңдік тіні екенін дер уағында ескере алмағаныңа қатты өкінесің. Колпаковскийдің сеніміне кіруінің арқасында Сарыбай тоз-тозы шығып, жан-жаққа бытырап босып кеткен елінің басын құрап, қонысқа дейін әперген екен. Сарыбай қызметіне құлағымыз қанша қанық болып өссе де, оны жалаң төс батырға баламайтынбыз. Балалық түйсік арқылы ақыл-парасаты зор көшелі адамға ұйғаратынбыз. Тек шешелеріміздің оның атын тергеп: «шикіл кісі» дейтіндері Сарыбай құдды XIX ғасырда дүниеден өтпеген арамызда әлі тірі жүргендей әсерге бөлейтін еді. Сұраншы батырдың үзеңгілес серігі ғана емес, ақылшы айбыны да болғанға ұқсайды. Сапарғали Бегалиннің жинаған деректеріне сүйенетін болсақ Сарыбай өзінің беделін орнықтырудан пісіміләсында орыстарға арқа сүйеуден бастамаған. Жергілікті жерлердің ықпалды күштерінің әуелі назарына түсуді ойластырған, көңілінен шығып, тілін табуда табандылық танытқан. Соның арқасында Тезек төренің жиынына қатысқан көрінеді. Сарыбай демек Сұраншыға қосыл-

мастан бұрын-ақ елге әжептәуір танылып, қайраткерлік дәрежеге көтеріліп қалған сынайлы. Қоқандықтармен соғыста Сұраншы батыр қаза тауып, Сарыбай мертіккен. «Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан» деп Құлманбет айтқан жай тарихи ақиқат. Өз руының кембағалдық жағдайына қатты ашынған Сарыбай елін қатарға қосудың қамын жанжақты қарастыра білген байсалды ақыл иесі екен. Бұрыннан екейге тізелерін батырып үйреніп қалған ру басыларымен иық тірестіруге жарай бастаған Сарыбай соңына қарай өз дегенін өткізетін дәрежеге жеткен екен. «У ішсең руыңмен» деген қағидадан Сарыбайдың оншалықты биік тұра алмауы да оңа емес тәрізді. Өйткені өне бойына есесі кете берген елінің кегін қайтарудың көзсіз өшпенділігіне ермесе де, әлеуметтік орнын айқындап алу үшін жанталасып баққан. Мұқтар Әуезовтың «Абай жолындағы» рулық, тайпалық қанға сіңді қазақтық драматизмге толы аса күрделі жағдайларға ұқсайтын оқиғалар мұнда да болған сияқты. Өйткені Сарыбай Сайрамдағы соғыстан жараланып қайтқан кезде Сұраншының қызыл жолбарысы сонынан қалмай ілесіп жүріп беріпті деген аңыз біраз нәрсені аңғарта түседі. Ата қонысқа жақындаған кезде қызыл жолбарысты Сарыбайдан айырып алудың амалын жасап, қан шығарып мал сойып қанша бәйек болып күтсе де жаңа-

дан табысқан иесінен ажырамай қойыпты деседі. «Біздің қызыр енді екейге қарай кетті» деп аһһұра өкінген бір көріпкел кісі қызыл жолбарысты көзімен ұзатып салғаннан басқа амалы қалмапты. Сол қызыл жолбарыс кейін Сарыбайдан Жамбылға ауысқан деген сөз бар.

Социологиялық ғылым қалыптаспаған жерде көзқарас жүйесін анықтауға деген ұмтылыс болмайтыны белгілі. Коммунистік жүйе мен оның күн көсемдерін тоқтаусыз жырға қосқандай көрінетін ақынның Сарыбайға деген құрметін қариялар айтып тауса алмайтын еді. Таптық санада сіресіп қалыптасқан біз Жамбылдың мұндай қылығын қараңғылыққа жоритын да қоятынбыз. Оған және шалдардың өсіріп айтып, аңызға айналдырып жіберуге бейімдігі қосымша боп, бәрі ертегідей қабылданатын. Жамбылдың Сарыбай дәуірінен қозғайтын әңгімелері көбіне шындықтан ауытқымайтын көрінеді. Шалдардың Сарыбайды культтік дәрежеге апару сарыны басым түсіп жататын. Жамбыл да Сарыбай турасында: «Пара алуды білмей кеткен кісі еді» дейді екен. Әйтсе де оның өзіндік жасаған көркемдік екшеуінде, айталық, «Сұраншы батыр» жырының ұзына бойында Сарыбай есімі кезіге қоймайды. Сарыбайдың қайраткерлік қызметінен саясаткер, мәмлегерлік пен елшілік айрықша орын алған сияқты. Демек ол

Сұраншы батырдың басты идеологы болған. Сарыбайдың қызыл жолбарысы өңіндегі тікелей тотемдік сананың әңгімесі екейдің ел боп орнығып, санатқа іліге бастауға елеулі қызмет еткен сыңайлы. Жамбыл бірақ қызыл жолбарыс жөніндегі әңгімені сыртқа көп жая бермеген.

Сайрамдағы соғыстан Сарыбай құр қол қайтпай бір өзбек қызын жар етіп қайтады. Бұрынырақта шешелеріміз «сарт енеміз» деп атын тергеп отыратын. Сол өзбек әжемізден туған Қисыбайды құрдастары «сарт» деп әзілдейтін көрінеді. Сүйінбай ағайын-жұртымен араздасар шағында «асылдың шашыраған бұтағы еді» деп сәлем жолдаған сол Қисыбай өмірінің көбін қоғамдық іске бағыштаған екен. Жетісу қазақтарының тілімен айтқанда ұзақ жылдар ел сұраған. Әкесі Сарыбайдың Жамбылды көп жатырқай қоймайтынын жақсы білген ол дәурені жүріп тұрғанда ақынды сыртқа тебе қоймапты. Қәмпескенің алдындаақ ел ішін үрей жайлап, өзінен-өзі құты қашып, апшысы қуырыла бастаса керек. Жамбылдың да жиған-терген біраз малын өкімет алып қойып, астында ыңыршағы шыққан боз аты қалыпты. Қисыбайдың үйінің іргесіне кеп атынан түсіп жатқанда бұрынғы болыстың бір жарамсақтау өрен-жараны: «Бұ жарықтық майлығы мен шайлығын ажыратып алатын баяғы заман деп жүр ме екен» деп мұқатса

керек. «Жігіттер, өй демендер, біздің дәурен осымен біткен шығар. Ал мұның даңқы алысқа кетіп, жарты дүниені әлі аузына қаратады» деп өзінің Жамбыл туралы түнде көрген түсін сол замат жорып беріпті. Бұл түсті қасындағылар сонда қалай қабылдап, сол сәтте олардың не дегендерін кім білсін. Қазір тоқсан екі жастағы Әйнеке сол жылдардағы қасіреттің тірі куәгері. Міне, сол әжеміздің аузынан төбе шашың тік тұратындай сұмдық жағдайларды естисің. Сол Қисыбай қайтыс болып, денесін жерге тапсырып қайтып келе жатқан бір топ арасында Жамбылдың жақындау туысы болып келетін жақсы санатындағы Ноғайбай да бар екен. Қасындағыларға қарата: «Осы келе жатқан бәрің бәйбішенің баласысындар, мен өлгенде қайткенде мына сарттан оздырып шығарындар» депті. Әбубай деген баласы сол замат: «Қайдағыны айтып құдай алдында күпіршілікке қалмаңыз әке. Заманның беталысы мынау, әлдеқайтер екенбіз деп одан да түбіңізді сұрамайсыз ба!»— деп шап ете түсіпті. Сұрапыл күйзелістің сәл алдындағы өлікті жөнелтудің жұпыны жаман ырымы Ноғайбай атамыздың көңіліне бәлкім сыймаған да шығар. Ашаршылық жылдары әлгі кісі ауыл кеңесінің жанындағы кірпіш құйылғаннан қалған жарды жағалап барып жан тапсырыпты. Сол жылдары көмілмей қалған жалғыз Ноғайбай емес еді.

Әлеуметтік жағдайлар қағынып ұшынған заманда адамдарды үрейлі түйсік иектеп, қорқынышты елестер көлбеңдей беретін көрінеді. Меккеге барып қажы атанған Дәулетбақ деген кісі бір отырыстың үстінде: «Күшікбай екеумізге топырақ осы арадан бұйырды, ал Жылқыбайдың топырағы алысқа түсті» деген екен. Ұзамай сол кісінің айтқаны келіпті. Аса ірі бай Жылқыбайдың малын зорлықпен тартып алып, өзін қатын бала-шағасымен Оралға жер аударып жібереді. Сол араға барған соң отағасы көз жұмады. Зорлық пен зомбылықтың кесірінен ашаршылық алдында-ақ көп отсының ойраны шығып, шаңырақтары ортасына түседі. Міне, соның бәрін өз көзімен көрген Жамбыл әлеуметтік жағынан галлюцинациялық жағдайды басынан өткереді. Сол кезде Жандосовқа бағыштап айтқан бір ауыз өлеңінің уыты тым күшті екенін сезесің. Әпербақан белсенділердің шектен шыққан істерін көргенде: «Жерден Мұса шыққан жоқ, көктен Айса түскен жоқ»— деп аң-таң қалатын жан толқынысына түсіністікпен қарағың келеді. Өйткені дәмдес-тұздас болған көптеген аяулы адамдарынан өлісінен өлідей, тірісінен тірідей айрыла бастау қарт адамға аса оңай соқпаған.

Кәмпескелеу уақытының трагедиясын қазіргі өтпелі кезеңнің жекешелендіру жағдайының кері ұқсастықтарымен салыстырып қарар

болсақ, ешқандай айырмашылықтар жоқтығына көзің жете түсіп, өзіңнен өзіңе шошынып кететінің бар. Онда да рухани мәртебенің бірі де есепке алынбаған. Әркімді тағдырдың тәлкегіне бетімен жіберу — Орта ғасыр заманындағы бірін-бірі жіппен жалғап ап тентіреп күнін кешкен европалық соқыр кезбелердің халімен елестетіп көрсек те жеткілікті. Ендеше сексеннен асып тоқсанға қарай бет алған карт адамның жағдайы жоғарыдағы мысалдан да аянышты десек еш артық айтқандық емес. Аса қадірменді ақсақал ақынымыздың бірі Жамбылдың құпиясы әлі толық ашылып біткен жоқ. Оның бәрі мына менің шкафымда қатталып жиюлы жатыр. Мен өлген соң бәрі белгілі болады деген тәрізді сөздің шетін шығарып қалды. Соңынан барып бір-ақ жарылатын қопарғыш заты бардай әсер беретін осынау рухани бұлданыстың төркінінде не жатқаны айтпаса да белгілі. Жамбылдың коммунистік жүйені жырлауға ақындық бағытын біржола бұрып жібергендегі шығарған өлендеріне қол батырғандық жатқан шығар бәлкім. Тап содан Жамбылдың бағасы бір мысқалға кемісе не қылсын. Есесіне бұдан біздің зиялы қауымымыздың екі жарылуға бейім тұрған сол уақыттағы қасиеттері шаң беріп өтеді. Осы бір солқылдақтық біздің түбімізге жетіп тынған жоқ па еді. Ол неге әйтпесе өлгеннен кейін ашылуы керек. Айтылатын

нәрсе уағында айтылуы керек емес пе. Фатима Ғабитованың жақында жарық көрген күнделік кітабында Ж. деп қысқартылып алынған есімнің Жандосовтардың отбасына жасаған опасыздығын әңгімелейтін тұсы бар екен. Бұл соғыс жылдары Ленинградтан Алматыға эвакуациямен келген Анна Ахматованың: «Жамбыл бізді неге қарсы алмайды» деп өкпесін айтып, ренішін артқанымен бірдей нәрсе. Отты Жамбылдың қолымен көпе-көрнеу көсегендікті ескере бермейтініміз қалай? Дүниеде Анна Ахматова есімді ақынның барын Жамбыл әйтпесе қайдан білсін. Анна Ахматова домбырасын өңгеріп жүрген қазақ ақыны болса бір сәрі. Жамбылдың Жандосовтар отбасына жасаған «опасыздығы» да осыған ұқсас бірдеңе. Ескілікті кісілердің айтуына қарағанда, Жандосов ұсталып, ұқым-тұқымындағы бас көтерер естиярлардың бәрі қамалып, этап-этап бойынша бәрі шеттерінен айдалып жатқанда шүңірек көзді, сопақ өңді келген еңселі қара кемпір Жамбылдың үйінде қатарынан он шақты күн жатыпты. Бұл не қылған кемпір деп сұрағанмен ешкім тіс жарып айта қоймайды. Жұрт кейін барып Жандосовтың шешесі екенін бірақ біліпті. «Жәкең жарықтықтың қаттылығы қатты еді-ау, Жандосовтың шешесіне бір жылқы беруге жарамады»— деген әңгімелер де айтылып қалатын. Бұған әрине, төрелік жасау оңай емес. Балама ара түсіп көр деп қолқа

сала келуі де мүмкін ғой. Жамбылдың тарапынан бір шикілік бола қалған жағдайда оған Жандосовтың шешесі келіп, он шақты күн жата қояр ма еді. Сталиндік насихаттың басты дүкеніне айналған Жамбыл Ораз Жандосовты қаралап өлең шығарды дегенге былай сене алмайсың. Осындайда ақсақал ақынымыздың шкафында тығулы жатқан әлгі құпия соншалықты не болды екен деп ойлайсың кейде. Жамбылдың Ежовқа дейін өлеңге қосуының өзінде бір ішкі рухани тетігі, яғни, ынсап ұяттың бақылауы істен шыққан деп ұйғарым жасау да асығыстық.

Өлім деген у екен,
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күніренем
Көзіме жас алам да.

Осы жолдардан шын мәніндегі Жамбылды көретініміз хақ. Аса қарт адам үшін ұлының өлімі у екені айтпаса да түсінікті. «Мендей кәріп адамғасын» қалай түсінуге болады. Мұны кәрілікке мегзегенге жору тым аздық етер еді. Ұлын жоқтау фонында бүкіл тағдырының теперішін сыйғызып, тұжырым жасауынан қазақ эпостық санасының жалпы адамзат ізгілігінің ой-арманына ұласа алатын қабілет-дарынын аңғарамыз. Жүз жасаған ақынның коммунистік жүйенің қуыршағына айналғандығын сезінбеуі ендеше мүмкін емес. Қанаға-

ты жоқ, киянаты көп обыр насихат құралы шығармашылық тұлғалардың екінші өмірінің абыройына ешқашан алаң болып қоймаған. «Құр сүлдерім, есім жоқ, жүріп тұрған десім жоқ» деуі, міне, соның нақты айғағы.

ЖАМБЫЛ МЕН ЫБЫРАЙЫМ

Ауыл қариялары кезінде Ыбырайым жарықтық айтып еді дейтін сөздерді жиі-жиі естеріне алатын еді.

«О, қайран Жәкем-ай» деп кемпірлер көздерін жасқа бір шылап ап әңгімеге жайраң қағып кірісе беретін.

Соған қарағанда еркектерден гөрі әйелдерде актерлық басым келе ме дейсің.

Сапарғали Бегалиннің Жамбыл турасындағы деректі романында Ыбырайым Бәйсімбет баласы деген жазу парактаған сайын көзге оттай басылатыны бар. Неге екені белгісіз, бірақ елеусіздеу айтыла салатын сияқты.

Балалық қабылдау бойынша Ыбырайым жаратылысының жөні мүлде бөлектеу емес пе еді...

Сапарғали Бегалин үшін Ыбырайым ол кезде қазақ даласында көп кезігетін қатардағы шежіреші қарттардың бірі ғана болған шығар, болкім.

Демек біздің ауыл адамдары Ираклий Андронниковқа татитындай тұлғаның қадіріне жете алмаған екен-ау.

Өкіпішті...

Алпыстан асқан Түркісіб деген кісі Жамбылды есі кіріп, етегін жаба бастағаннан-ақ көрген екен. Бұл сол 1936—37 жылдардың шамасы болса керек. «Ауылдан едәуір қашықтықта орналасқан балабайстанды қоритын едік,— дейді. Ыбырайым ақсақалды кемпірі тастап кетіп ұлы Кемел екеуі біздің үйде тұратын. Төбесін күннен қолшатырмен көлегейлеп күн аралата күрең жорғасымен Жамбыл келіп-кетіп жүрді. Үшеуара күні бойы әңгіме дүкенін құрып, кас қараяр мезгілде Жамбыл үйіне бір-ақ қайтатын. Жәкең міниі келетін күрең ат аракідік балаларының тақымына тиіп қалатынын көретінбіз. Жануардың жорғасын айтпа, үстіне бір кесе су қойсаң шайқалып, төгілмейтіндей еді, жарықтық». Күрең аттың жорғалығына ойысқан кездегі құштарлық сыры жүрттың осы күнгі «Мерседеске» жаппай қызығатынына ұқсайды. Қалай болған күнде де, Ыбырайым — көне грек дүниесіндегі бөшкені баспана қылған Диоген, Жамбыл — тұтас әлемді қаһарымен қалты-

ратқан Ескендір Зұлқарнайын емес еді. Сөйтсе де күн аралата Жамбыл іздеп келетіндей Ыбырайым кім еді сонша? Тағы ұлы мен өзін әйелі тастап кетіп, басқа үйге телміртіп қойса. Жамбылдың атын ал жер-жаһан танып, абырой-атағы асқақтай бастаған кезі. Қазақ саһарасында Ыбырайым сынды көкіректері тұнған құйма құлақ шежіреші қарттар өз халқына Плутарх қызметін атқарып келді. Жамбыл өмір бойы өскен ортасынан қара үзіп қалмауға тырысып, соның бірде-бір өкілін Ыбырайым болмысынан табатын сыңайлы. Байқампаздық жоқ жерде бағалаудың әділеттілігі де орнай қоймайтынына аяқ астынан көзіміз жеткен жай бар. Жамбылдың төбесіне шатыр ұстап ап атқа мініп жүретіні бір қарағанда нанымсыз сияқтанады. Түркісіб тіпті, өтірік айтып жіберген жоқ па екен деп ойлап қалуға болар еді.

«Жамбыл бейнелеу өнерінде» атты кітапты ақтарып қарап отырсақ, суретші Чекалин ақынның өмірдегі қалпын тікелей көшіріп, кескіндеуге тырысқанын байқайсың. Тоқ жарау аттың үстінде шатыр ұстап бара жатқан кейпінде жүрек баурайтын етенелік жоқтай. Әйтсе де Ыбырайымға күн аралатып келетінін ойлаған сәт жатырқамастан жаныңа жақын қабылдай бастайсың. Оның тек шатыр ұстап қоқилана қалған қалпын алғаш көрген кезде Ыбырайым сынды замандастары нендей

қуақы әзіл айтты екен, оған есесін жібермей Жамбыл да жауап қатқан шығар? Жамбылдың таякка сүйеніп әшейін кетіп бара жатқан сырт тұлғасын кескіндеген Чекалиннің кескін-эскиздеріне үніле түскен сайын суретшінің қолтаңбасынан әзілқой қызықтаушылық сезілетіндей. Жамбылдың төртпақтау бітімі мен талтайыңқы жүрісінде басқан жерін ойып түсетін салмақтылыққа қоса жаратылысындағы қазақы аңғалдықты қатар түйіндеген пірім жатқандай көріне береді. Сол сәт қарттарды сыйлап үйренген ісі қазақ баласының көкіректерін сағыныш сезімі тербеп өтіп, көздеріне ып-ыстық тамшылары үйіріле қалатын сияктанады.

Өйткені біздің бәрімізде бір кездегі ұлттық адамгершілікке деген зарығу сезімі бұлқынып жатқаны хақ.

Тақуалығы мен кірпияздығы жағынан Жамбыл нағыз қазақ ғұрпын ұстанған. Ақын мұражайында көп жыл қызмет істеген әдебиетші Рафат Әбдіғұлов кезінде көне көз қариялардан біраз естеліктер жинастырған екен. Сонда Жамбылдың машинасын жүргізуші Нағашыбек Байсалбаев ақсақал ақынның мінезіндегі кейбір ерекшеліктерге тоқталып өткен екен. Қаскелең маңайында тұратын Жүзбай деген ағайыны шақырған соң Жамбыл конакка барады. Аттанар кезде үй иелері коярда коймай Нағашыбекке қыстап арақ ішкізіп жі-

береді. Содан не керек, қайтып келе жатады. Қарғалы көпірінің түбіндегі Бүйрекбай деген кісінің үйіне тақағанда Жамбыл машинаны тоқтатады. «Әй, сен теке сасып кеттің ғой, мына ағып жатқан суға бір сүңгіп шықшы»— дейді. Бірде Жамбыл Ұзынағаш базарына келіп, кариялардың ортасында біраз бөгеліп қалса керек. Нағашыбектің Әжиман деген қызулау құрдасы сол кезді пайдаланып: «Сенімен ауылға жетіп алайын деп» деп жатта кеп жабысады. «Тәтем арақ исін бірден сезіп қояды» десе де көнбейді. Өңештеп болмаған соң машинаның артқы жағына жасырып жатқызып қояды. Жол бойы Жамбыл дегбірсізденіп, қайта-қайта Нағашыбекке қарағыштап: «Әй, сен тағы бірдеңе ұрттап алған жоқсың ба?»— деп сұрайды. «Жоқ, жоқ»— деп Нағашыбек ант-суын ішіп әрең құтылады.

Жамбыл қандай адам болған еді деп кариялардан сұрастырған кезде бірауыздан бәрі: «жақсы кісі еді, жарықтық» десетін. Оның сарандығын айтуға әуестер де кезігетін. Жамбыл жөнінде өзімізше социологиялық сұраныстар жүргізіп, оның жаратылысындағы қосынды-алындыны яғни плюс-минусты есептеп қараған кезде кісілік келбетінің рейтингісі тым жоғары екендігін байқайтын едік. Кариялар бағасы және де алып-ұшқан тыз етпелігі жоқ, ұстамдылығынан әсте айнып қоймайтын. Тоқсанға тақаған ауылдағы Қойкел

қарт: «Біздің елде мейрімі інілеріне түскен үш адам бар; Сарыбайдыкі — Саржанға, Жамбылдікі — Сатышқа, Құшікбайдікі — Өмірсерікке»,— дейді. Алдыңғы екеуі жұртқа танымал тарихи тұлғалар. Құшікбайды осы жолдарды жазып отырған пақырдың атасы болғаны үшін Қойкел ақсақал әшейін айта салды дейін десең — бұл әңгіме тым ертеректе болған еді. Қазіргідей қолыма қалам алып, бірденелерді тиіп-қашып жазып жүрген кезім де емес. Бірақ қазақтың туысқандыққа келгендегі осы альтруизмі парыз ұғымының аясынан ғана тұрады. Міне, сол қасиетті жоралғыларды бүгінгі ұрпаққа жеткізушінің біріде Жамбыл екен ойласақ. Ағасы Тәйті қажылыққа аттанар кезде ұлы Сатышты жетектеп әкеліп: ақыретте қолыңнан бір-ақ аламын»,— деп аманаттаған екен. Жамбыл өмірінің соңына дейін сол аманатқа адалдығын сақтаған.

Сатыш ақсақал қарапайым ғана кісі еді: Боқтампаз баланы көрсе ауыл шалдары «мынау Сатыш сияқты екен ғой» деп мысалға алатынын білетінбіз. Жамбылдың арқасында Сатышты қазақтың зиялы қауымы бәрі дерлік жақсы танитын. Ертеректе өліп қалған ағасына атастырып қойған қызды бір мүшел үлкендігіне қарамай Сатышқа әперіпті. Сатыш жаңадан жігітшілік құра бастағанда Сатика шешеміз саркідір әйел тартады. Жамбылдың

«Сатышты сиданданатып қасыма ілестіріп алдым»— деуі тегін емес. Әсіресе «сиданданатып» деген бір ауыз сөзге көп мағына сидырғанға ұқсайды. Жасы жер ортасына жеткенше бала көрмеген Сатыш оңаша-оңашада: «Тәте-ау, мен қу бас болып өтетін болдым ғой»— деп мұнын шағатын көрінеді. Ондайда Жамбыл үн-түнсіз сазарып отырып қалады екен. Күйеуі соғыстан оралмай жесір қалған Қантайды Жамбыл араласып жатып ақыры Сатышқа әпереді. Міне, сол екеуінен өрбіген ұрпақ Алматы мен ауылда шаңырақ көтеріп, түтін түтетіп жатыр. Рулық-тайпалық құрылымда өскен Жамбыл айнала төңірегіне үлкен болу жауапкершілігінен жүрексінбеген. Ол ұлдарына қырық жыл азық болып қана қойған жоқ, ауыл-аймағына әлі күнге дейін шарапаты тиюден бір танған емес. Жарық дүниеден дәмі таусылып, демі бітер кезде қасында үйіріліп тұрған қазақтың зиялы қауымына ұлы Тезекбайды тапсыруында да атадан қалған жоралғыны берік ұстанғанын көреміз. Неге әйтпесе Алғадайдан қалған жалғыз тұяқ Қуанышты аманаттамаған? Бір әулеттің орасан салмағы Тезекбайдың мойнына түсетінін Жамбыл дұрыс болжай білген. Қуаныш жастау кезінде бір сөкеттеу әрекетке барып қойып, басы шатылып қамалып қалған кезде Тезекбай Сәбит Мұқановтың зор беделінің арқасында шыға-

рып алған еді. Жамбыл өз аманатын кімге айтып кетерін де білген-ау, шамасы.

Төңірегіндегілер әйтсе де оның атын малданатын масылдық пиғылға ұрынған да қойған. «Білікті адамнан белгілі бала тумағаны жаман»— деп қаздауысты Қазыбек би бабамыздың айтқан сөзінің шындығы өз заманында көкейкестілікпен естіліп, ұғынықты да болған шығар? Жақсы мен жаманның парқын айыру қазақ ойының күн тәртібінен ешқашан түсіп көрген емес. Әлеуметтік зердесіне елеулі нұқсан түскен қазақтың бүгінгі ағі жақсылары қаздауысты Қазыбек би бабамыздың әлгіндей тұжырымымен қаншалықты дәрежеде таныс екенін білмейміз. Өзімшілдік дерті асқынған үстіміздегі ғасырдың төлі болған соң біздің көбіміздің рухани масылдыққа ұрынған кінәраттарымыз баршылық. Кеңес өкіметінің енді-енді қабырғасы бекіп, тұғыры нығая бастаған кездің өзінде адамдар бойынан аракқа, шылымға, құмарлық етек жайып, обыр жемқорлықтар кең өрістей түскенге ұқсайды. «Малды зорлықпен алу аяқталып, колхозға ұйысу басталған кезде «Ерназар» кейін Жамбыл атын алған колхозда төрт түлік малдың басы әжептәуір құралып еді. Осында бір ұйым болды, солардың өздері-ақ ішіп-жеп қуртты»,— деп еді Шаштай ақсақал. Коммунистік идеяға иланып өскен біз оның бұл сөзін баяғы таптық қаскөйлігі деп қана қабыл-

дайтынбыз. Шаштай ақсақал оның үстіне шаруашылық басшыларымен шығыса алмай араздасып жататынына қарап, сондай қарауылығының бірі шығар деп іштей ұйғаратынбыз да қоятынбыз. Қазіргі ұйымдасқан қылмыстың беталысы мен жекешелендіру барысына қарап ол кісі өтірік айтпаған екен-ау, дейсін.

Сонымен хош. Әлгі Сатыш атамыздың кейінгі алған әйелі Қантай шешеміз: «Ақсақал сенің әкенді қатты жақсы көрді»,— деді бірде. «Не үшін жақсы көрді?» деп сұрамаппыз. Ұлы адамның әкенді жақсы көргенінде тұрған тұк те жоқ. Өйткені ол да ет пен сүйектен жаралған жұмыр басты пенде. Адам тану жөнінен ол да жаза басып, қателесуі ықтимал. Қалай болған күнде Жамбыл Шаштайдың бойынан өзіне керекті қандай қасиет тапты екен? Рас. домбыра тартатын, бірақ анау дейтін дәулескер күйші емес. Шаштай ақсақал жылқы малын балаларынан бірде-бір кем көрмейтін. Қандай бір асау тарпан жылқы болсын жал-құйрығынан сыйпап, айналып-толғанып жүретін. Тай-құлындарды баланың қылығын қызықтап, тамшалағандай қарап, оқыс әрекеттеріне еңкілдеп күліп тұратын. Қантай шешеміз сонда тағы тыныш тұрмай: «Әкеңқай бір оңған адам дейсін. Өзінің жерге жақын, пәлеге жақын сұрына қарамай қымызды шелектеп ішетін. Біздің шал сонысын қызғанып, ақсақалға: «Тәте, қымызды кісілерге

жеткізе алмай жатқанда ана Шаштай деген ку ішіп тауысатын болды» деп шағым жасайтын. Ақсақал оған жымиып қана қойып: «Оның қарны ашымалды бұйым көрмеген соң қымызды шелегімен ішпегенде қайтеді, саған шалап та жетеді»,— дейтін. Біздің шал бәрібір оған тоқтамайтын. Қайта-қайта қоймай алдына бара берген соң: «Биені өзі байлап, өзі ағытатын адамнан қымыз қоритын сені көрдім»,— деп жекіп ұрсып тастайтын еді»,— деген. Осыны кейін реті келгенде Шаштай ақсақалдың өзіне айтып берген уақытта: «Құрған Қантай оны әлі ұмытпаған екен-ау. Сатыштың ондай-ондайы болып тұратын»,— деп мырс етіп күлді де қойды. Балалары әңгімеге тартқан кезде шешіліп сөйлеп кетпейтін. Көңілінің хошы келіп тұрғанда ғана сөзді елеусіздеу ыңғайда бастайтын. «Тезекбайдың көсегесі көгеретін жігіт қой,— дер еді бір шешіліп сөйлегісі келген кезде.— Күрең жорғамен Жамбылды Ұзынағашқа апарып салып кері қайттым. Жол-жөнекей осының қаншалықты жорғасы бар екен бір көрейінші деп еркіне коя бердім. Үдеген үстіне үдей түседі екен жануар. Ағызған бойы ауылдың шетіне іліге бергенде Тезекбай қарсы жолыға кеткені. Қан-сорпасы шыққан атқа бір, сасыңқырап қалған маған бір қарап: «Сеңгендегі кісісі сенсің ғой сонда, атты қинамайды екенсің, батырекесі»,— деді кекетіп. Құдай ұрғанда

әкесіне айтып қоятын болды-ау деп қатты қысылдым. Жоқ, сабазың айтпапты»,— деп болымсыз нәрсеге кейде риза болып отыратын. Тезекбай әкесіне оны айтса айтқанда болар. Оған Жамбыл тек шала бүлінбеген шығар. Аттың бабын білетін адамға артық-ауыс сөйлеп не қылсын.

Жамбылдың қандай адам болғаны турасында сұрастыру барысы оның құпиясы көп әрі қайшылықтан да құралақан емес күрделі жан екеніне көзінді жеткізе түседі. Ақындық қуаты қаншама құдыретті ағыннан тұрса да оңайшылықпен ашылып-жарыла қоймайтын тұйық, ықпалды орталардан қорынып қысылмаған. Қарапайым жұрттың арасында олармен өзін тең ұстаған. Жамбыл болмысында аса суреткерлерге тән ізгіліктер мен қайшылықтардың бәрі кездескен. Оның айыбы халық поэзиясының өкілі болғандығы ғана. «Біздей кәріп кісіге көз салындар есіркеп»— деп Алғадайды жоқтауындағы кездесетін жолдар өмір қасіретін көкірегінен көктей өткізіп барып келген тоқтам түйініне ұқсайды. Егер мұны тура мағынасында түсінсек, Жамбыл әлдекімге жалбарынып тұрғандай көрініп кетуі ықтимал. Қәріліктің өзін тауқымет деп санаған оның: «Балалар, өлгенімше болысындар» деуінде өрен-жаранына көп салмақ артып қойғанына қымсынатын қазақы қамкөңіл қариялылығы жатыр.

Алпыстан асқанда 27 жастағы Досмағанбетпен кездескен Жамбыл Асанқайғы, Бұқар жыраудан бастап Шөже, Балтаға дейін аттарын тізіп кеп, солардың әруақтарының өзіне қонғандығына тоқталған жайы бір қарағанда үйреншікті қазақы ұғым сияқты қабылдануы ықтимал. Кісілік түсінігі жағынан Жамбыл дегенмен қарсыласынан мұндайда бір бас жоғары тұратынын байқауға болады. Әлденеше мысалға алынатын Досмағанбеттің «төгіліп тасып дариядай басылып қалған Жамбылым» деген жолының өзінен оның максималистік арыны байқалады. Өзінен бұрынғы өткен рухани аяулы тұлғаларға деген парызға толы перзенттік сезімді Жамбылға ұқсап қалқан ғып ұстанып алдына тоспайды. Мұны Досмағанбет шығармашылығының міні деп санау алайда әбестік. Көзқарас жүйесінің өзіндік қалыптасқан өзіндік дербестігіне сайсақ тасымды. Бұл жердегі парадокс сол Досмағанбеттің фундаменталистік бағыттан жаңылмай берік ұстанатынын аңғарамыз. Жамбыл өзі атап өткен әлгіндей қасиетті тұлғалардың тарихтағы алатын орнын лайықтай түсуге зерделілік танытуға тырысады. Айтыс үстінде Жамбыл тәуір икемділік танытатынын бір зерттеуші ғалымның дәл байқағанына бұдан бұрын да тоқталған сияқты едік. Осы қақтығыс барысында Жамбыл фундаменталистік сірескен нанымдарға деген қарсылығын әлбет-

те атеистік тұрғыдан жасамайды. Әлеуметтік алалаудың имандылыққа елеулі нұқсан тигізетінін табандылықпен кінәлай бастайды. Кей тұстарда Абай тәрізді тіпті әлеуметтік әділетсіздіктердің қыртыстарын қопарып аша алатын қабілетін байқатады. Өлеңді қолма-қол шығарудағы ой ағысының арнасын бұзу өз заманы үшін елеулі жаңалық. Оған парасаттық тұрғыда біраз ішкі дайындық та керек. Мұның сөз сайыс екенін ескере түссек, Жамбыл байыптылығында спортшылардың аса шешуші айқас алдындағы психологиялық тұрғыдағы мұқият жасалатын әзірлігіне ұқсайтын бірдеңе бар. Өз қарсыласының өктем шабуылына өрекпіп өршеленбей салиқалы түрде жауап беруге еркі жететін Жамбыл бірден шап ете түспейді. «Қызғанша айғай шығып, едім салғыр» деп Құлманбетке шу дегенде айтқан уәжінің сыпайы сыныктығы міне соның дәлелі. Сөйтсе де Досмағанбетпен болған жекпе-жекте Жамбыл өзін тым еркін ұстағанын андаймыз. Солай бола тұра қарсыласының ішкі үнін аулай алатындық қасиетінен әсте айрылмайтынына қайран қалуға да болады. Оның тап мұндай ерекшелігі зерттеушілердің назарына әлі күнге дейін іліге қойған жоқ. Демек ол алдағы уақыттың сүбелі сыбағасы деп есептесек те, Жамбыл тұлғасының баурағыштық сыры осы қасиеті арқылы басым байқалатынын атап өткеніміз орынды.

Айтысқа деген оның көзқарасы шығармашылыққа деген қатынастан тұрады. Мұнда адамгершіл нұсқа тұрақты көрінгенде ұлттың ар-намысы мен ақындық абыройдың ара жігіне сына түспейтіндей, көлеңке ұялап, қылау қонақтамайтындай Жамбыл тазалығы бар.

Өзін қанша байыпты ұстағанмен жекпежек барысында Жамбыл әлгі кішік қалпынан біртіндеп арылып, мінез көрсете бастайтын тұстарда тым бірбеткейлікке салынып кететін де сияқты. Ондайда сақтықты ұмытып кететін сыңайлы. Екіталай жағдай үстінде арқа сүйеп, қорған болар кепілдіктерді іздеп, әлдекімдерге емеурін білдіріп те қоймайды. Мұндай мінез элитарлық ортаға көп ұнай қоймайтыны да белгілі. Құлманбетпен айтысы үстінде екі жақ керегенің көздерінен ақындардың құлақтарына сыбырлап, ақыл-кеңес айтып, бапкерлік міндет атқарған адамдар болғанын кезінде Ыбырайым ақсақалдың аузынан естігендер ауылда баршылық еді. Ондайда кейде қасақана жала жабылып, қараулыққа дейін ұласатын жағдайлар болатынын да байқаймыз. «Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбаптың» артында сұрауы мен ұяты барын етқызу сәттің үстінде сезінген Жамбыл тағы тыныш отырмай: «Дүйсенбай, Сәт, Мөңке жаның беріп ақтап алсын»,— деп, қарсыласына сол замат ескерте кетеді. Ал оның мұндай қылығы аттары аталған игі жақсыларды ың-

ғайсыз жағдайға қалдыруы да ықтимал. Демек Жамбыл шен-шекпен иелерінің алдында құлдық ұрып, құрдай жорғаламаған. Тұрмыс тауқыметінің тақсыретін шеккендердің жанында болуды ол мейлі қаласын, қаламасын, бірақ соларға қарай тағдыры ылғи итермелей беретінін байқаймыз.

Маманыңның өрені
Тиын-тебен санаған.
Құтылғалы келіпсің,
Солар жапқан жаладан.
...Сендей қазақ аз шығар,
Үміт қылған баладан,—

дейді Сырттан атты кісіге. Бұл сықылды сөздерді, тегінде, өмір сынын басынан көп өткеріп барып әділет жағына шыға алатын адам ғана айта алады.

Жамбыл өмірінің соңына қарай мемлекет қамқорлығына көшіп, тұрмыс жағдайы біржола шешілген кезде де бұрынғы қалпынша қалғанын бәрі бір ауыздан растайтын. Үйіне ауылдастары кеп амандасқан сәтте біртүрлі жатырқағандай сазара қарап алады екен. «Иә, қазанға күйіп піскен тоқаш тәрізді жігіт төрлет» деп айтып болғанынша келесі кірген кісіге шапшаң бұрылып: «маңдайын борлап алған қасқа жігіт жол болсын» деп тіл қатады екен. Сырттан келген кісінің бірдебіреуі сөйтіп ат жамылмай кетпейтін көріне-

ді. Жамбылдың аузынан шыққан әрбір лебізінің қадіріне қаншалықты жеткенімен жазып алып отыру қиынға соққан ғой. Жамбылдың айтқыштығынан гөрі большевиктік тәртіпке ең бірінші тапсырысты өлендеп кажет болғаны мәлім. Ғали Ормановтың Жамбыл жөніндегі жазған күнделігінің бір тұсында Қазақбаевтың үйіне қонаққа барғаны баяндалады. Алдына қойылған тағамдардан «жақсы көргенінізді алып отырыңыз, Жәке»,— дегенде: «тамақтың ешқайсысымен ұрсысып көрген жоқпын»,— деп жауап беретіні бар. Бұдан күнделікті өмірдің елеусіз жағдайының өзінен Жамбыл жай сөйлеп көрмегенін анғарамыз. Егер Сапарғали Бегалин болмаса Жамбылдың өмірбаян деректері тап қазіргі дәрежеде жинақталмас та еді. Оның жинаған деректерінен Жамбылдың шыққан тегінен бастап, өскен ортасынан ақындыққа келу жолына дейін қамтылған. Мұнда оның әрқилы мінез-құлықтары көрініс табады. Содан кейін де ол туралы көптеген еңбектер жазылды. Сөйте тұра біз оны аяғына дейін біліп болмаппыз. Неге олай деп өзімізге-өзіміз сұрақ қойып көрмеппіз. Жамбыл большевиктік идеологияның құрбаны болды деген уақытта оның ақсақалдық діліне аяусыз киянат жасалғанын айғақтай түсетін құжаттар еш жерде тіркелмеген. Әрбір құбылысты қабылдау сәтіндегі көңіл-күйі мен айтқан лебізі турасын-

дағы әңгіме жоқтың қасы. Ауыл шетіндегі балабайстанға Ыбырайымды өзі іздеп барса, үйін бұрынғы жекжат-жұраттары, ескі таныстары бір күн құрғатпайды екен. Кеңес шенеуіктері Жамбылды барынша жарылқап, зор ұлықтық дәреже әперсе де жөргекке сіңді ұлттық қасиетінен ешқашан ажырамаған. Тоталитарлық жүйенің сұрапыл тегеуріні тоқсандағы қарт адамның жан дүниесін қақ жарып, екіге бөліп тастады дегенге сену қиын. «Халықтан аяп қайтейін, алланың берген көмейін»— дегенді ол Қазан төңкерісінен көп бұрын айтқанына қарап, өз уағы үшін сыншылдау бағыт ұстанғанын байқаймыз. «Дүненің тұрағы — тағдырдың өлшеу сынағы» дейді тағы бірде. Абыройы асқақтап, атағы аспандаған шағында да шыққан елі мен өскен жеріне табан тіреген. Табаны жерге тиіп тұрған кезде асқан құдыретті де, екі елі ажыраса бітті осал тартатын Жамбыл көне грек дүниесіндегі Антей секілді еді. Большевизм көсемдерін жырға қосқан кезде сол Антейдің кебін құшуына тура келді. Шалдардың әңгімелерінің бағдарына қарасақ өткен-кеткен батырлар мен ақындар хақында өрбитінін аңғарасың. Көшпенді халықтың айналысатын кәсібінен қозғайтын әңгімесінің төркін өрісін былай болжауға болады. Өзінен бұрын өткен тұлғалар әруақтарының алдында жасы жүзге келсе де Жамбыл перзенттік кішіпейілділігін

әрдайым сақтаған. «Көрінеді сорабы — керуен көшкен жолындай» деп өзі бейнелеп айтқанына көп мағына сыйғыза алған екен ойласаң. Бұдан ең әуелі оның ақындық тұтастығын аңдаймыз. Бұл анықтама әлбетте жаттанды ұғым ретінде қабылданып кетуі де ықтимал. Әйтсе де бір ғасыр жасаған адамның ақындық қиялы толас таппай шарқ ұрып, ағынды ойларын жинақтай қорытып әкеліп, өзіндік тұжырымдама жасауға бара алатындығы сезіледі.

Құл, Құлманбет, Құлыншақ,
Майкөт, Сарбас, Қуандық,
Бұлдырайды туға ұқсап
Көңілімізді құмар ғып.

Былай сыдыртып оқып, желдіртіп өте шыққан уақытта бұл жолдарда қазақ өленінің үйреншікті қуйылысынан өзге оқшау бейнелер көзге ұрып тұрмайтындай. Өйткені өткеннің бәрін бұлдырата елестетіп көру жалпы адамзаттың көркемдік ой ағысында аса үлкен жаналық ретінде есептелмес. Жиырмасыншы ғасырдың бастапқы аласапыран кезінде орыс ойшылы Бердяев өткен де, болашақ та бұлдыр, өйткені екеуі де құр елестен тұрады деген тақылеттес сөзі осындайда жадыңа еріксіз оралады екен. Қазақтың тоқсан жетідегі қариясының ойы оған үндес шығып: «бұлдырайды туға ұқсап» деп өзіндік қабылдауын нақ-

тыландыра түскеніне қайран қалмаска амалың қайсы. Қарап отырмай тағы: «көңілімізді құмар ғып» деп өзіндік жасаған түйінін көкейіміздегі бір ілгешекке қыстырып кететін секілді. Бұл жерде Жамбыл сараптаудың ұлттық рухани жоралғыларын берік ұстанған. Ұстаз тұтатындарды «өлең сөздің қорына», өзіне замандас санайтындарды «өлең сөздің жұртына» балайды. Көне грек философтарының диалогтарын зерттеуші орыс ғалымы «толғаныс — ойдың қозғалысқа түсуі» деп берген анықтамасы жалпы көңілге қонатындай. Біздің ұлттық толғаныстың өрнек-бедерінде айтыс ой қозғалысының демек өтемін қайтарып келген. Дүниедегі фольклормен айналысушы ғалымдардың қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының айтыс өнеріне көп зер сала қоймайтыны әртүрлі ойларға қалдырады. Қазақ айтысы әлгі көне грек шешендерінің ой, сөз жарысынан былай алып қарасаң несі кем. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы дәуірде өмір сүрген философтардың диалогтарындағы ерекшелікті Хемингуэй өзіндік көркемдік құрал ретінде қолтаңбасын қалыптастырғандай көріне береді. Біздің өркениеттік ояну дәуіріне большевиктік тәртіп көп залалын тигізгеніне қарамай қаламды қастерлеген әрбір қазақ азаматы ата-бабалық салт-санаға деген адалдығын сақтауға күш салды. Бұл жерде лениндік идеологияның малайына жа-

затайым айналып, соның жаршысы болып шыға келгендей көрінетін Жамбыл мысалын осы бастан дұрыс анықтап алмасақ, ұлттық діліміз қол қусырып, құлдық ұруға бейім деген тарих үкіміне тап боларымыз хақ. Керек десеңіз ол ұлттың бетіне шіркеу, сүйегіне түскен таңба болып есептеледі. Сол үшін де Жамбылға терең бойлап, жан-жақты аша түсуіміз керек. Жамбыл есімі аталған сайын жоғарыда айтқан, кәрілік ұғымына қосанжарласып, су қараңғы сауатсыздығы қатар елестейтіні бар. Большевиктікті идеология қараңғылық ұғымын санамызға мықтап тұрып сіңірер алдында бас көтертпес дәлел-дәйектерін келтіріп, ескіше хат тануды көп-көрнеу есепке алмастан бүкіл ұлттың дымын құртып, шарасыздық халге тап қыла түскен еді. Халықтың еркімен санаспаудың мұндай сорақы өктемдігінде осынау шешімді болашақпен байланыстыра дұрыс қабылданғандығын кесіп-пішіп бірақ айтар қатаңдығы жатыр еді. Оған бүкіл бір халықтың рухани ерік-жігері мұқалып, мойын сұнбасына еш амалы қалмаған еді.

Өкінішке орай кейінгілер бұрынғыларды жазғырудан тайына қоймайтын пиғылдары барын әр сәт байқатып қояды. Бас ауырып, балтыры сыздамаған жерде, алаңсыздық бар әрине, бәріміз де батылымыз. Жауапкершілік мойынға түспеген мамыражай уақытта көп адам сүйкімін жоғалтпайтыны да мәлім. Бі-

рақ кейбір жасы үлкен адамдардың бір нәрсенің байыбына бармастан долбарлап өзінше соға салатынына қайран қалмасқа амалың қайсы. Жамбылды сүйгені сүймейтін жоғарыда бір жерде есімі аталған адамның келтірген дәйегі тым ұшқарылыққа кеткеннен сау емес. Егер Жамбыл соғысқа барыңдар деп жалпы халыққа ‘үндеу тастаған болса, біріншіден оның еркімен ешкім санаса қоймаған. Екіншіден, Жамбыл идеологияның тікелей құрбаны. Коммунистік тәртіптің таңдауы Жамбылға түскен кезде іріктеу жұмыстары алдын ала мұқият жүргізілгенін көреміз. Әуелі кімнің кім, халық алдындағы беделі мен өлең шығарудағы ақпа-төкпе дарынына дейін жете ескерілген тәрізді.

ҚАЛАМ ҰСТАМАҒАН АҚЫН

«Қар жауып, мұзға түскен Жамбыл екем.
Жұтынып суық ауа шыққан үні»— дейді өзінің дүниеге келген шағын есіне алған уақытта Жамбыл.

Табиғи сұрыптаудан тек мықтылар ғана

аман-есен өтетінін меңзегені айтпаса да белгілі.

«Жүз жыл өмір кешкен ақында: неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен»— дейді Мұқтар Әуезов.

Бұл сөздің мәнін терең аша түсу үшін тұтас бір кітап жазылуы керек.

Бізден онша алыстап кетпеген ғасырдың бірінде дүниеге келген қолбасшы ана құрсағына теріс біткендігіне бола тұлданып: «Мен тумай тұрып-ақ таяқ жедім, сондықтан өмірден алатын өшім бар»— деп жалпақ әлемге жар салғаны бар екен.

Мұны жұрт күштілікке балайды.

Ар-намысты таптатпаудың жолын Жамбылдың өмірі мен ақындық жолы әлдеқашан дәлелдеп берген еді.

Бұл ғасыр алжыды деп еді бұрынырақта өткен дуалы ауыздың бірі. Жиырмасыншы ғасырдың аяғын ендеше шалық ұрды.

Тірі пенделерден түніліп, өлі әруақтармен тілдесетін бір түсініксіз заман орнады.

Өмірде кеткен өшім бар деп жалпы адамзат баласына қауіп төндіретін біреу 2020 Үндіқытай жақта туады деп соғып жібергенді шалық тиген адамға ұйғарар-ұйғармасыңды білмей дал боласың.

Жә, оған дейін кім бар, кім жоқ...

Сонау жетпісінші жылдардың аяқ шеңі еді. Алматы маңайындағы ауданның шалғай

қыстауында белгілі ғалым бастаған бір топ адам қонақта отырған. Осы өңірдің ары-бергі тарихы қозғалып, нысанаға ыңғай Саурық пен Сұраншы, Сүйінбай мен Жамбыл ілініп, батырлық пен ақындық қоздаған әңгімеге әркім өзінше тамызық тастап бақты. Кенет ғалым:

— Сүйінбайдың Тезек төреге жүгінуін халық ойдан шығарған. Тезектің ол уақыттағы дәрежесі қазіргі облыстық партия комитетінің хатшысынікіндей. Ол — бүгінгі Асқаров. Ал Асқаровқа кім барып сен олайсың, сен былайсың деп айта алады,— дегені.

Бірер сәтке қолайсыз үнсіздік орнады. Осы кезде іргеде отырған қария мойнын созыңқырап:

— Сүйінбайдың Тезек төреге тепсінгені рас,— деп кесіп айтты.

Әңгіме-шежіреге құмар жас әнші қарияның бұл тоқтамына ден қоя сөзге араласып, ертеректе өткен бір оқиғаны баяндай жөнелді. Содан жұрт үзіліске шығып, сыртты біраз серуендеп қайтты. Бағанадан ән айтып, әңгімеден есесін жібермеген әнші мызғып алмақты ұйғарып, жатып қалды. Іңір қараңғысы кезінде жұрт қайтадан дастарқан басына жиылды. Қатты ұйқыдан серги алмай біразға дейін мәңгіріп отырған әншінің бүйрек беті домбыға ісініп, көзі қызара жасаурап кетіпті.

Шалға мұң шаққандай даусы біртүрлі қалтырай бұзылып шықты.

— Аға, мен өледі екем.

Оқыстан шыққан суық сөзге өзгелер абыржи елендесіп, әнші жаққа бәрі анталай карасса да, карт кісі селт ете қоймады.

— Аға, мен өледі екенмін!— Сөзінің әсері шалға жетпегеніне налыған сыңайда өң-түсі түтігіп, сонау сырттағы тұнжыраған түннен сыр аулағандай біраз іркіліп барып:

— Аға, мен өледі екем,— деді үшінші қайтара.— Жаңа мен ұйықтап жатып түс көрдім. Ақбоз атқа мініп ап өрге карай шауып бара жатыр екем. Алып-ұшып куанғанымды қайтейін, жұлындай ұшып түскенім.

Шал сәл алға емініп калатын ыңғай танытқанымен бірден тіл катпады. Қабағына кірбің ұялата шокша сақалын бір сипап қойып, әншіге бір мезет сазара карады.

— Ақбозатқа мініп өрге карай шапқаның жаксы-ақ екен. Бірақ құлағаның бекер болыпты.

— Аға, мен өледі екем,— деді даусын калтырата шығарған күйі.

— Енді қайтесің,— деді бір кезде шал басу айтып:— Ақбозатқа мініп өрге шапкан да бар, шаппаған да бар. Анау-мынаудан емес, ақбозаттан құлапсың ғой.

Көне грек дүниесіндегі адамзатқа тән баландық дейін десең жиырмасыншы ғасырдың

ернеуіне жетіп қалған кез. Өйткені түс көріп, оны шынайы өмірге балағандық әңгіме былай қарасаң нанымсыз. Сол киян түкпірдегі қойлы ауылда әншінің көрген түсі мен шалдың оны жоруы ақыры шындыққа айналып тынды. Рухани ақбозатына мініп, өрге қарай замғап бара жаткан шағында Жәнібек Кәрменов мерт болып, көз жұмған еді. Қойлы ауылдан кетер-кеткенінше ол бір кереметі қарияның қасынан үйіріліп шықпай, тартқан домбырасын, айтқан әңгімесін қалт жіберместен тыңдап еді. Сонау заманда Тезек төре мен Сүйінбайдың арасындағы сөз қақтығысының болғанына күмән келтіргені үшін ғалым ағамызды жазғыру да қиын. Сүйінбай заманының элитарлық тобына кіру үшін бір тәуекелдің аздық ететінін топшылаған сыңайлы. Шындықты шімірікпестен бетке айта алатын батылдыққа ақыл-парасат, сөз жүйесін мүлтіксіз білетін мәдениет секілді өлшемдердің жиынтық мәніне ең әуелі дарындылық қажет еді. Тоталитарлық жүйенің әміршіл құрылымымен өткенді салғастыру оңа бермсеін ғалым ол кезде жете ойластыра алмай қалған сияқты. Сол уақытқа бізден гөрі жарты ғасырдай жақын тұрған әлгі ақсақалдың өз өмір тәжірибесі болғаны даусыз. Сөйте тұра ол шал ағып тұрған шешен де, ақылы асқан көсем де емес, еңбегін еміп өскен қатардағы қарапайым шаруа болатын. Өзінен сәл бұры-

өлең жүрегінің соғысы сағатша сыртылдап, ақырғы деміне дейін бір тынбауы оның ақындық күпиясын арғы ғасырлардан іздестіріп қарауға түрткі бола түседі. Әуезовтың тұжырымынан да соны аңғарамыз. Жамбыл есімі аталған тұста қарттықты қоса білдіретін қашаннан қалыптасқан үйреншікті ұғымдардың үрдісінде шындықтың бары да аян. Дей тұрғанмен адамзат баласының сәбилік дәуіріне қарай еріксіз ойыстыратын Жамбыл тұлғасына қазақ ұлтының менталитеті арқылы үңілу біраз жайға көзімізді жеткізе түсетін сынды. Соғыстың сәл алдында ғана Украинада оқып жүрген суретші бойжеткен Мария Лизогуб Жамбыл бейнесін дипломдық жұмысының тақырыбы етіп алуға қатты құмартады. Сонау Харьковтен Алматыға, Алматыдан Жамбылдың ауылына келіп, қасында табандатқан екі ай жатады. «Ол өте қунақ та қуақы қарт еді, тағы сұлу әйелдерді ұнататын» деп есіне алды жақында орыс тілінде шығатын баспасөз беттерінің бірінде. Жастық шағындағы махаббатын тоқсаннан асып, жүзге қараған кезінде де жадынан өшірмей сақтағанына қатты қайран қалады. Салт-санасы мүлде бөлек қалыптасқан басқа халықтың зиялы өкілі Жамбыл жан-дүниесін мұншалықты жақсы түсінгеніне қайран қалмаска амалың қайсы.

Ауылда тұратын жазушы Мұқаметжан Етекбаев Жамбылға қатысты әңгіменің бір ке-

зегінде қызықты жайттың бір ұштығын шығарып қойып еді. Жалпақ дүниеге аты әлі толық кете қоймаған кезі болса керек. Сексеннен асып, тоқсанға бет алған карт кісі жайлауға шығып ел аралап жүреді. Әңгімеге құмар құйма құлақ біреу қасына ілесіпті. Қия беткейдің тік қабағынан жалдата ылдилап келе жатқан сәтте Жамбыл шұңғыл ойпаңның құлама шыңырауына қарай ат басын бұра беріпті. «О, Жәке, мұныңыз не, ұшып кетіп жүрерсіз!»— депті серігі ақырында шыдай алмай. Сонау құз шыңырауға көзін сығырайта кідірткен Жамбыл: «Баяғыда Бұрымды алып қашып келе жатып қуғыншылардан анау тұйыққа жасырынып едік. Сол жерді тағы бір көргім кеп ындыным құрып тұрғаны»— дейді.

Ақындық құдыретінің түгесілмес қуат көзі Жамбылдың осындай қасиеттерінде жатқан жоқ па екен деп те ойлайсың. Алайда Жамбыл трагедиясы өмірдің әртүрлі жағдайында қолма-қол шығарған өлеңдерінің хатқа түсіп, таска бастырылмай қалғандығында жатыр. Жамбыл таланты коммунистік мұратқа қызмет етуге біржола бағышталған кезде аяқ астынан шығара беретін мың-сан экспромттары ешқандай еленіп, ескерілмеді. Шәкен Тоққұл келіні соғыс жылдарында ұжымшар кеңсесінде қызмет істеген екен. Басқарма төрағасы Тұрап Мыржиев: «Шәкен қарағым, тәтемнің үйіне барып Алматыдан кісілер келетінін айт,

дайындалсын»,— дейді. Келсе Жамбыл біржамбастай жантайып жатыр екен. Қасында әскери киінген адам отырады. Әуелі иіліп сәлем жасап, тізерлей жайғасқан соң ылдым-жылдым шаруаны айтып боп тұрмаққа оқталады. Манадан көрікті жас әйелден жүзін тайдырмай қадала қараған Жамбыл: «Отыр қарағым, ертеңгі астан дәм татар болар»,— дейді. Осы кезде келіні Берікбала қаймаққа бөктірілген тарыны алдына әкеліп қояды. Кесені дереу қолына алып, ары-бері шайқап:

Жейді егін өккен сөк-жарманы,
Кетеді қартайғанда көз-дәрманы.
Қиғаш қас, қара көзді қарағым-ай,
Жігіттің сені сүйген бар ма арманы,—

депті. Шәкен Тоққұл келіні бұл жолдарды Жамбылдың сондағы әуеніне салып айтқан уақытта көңілді алабұрта жөнелтетін бір тосын күйге тап қыла түседі. Жүз жасаған адамның мұң-назы мен жан сыры құйылыс тапқан осынау нәзік нақышта рухани қартаюға мойынсұнбас қазақ ұлтының ерекшелігін байқайтындайсың. Мұндай қасиетті өмірге құштарлық я сезімін тот баспас сергектікке жатқызсақ та қателеспеспіз. Әйтеуір Жамбыл ақындығының қылау қонбас тазалығы жастық пен сұлулыққа өте-мөте мейірбан келіп, үйірсектей беретінінде жатқанға ұқсайды.

Жиырмасыншы ғасырдың бас шенінде Американ жазушысы Андерсон 46 жастағы Драйзер туралы айта келіп: «ол тым кәрі, қырықта бәлкім елуде шығар, бірақ әйтеуір тым кәрі» деп қадай айтып, әлсін-әлі қайталай беруінің не гәбі бар екен деп ойлайсың кейде. Одан ары қарай тағы тыныш тұрмай: «бұдан былай Драйзердің ізбасарлары сұлулық турасындағы арманға бой ұратын болады»— деп жазатыны қызық. Осыдан келіп ойлап қарасаң, өмірлік сұлулықты қабылдау жөнінен қазақ ешкімнен сауға сұрамаған екен. Жүзге бет бұрған қазақ ақынының қылығын өзге болмаса да өзіміз ыңғай күллі болмысызбен жылы қабылдап қана тынбай, сондайға бүйрегіміз бұрып тұратыны да жасырын емес. Бір қызығы ұлттың картаюға бет бұра қоймайтын бірегей қасиетін ылғи өткен шаққа ұйғарып, соған деген сағыныш сезімді өршіте түсуге әуестігіміз бар.

Жамбыл мұражайында ұзақ жылдар директор болып қызмет істеген жазушы Мұқаметжан Етекбаев ақынның бір ауылдасына сыр ғып айтқан әңгімесін естіген екен. Мәскеуге алғаш сапар тартып бара жатқанда Жамбыл мезгіл-мезгіл тоқ етіп ұйықтап алатын көрінеді. Алакөбең мезгілде мызғып барып оянып кетіп әлде бір заттан қарманғысы келген бе, жан-жағын сипаланып қарапты. Түгі жұп-жұмсақ бір нәрсеге қолы тиіпті. Кө-

зін ашып кеп қараса — аяқ-қолын соза көсіліп жатқан қызыл жолбарыс екен депті. Содан дереу ғайып болып кетсе керек. «Құдай жолымды оңғартады екен» депті жөнделіп отырып. Қаперсіз ұйықтап жатқан немере інісі Сатышты таяғымен түртіп қап тұр деп әмір беріпті. Дәретін алып, намазын оқып боп қайтадан қисайса керек. Өң мен түстің арасындағы осы бір жағдайдың өзін дәтке қуат етіп, пір тұтатын әдет Жамбылды талай ажалдан алып қалған да сияқты. Жамбылдың киесімен бұрын қандай жағдайда жолыққаны жөнінде көп әңгіме айтыла бермейтін. Демек оны өз ісінде құпия күйінде сақтаған. Болары болып, әбден бояуы сіңген уақытта басына қонған бақытты Жамбыл жатырқамаған да, көпсінбеген де. «Жамбылдың бағы бар шал» деген түсінік халық арасына кеңінен тарап кеткені сонша, оның есімі аталған сайын сол бағы да қатар айтылатыны бар. Айналып келгенде, осы бақ мәселесі Жамбыл ғұмырының өзгеге ұқсамас бағдарын танытатындай. Былайша алғанда, Қорқыт өлімнен қашып, өлмес ғұмыр көксесе, Жамбыл өмір сынынан тайсалмай бақ іздеп шарқ ұрған. Тіпті өзі жырлаған сан-мың аңыздардың ақтық шешімімен оның ақыл-сана жүйесі үндестік тауып, сондағы жақсылық елестерді нақты игілік ретінде қабылдау дәрежесіне барған да тәрізді.

Аман жеттім бұл күнге
Ойды-қырды аралап,
Жалғыз атты сабалап,
Серік қылдым өмірге.
Домбырамды өңгеріп,
Өзіме-өзім дем беріп,—

деп, ағынан жарылуы жоғарыдағы сөзіміздің толық айғағына жүре алады. Жамбылдан бір ғажабы, торығып, тоқыраған жолдарды кезіктіре алмайсың. Өзінің рухына деген сенімі мығым, соның арқасында азаматтық шығармашылығына селкеу түсіріп көрмеген. Түптеп келгенде үзіліп тынар осал буындар кезікпейді. Мұндай таусылмас қуат халық тәрбиесінен нәр алғандардан ғана ұшырасады. Оның осы бір қасиеті алайда ауызға көп іліге бермейді. Бәлкім бұл ұғымдарда бәлен деп айта қалар күрделі түйіндер жоқтығынан да шығар. Тек белгілі дәрежедегі адамгершіл биікке көтерілудің нұсқасын іздеген кезде, оны сөз жоқ, Жамбыл болмысынан молынан таба бастайтынымыз хақ. Жазушы Қапан Сатыбалдиннің Мәскеуге барғандағы Жамбылдың қылықтары жөнінде жазған естелігіндегі бір жағдайға еріксіз назар тоқтатасың. Жамбылдың әуелі негрді бірінші рет көргендегі керемет алған әсерін айта кеп: «Карт жырау оны жатсынған жоқ, қайта аяныш сезімін білдіріп,

ол келгенде ылғи жақсы шырай білдіріп отырды.

— Көзін көрдің бе, жетім ботаның көзіндей. Қайғы басқан адамның көзі дайым осындай болады. Ішқұса күйік жеген байғұс екен бұл,— деді Жамбыл, бірде бізбен бірге дәм татып отырған Родоға қарап»— деп жазатыны бар. Қарт ақынға деген ықыласын негрдің халық әндерін айтып білдіргенде Жамбыл қасындағыларға: «Ботасы өлген інгеннің боздағаны сияқты әні зарлы екен, мына бейшараның көрген күні күн емес шығар»— депті. Кісінің көзіне қарап барып түйсінудің аржағында жаны ашырлық сезім жатқаны айтпаса да түсінікті. Бірақ тап осы сықылды ұлт бауырмалдығында ұлттық аңғалдық жатқандай көріне береді. Жамбылмен Ұзынағаш базарына бірге барған Мария Лизогуб оның замандастарымен ұшырасқан сәттерін көз жазбай бақылаған көрінеді. Бір-бірлерінің иықтарына қолдарын артып қойып қауқылдаса әңгімелесіп келіп әуелі жамыраса күліскен. Ара-арасында көздеріне жас алып, соңынан бәрі ән шырқауға дейін барған. Ал бұл жағдайды Жамбылдың қасында жүрген әдеби хатшыларының жазбаларынан да ұшыратпаппыз, ауыл қарияларының аузынан да естімеппіз. Суретші әйелдің оқырманды бәрібір алдап тұрмағанына шүбәсіз сенесің. Сөйтсе де олардың алғаш күліп алып, соңынан көздері-

не жас алған себептерін білгің келеді. Сол арада тіпті қандай ән айтылды екен? Жұмыр басты пенде болған соң Жамбыл да көзіне жас алған шығар!

БІЗ ЖАМБЫЛДЫ КӨРГЕН ЖОҚПЫЗ

«Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа».

Бұл секілді сөз бүкіл әлем әдебиетін оқып тауысып барып, шығармашылық тәуекелге бас тіккен ұлы қаламгерлердің ғана аузынан шыға алатын ақиқат.

Жамбыл артықшылығының өзі қалам ұстамағанында жатыр.

Ақ боз атына мініп, ақ домбырасын өңгеріп, ақ сақалын желбіретіп, ақ өлеңді дариядай ағытқан Жамбыл тек үйлесімділіктен ғана тұрады.

Ауылдастары соғысқа аттанар кезде Жамбыл және ақ батасын берген.

Соның бірі Күлкібай:— Жәке, түс көрдім. Екі жағымда екі орыс кісі қыдиып тұрды,— дейді.

— Е, күлімкөз момыным, ағайынды екеуің

де соғыстан аман-есен оралады екенсіңдер. Аталарыңның әруағы өздеріңді қорғап, қоршап жүр екен ғой,— депті.

Құдайсыздар қоғамының бас жыршысы болғанына қарамай Жамбыл аллаға сиынып, әруақтардан әрдайым кешірім сұрап отырған.

Бір ғажабы құдырет оған кеңшілік жасағандай көріне береді.

Жамбылды толық түсіне алмай келе жатқан біз ғана.

Ақынның рухани қасіреті кеңестік жүйенің артықшылығын я Сталинді толассыз жырға қосқандығында ғана емес.

Жойымпаз іліммен қаруланғанына қарамай қағанағы жарып шыққан өз ұлдарымыз Жамбылды қазақтың ауызша өлең шығару қасиеті жөнінен шежірелік сипатты толық иеленген тұлға екенін терең түсінді. Бұл жорада бірақ аса көрнекті ең соңғы тұяқ екенін сезіне білмеген сыңайлы. Ол үшін кінәлау әйтсе де орынсыз. Қазақтың рухани ахуалына ол кезде Жамбыл сынды шығармашылық тұлғалар үстемдік етіп, солардың сөздері ғана рухани айналымға түсіп отырды. Көп ақындардың іргесі сетінемейтіндей көрінуі мүмкін ғой. Әлеуметтік катаклизмдердің ауылы әлі алыстау болған соң тап мұндайда тұрған және ешқандай сорақылық та жоқ. Бұл жерде Жамбыл талантын тану дәрежесі сол кездеақ теңгермешілдікке ұрына бастаған белгіле-

рі барын байқаймыз. Жамбылдың ақын тұстастары көп болған да шығар? Бірақ солардың біршамасының есімдерін тарихтан неге жеткілікті түрде біле бермейміз? Әлеуметтік жағынан одан әлдеқайда мол елдің игі жақсылары саналатын көптеген ақылды адамдардың санаткерлік шағы бір ғұмырлық мерзіммен ғана өлшенетіні осындайда ойыңа еріксіз оралады. Өмірде әділеттің болмауы мен шындықтың тарихта ғана үстемдік ететіннің екеуінің арасында өркениет дүниесінің ешбірінде жоқ қазақы өлшем бар сияқты боп көрінеді де тұрады. Оны және алдамшы елес, жалған әсерге балағың келмейді. Бәлкім осы тақылеттес сезініс ті әлі күнге дейін мият тұтып келе жатқан шығармыз? Сол кездегі қазақ оқығандарының қоғамдық ойы қанша дербес дамыды деген күнде бодан елдің ортасынан шығып, атасы басқа билік жасаушы жұрттың оқу орындарында білім алғандарын ескере бермейтін болармыз. Тіпті олар өз ұлтының рухани діліне өзге ел зиялыларының өлшемімен қарауы да мүмкін ғой.

Алмағайып заманда қазақ ақындығының ерекшелігін ескеріп, еркімен санаспастан рухани екіге қақ жарып бөліп тастау етек ала бастаған уақытта ұрпақ алдындағы болашақ жауапкершілік сезім ұлттық сана жүйесінің мүддесінен тысқары қалу трагедиясы халықтың шығармашылық өрісін кенінен жайлап

алған сыңайлы. Қөзқарас еркіндігі үшін ғана жаппай жазалау етек алған кезде Мағжанның Жамбылға арнап шығарған өлеңінің бір түйткілі бардай көрінетін де тұратын. Ғалым Шерияздан Елеукеновтың бұл орайдағы айтқан ойы көкейге қонатыны да рас. Онысы зұлматтан жанын арашалап алғысы келген амалы ма, бейімделуі ме, жоқ тіпті қорқақтығы ма? Мағжан шығармашылығындағы тұнған зиялылыққа қарасаң жан сауғалайтын әрекетке бара алмайтын-ақ сияқты. Бүгінгідей еркіндік заманда қалай сөйлеп, қалай шалқысаң да сиымды. Бұл бірақ үйінде отырып ап қоқандап кіжінудің керін қайталайды. Ондайда кім де болса батыр келетіні белгілі. Тоталитарлық жүйе басқаны былай қойып Жамбыл тәрбиесіне көңіл бөлген десек бұған біреу сенер, біреу сенбес. Онымен тұрақты түрде шұғылданып отырған. Бұдан тоталитарлық жүйенің кімді болсын иіп, өзінің дегеніне көндіруге ұмтылған құдырет иесі болуға тырысқанын көреміз. Партия тарихы институтынан бір ғалым Жамбылға қатысты бірқатар деректерді тапқанда қатты таң қала дал болған. Жамбылдың онда қай уақытта жатып, қай уақытта тұрып, қай уақытта серуендеу керектігі жөнінде күн кестесі болса дұрыс-ақ делік. Әйтеуір адамшылықтан алыс кете қоймайтын бірдеңесі бар. Ондағы сорақы нәрсе Жамбылмен қай кезде саяси сабақ өткізіп,

қай кезде кино көрсетіп, кімдермен кездесу керектігіне дейін белгіленіп, оған қандай адамдардың жауапты екені көрсетіліпті. Ал ол жауапты адамдар кімдер дейсіз ғой. Сол кездегі республика басшылары Скворцов, Шаяхметов, Қазақбаев. Тоталитарлық жүйенің күні өтіп кеткен соң мұншалықты аярлықтың құйрығы қазір бір тұтам сияқты. Ол кезде мемлекет жарылқаушы тұрғыда танылып, партияның халыққа деген альтруизмін шексіздік дәрежеде көрсете білді. Онысын және ешқандай сатуы жоқ ашық-жарқын ыңғайда қойны-қонышы кең ақ көңіл аңғалдықпен істейтіндей әсер беретін. Ар жағында зымиян көлгірлік жатқанын тіпті сездірмейтін еді. Коммунистік идеология өз жолында жекелеген тағдырларды қиып жіберуге әзір еді. Халық игілігін төгіп-шаша беруден қымсынып коймайтынына талай мәрте көзіміз жетті емес пе. Жамбылға деген мемлекет тарапынан жасалған қамқорлықтың бәрі кейбіреулердің дұшпандық пиғылын қатайтып, өрши түсуіне түрткі болып қана коймай, оған жауапсыздықпен жабыла беретін жалаларды тым молайтып жіберген еді.

Қазақтың ауызша шығарушылық үлгіге әлі күнге үйірсек келетіннің сырына ғылыми зерттеушілік назардың жөндемді түспей отырғанының себебі кейде түсініксіз көрінеді. Жиырмасыншы ғасыр аяқталар мерзімінің

ұшпамыш кезеңінің тура үстінде тұрмыз. Бір таңқалатын нәрсе қазақтың ел ағасы саналатын іргелі азаматтары суырып салма ақындарға әлі күнге дейін үйрілгіш, мейірбан. Мұның сырын бір-екі ауыз сөзбен тұжырып айта салу оңай емес сияқты. Бұл жағынан алғанда қазақ шенеуіктерінің әлеуметтік зерделерінің өлмейтін өміршең келетіні қайран қалдырады. «Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» деген Абай қағидасы демек әлі көкейкесті. Абайдың өз заманында келген мұндай қорытындысы тікелей ел жақсыларына бағышталғаны белгілі. «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз» деген дәл анықтамада бұрын көп айтыла қоймаған әлеуметтік жағдайлардың жатқанын бағамдауға болады. «Мақтан қуған мал құмар нені ұға алсын» деп өкініш білдіруінен рухани ахуалдың сол кездегі мүшкіл халін көреміз. Осыған байланысты ендеше мынадай ғана қарапайым байлам жасауға болады. Қазақтың қолма қол суырып салушылық ақындық өнері көп жағдайда шенеуіктік құрылымға тәуелді болып келген. Қазақ шенеуіктері қазіргі тілмен айтқанда, ақындыққа көбіне жарнама құралы ретінде қараған. Ұлттық жаңғырудың әртүрлі құбылысы барысында айтыс өнері де бүгін қайта өрлеу сипатын алғандай әсер беретіні бар. Он тоғызыншы ғасырға қайта шегіндірудің мұндай мысалын қалам ұстаған кәсіпқойлар қанша місе тұт-

паса да, рухани айналымға түсіп, десі жүріп бергенін тым кеш сезінді. Балалық аурудан айықпағандықтың бұл секілді салдары шаң беріп өткен сайын өнердегі кәсіпқойлықтың жалпы маңызы кеми түсті. Қазақ ақындарының арасынан айтысқа тап Жамбылдай еңбек сіңірген адам некен-саяқ. Бір-ақ Жамбылдың санаткерлік шағы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмасыншы ғасырдың бастапқы кезеңін қамтиды. Одан бері заман да, адам да өзгерді. Ұлт шығармашылығын таразыға салып безбендеген уақытта ауызша шығарып айту үлгісінің үлес салмағы енді басым түсе қоймайтыны белгілі. Өйткені біршама рухани есейдік. Жиырма бірінші ғасырдың есігінен былайынша батыл аттап, байыппен кіруге тиістіміз. Қазақ топырағында оның үстіне әлем жұртшылығына ұялмай ұсына алатын айтулы шығармалар дүниеге келді. Экзотикалық жоралғыларды ұстын тұта беруді осы ғасырдың еншісіне қалдыруымыз керек. Бізде әрбір шараның рухани науқанға айналуының ақырғы шешімі мемлекеттік құрылымға тіреліп тынатын бір қашанғы әдет бар. Тарихи тұлғаның жаңа кезеңге сай алар орнын лайықтап белгілейтін тиісті мамандар емес, шонжарлардың аузынан шығатын бір ауыз лебіз бұлжымас үкім тәрізді қабылданады. Екі араға байланыс орнатуға мүдделі күштердің аты өнер иесі де, заты ақын-жазу-

шылардың арасынан шыққан аристократия сияқты бірдеңе. Бізде «поэзияны дана боп бастап, бала боп аяқтаудың» себеп-салдарын осы төңіректен іздесек, біраз жайға көзіміздің нақ жете түсетіні де сондықтан. Социалистік жүйенің шығармашылық біткенді есепсіз қанаған мысалын Жамбыл тағдырынан алсақ та жеткілікті. Жамбылдың төңірегіне шоғырланған әлгі аристократия оны рухани сауын сиыр ретінде көріп, одан тоқтаусыз шығып жатқан «өнімдерді» айырушы қызметін атқарғандары жасырын емес. Бұл үшін оларды жазғыру да орынсыз. Осы бір мәселеге қайта-қайта айналып соғып, қазымырлана қозғай беруіміздің төркінінде, Жамбыл Ленин мен Сталинді, партияны, оның қайраткерлерін жырға қосты деп кінәлағанға келгенде жүйрікпіз. Өзгелер құдды конформизмнен сау қалып, рухани болмыстарына қылау қондырып көрмегендей күпіне жөнелетіндеріне не жорық. Жамбылдың трагедиялық керін аңқаулықпен қайталап келе жатырмыз. Бәлежаланың бәрін Жамбылдың бір басына үйіптөгіп, аталық жауапкершілікті соған ысырып сап өзіміздің құлан-таза боп шыға келудің жолы болсын. Қалай болған жағдайда өлеңді ауызша шығарушылық бұл ғасырда профессионалдық өнерге жатпайды. Өз заманының ой ағысын көкірегіне тұтас қондырған Жамбыл егер арамызға қайтадан тіріліп келе қал-

са қазіргі суырып салма ақындардан қандай басты айырмашылығымен көзге түсер еді деген шартты салыстыруға бір уақ баралықшы. Жамбыл ең әуелі қазіргілердің айту мәнерін түсінбей дал болатын сияқты. Өйткені сондай шапшаң ұшқырлыққа таң-тамаша боп, жиылған көпшіліктің неге мәз болып күлетіндеріне айран-асыр қалатыны хақ. Өткен ғасыр ақындары өз көңіл-күйі арқылы өз уағының әлеуметтік жағдайының қыртыстарын қопарып ашып тастайтын. Ондағы уақыт, жағдаят, кеңістік секілді өмірлік шарттарға тәуелсіз салт-сананың тигізген септігі де біршама. Әлеуметтік институттар орныққан бүгінгі жағдайда айтыс осынау өлшемдерге сиымсыз. Сөйтсе де соған бейімделудің нышандары жеткілікті. Қазіргілер айтқыштық жағынан келгенде едәуір жинақы, тапқыр да татымды көрінгенімен ішкі мұң-сезім мен көзқарас түйінін жеткізудегі уыты солғындау. Сайқымазақтық ыңғайға ден қойған үрдіс аудиторияның көңілін аулауға ғана құрылған. Демек оның әсері құйындатып өте шыққан өткінші жанбырдың нөсеріндей ғана. Қолма-қол шығарушылық ақындық өнердің қазіргі беталысы қазақ ой ағысының ескілікті инерциясын сақтаған. Жамбылдың қолынан ақындықтан басқа кәсіп келмеген. «Өлеңмен қайыр тілесе де» күнін көріп, тұрмысын жалғастырған. Қазір жағдай мүлде басқаша. Ақпараттар ағы-

нының тасқынды заманында өмір сүріп отырмыз. Оқу орындарының аудиторияларында азды-көпті оқыдық. Шалахаттық жағдайдан дәрежеміз анағұрлым жоғары. Сөйте тұра моральдық жағынан алып қарасақ, мақтау мен даттаудың шеңберін шиырлай берудің баяғы ескі сүрлеуін көреміз. Өте түсініктіліктен тұратын бүгінгі қолма қол шығарушылықтың қызбалау құйылысы қазақтың қарапайым жұртшылығының эстетикалық талғамына перде тұтып қойғандай көріне беретіні бар. Талғам мен қабылдау қашанда тең құқылы екені белгілі. Көзқарастар жүйесіндегі кереғарлықтар бір-біріне көнтерлі көнбіс. Сондықтан онда демократиялық пиғылдар басым боп келеді. Большевиктік ілімнің догмалық аясында өскен посткеңестік адамдар дүние құбылыстарын көбіне ақ пен қара түстен көретұғын дағдыдан айнуы қиынға соғуда. Соның да салдарынан өнерден ауылы алыс қонса да өзіндік үкім шығарып, өзіндік кесім айтудан қымсынып қоймайтындар әліге дейін кезігеді. Осыдан келіп бағалаудың әлеуметтік әділеттілігіне елеулі нұқсан келіп жататынын көріп те, біліп те жүрміз.

Бұл жағынан оңбай жапа шегіп жүргендердің бірі — тағы да Жамбыл.

Жамбыл өмір сүрген аймақтың қонсылас ауылдарының бірінде үлкенді-кішілі адамдар отырысының үстіне түскеніміз бар еді. Әуелі

Өтеп деген ақын жөнінде сөз қозғалды. Қыза-қыза кеп оны ақыры Жамбылдан да асырып тастауға дейін барды. Бағалау жауапкершілігінен махрұмдау кейбіреу көзжұмбай шешімге осылай жорықсыз бара салатыны әлбетте қиянат. Шығармашылық кәсіпке тиіп-қашып араласатын кез-келген адам бірді-екілі сәтті туындыны дүниеге әкеле алады деген ұйғарым шындыққа қаншалықты жанасатынын кесіп айту да қиын. Шығармашылық сапардың шиырында із тастап, ұстын болып орныға алды ма деген сауалға уақыт қана жауап беріп, төрелігін сол ғана жасайды. Жамбылдың туғанына 150, дүниеден көшкеніне биыл тура 51 жыл болыпты. Одан бері «талай шаш ағарып, талай бас қуарғаны да» мәлім. Жамбылдың рухани екінші өмірі өз ажалымен әлденеше рет бетпе-бет кездесіп, әруағы ылғи да жеңіп кетіп жатады. Сондай да оның көкжиегі де кеңи түскен сияқты көрінеді. Тарихтың терең орына оны жығып құлатып, рухани мәртебесінен біраз төмендетіп тастауға ұмтылыс танытқан күштер сондайда тым-тырыс қалатыны да қызық. Жамбыл әрбір кезеңнің жаңа ұрпағымен аман-есен қауышып болған соң қайтадан шабуыл басталады. Жамбыл бағасын кеміте түсудің айла-шарғылары көбейген сайын шетсіз де шексіз рухани айдынның толқынды өрінде шамшырақтай жарқырап көрінетіннің сыры неде? Жам-

былдың рухани өрісінің тірек нүктесіндегі тартылыс күште ұлттық жоралғылардың космостық санаға ұштасатын әлемдік ауқым жатқанына біз әлі көп дендей қойған жоқпыз. Космостық сана жаратушы құдыретке ғана бас иген. Қалған жағдайдың бәрінде өзінше ілгері басып, даралық танытудан бір сәтке айнығаң емес. Ойшылдық дүниедегі құбылыстардан бір қарағанда, бейғам, бейхабар жатқандай көрінетін ұлттық қабылдау мен түйсіну арқылы күллі ағымға өзінің ділі бойынша ғана ілескен. Әйтседе қазақтың кең қолтық жаратылысынан өзгеріс атаулы жеңіл-желпі байқала салмайды. Бірақ біздер ата-бабалық салттан басқашарақ қалыптастық. Сондықтан кейде сабыр сақтай алмай қаламыз. Біртүрлі дегбірсізбіз. Сөздің бір ретінде Жамбылдың әлеуметтік зердесі қазақ тарихынан замандастық жорасына жүре алатындай феномендік құбылыс дегенді айтқан болатынбыз. Жамбылдың бұл арада тым ұзақ ғұмыр кешіп, тоталитарлық жүйенің құрсауына ілінгендігін, керек десеңіз тарихтың қатал сынында қазақ халқының шығармашылық мүмкіндігін танытудың бодауына жүрді деп түсінсек қателеспейміз. Жамбыл өзінің әлеуметтік зердесінің үздіктігіне қоса европалық білім алғанда бар ма, Рамбиндранат Тагор дәрежесінен бір мысқал кем емес шығыстық құбылыстың біріне татыр еді. Енді ол ешқашан

орындалмайтын арман. Сөйтсе де еш өкініші де жоқ. Ғылыми дайындығы шамалы пақыр болған соң эттең амал не! Әйтпесе осынау тұжырымдардың бетінен ғана қалқып өтуді қанағат тұтпас ең. Жамбыл құбылысына тап осы мәселе тұрғысынан үңілгенде бар ма, оның ақындық түп-төркінін жарқыратып ашып, тұлғалық сырына тиянақтай түсетініміз хақ еді. Әңгімеміздің ұзын ырғасында Жамбылдың Досмағанбетпен айтысының беташарында Асанқайғыны Асекең деп әспеттейтін жерінде өзіндік қызықты сыр жатқанына тоқталған сияқты едік. Бұл ара әсіресе Жамбылдың парыздық сезімінің күштілігін жарияғып тұр. Өзінен төрт-бес ғасыр бұрын өмір сүрген тұлғаға деген мұңшалықты етене жақындық пен құрмет ұлттық тарихты өте жақсы меңгерген адамның аузынан шыға алатын жайт. «Асекең, Бұхар жырау арманда өткен». Бұрынғы-соңғы қазақ айтысында тап мұндай тұжырым кезікпеген. «Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа». Ішкі қайшылыққа бару арқылы есеюінің бұл бір парасы болса, ақынның әлгіндей жолынан жан дүние тұтастығын аңдаймыз. Өзінен бұрынғы өткен рухани тұлғалардың жаратылысындағы ерекшеліктерді зерделей алатын Жамбыл қоғамдық ойының сергектігін де байқатады. Оған қоса мұнда азаттық сүйгіш азаматтық қыры да жатыр. Дей тұрғанмен әр заман өзінің бұқаралық си-

паттағы өнерінің өрісінен көпке ұзай қоймайтын сыңайлы. Жамбылдың оппоненттері пікірталастың осындай астарлы жағына қарай әста аттап басып бармайды. Сол уақыттың әлеуметтік шындықтарынан жер бауырлап көтерілуді ғана мақсат тұтатын сияқты. Бір тартыстың үстінде Жамбылдың «айтар сөзім көп еді, әдейі артық айтпадым» деуінің өзі көп мағынаны мегзейді. Ол егер өткен-кеткен ұлы әруақтардың рухани құзырына құлдық ұрып, кішіктік қалпын танытып қана тұратын болса, онда ол фундаменталистік аядан алысқа ұзамаған ақынның кейпін елестетіп өтер еді. Жеме-жемге келгенде оның бүлікшілдікке бейім тұратын ерекшелігі байқалмай қалмайды. «Шын қызсам, сөзім жалын, домбырам найза, құрсаулы сауыт болар маған шекпен», «мықты болсаң Құлманбет күрескеннен жығылма» дейтін сөз орамдары, міне, соның толық айғағы. Ал Жамбылдың қарсыластарынан ашық айқасқа тіленген пиғылдар бұғынып жатпайды. Ондай лебіздер егерәкім шыға қалған жағдайда Жамбыл одан сайын өршеленіп кетеді.

Бұған қарап Жамбылды ұрдажық мінездің иесі екен деп ойлап қалуға және де болмайды. Ол көп сөйлемейтін кісі еді дейтін көне көз қариялар. Миллион жол ұйқас миына жазылып қалған адам көп сөйлемейтін еді дегенге біртүрлі сенбейтін сияқтысың. Бекер

обалы кәне, коммунистік идеология адамгершілік хақындағы әңгімені армансыз боратып, баспасөз бетінен аямай орын бермеуші ме еді. Сонда бір эстеттің ұлы тұлға жөнінде жазғаны жадыға жатталып қалыпты. Ол өмірде көріксіздеу адам еді, мұрны қолақпандай, бет-пішіні сопақтау келген сүйкімсіз, мандайы кушиыңқы біткен кісі еді дейді. Бірақ жүзіне барлай қарап үніле түссең оның терең адам екеніне көзің жетеді, ешқашан екі сөйлемейтін қасиетін танисың. Ендеше Жамбыл да қаудыраған шал. Жалпақтау бүйрек бетті келген, бітік көзді кісі. Әбден қажып, жанарының алды ісініп көлкілдеген суретіне дайындықсыз қарай қалған адам кәріліктің қорлауынан шошынып кетуі ықтимал. Нысанадан назарын тайдырмай қадайтын нұры әлсіреген әрі қызыл ет басқан шырағында дүниеге парық салар қариялық үстемдік барын сезіне түсер еді. Сыр тарта шола түссең ұлттық нұсқадағы адамгершіл ойлы қалпында сонау бала кезден таныс шалдардың көпшіл әкелік мейрімін сезінетіндейсің. Етжүрегінді сол замат бір зарығу сезімі шым еткізе түсетін секілді. Бұрынырақта бір әңгіме үстінде Жамбылдың өні қандай болған еді,— деп, Шаштай ақсақалдан сұрағанымыз бар. Біраз бөгеліп барып: «Ақсұр кісі болатын»,— деді. «Ақсұр кісісі несі? Жамбыл қараторы адамға жатпай ма?» деп іштей ойлап үлгердік. Қа-

зақ жалпы адам өңін жылқыға ұқсата түстейтінін шамалайтынбыз. Қазақтың көзімен адамның өң-түсін айыру бәрібір оңай емес. Сондықтан оның бұл анықтамасына таң-тамаша болғанымыз рас. Шал әлі де дәл айта алмай отырғанына қиналған сыңайда: «Жоқ, боз кісі болатын»,— деді кәміл сеніммен. Егер Шаштай ақсақал болмаса, Жамбылдың өңі боз болғанын айыра алмаған-күйі кете беретін бе едік.

«Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу, сол ғана жүрегіме берген жылу»— деп жастау кезінде айтқан уәжінің өзі Жамбылдың адамгершілік нұсқаны ерте бастан көздегенін аңғарта түсетін жайіт. Ағартушылық жүйесі қалыптаспаған көшпенді елдің гуманистік тұрғыда жетілу барысына күмәнмен қарау қалай, қандай жағдайда пайда болғаны белгісіз, әйтеуір өмірде бары анық. Кешегі бәлкім, ұлы орыстық насихаттың жорықсыз өршуінен шығар. Ұлттық болмысымыздағы кем тұстарды көргіш, соларды және қаузап, шиырлап шықпай қойғыш әдет пайда болды. Ақырына дейін жетіліп, мінсіздікті иелену мүмкін емес. Өркениет дүниесі бұл жайында бас қатырып та жатпайтын сияқты. Біз де соған қоса аты шыққан әруақты адамдардың осал тұстары туралы айтылмайтын үрдіс бар. Олардың да жұмыр басты пенде болғаны дереу ұмытылып кетіп, әулиелік сипат ала бастайтыны кейде

тым негізсіздікке жол беріп қояды. Содан туындай жөнелген аңыздар өсіп-жайылып кеп кешегі таныс бейне көз алдында таудай тұлғаланып кетеді. Бұл өзімізге өзіміз кінәмшіл мінезімізге керағар қасиет. Аңыздардың да демек күнгейі мен көлеңкесі болатыны заңды.

Бірақ аңыздардың көбінің ниеті ізгі, әрдайым жақсылық мұраттарды көздейді.

Бірақ аңыздарды да әртүрлі адамдар шығарады, біреуінің көркемдік қиялы ғажап еркін де, келесісінікі бұрын естімесең де сондай үйреншікті боп көрінеді.

Жамбылға деген көзқарастардың әрқилы қалыптасуына жоғарыда мысалға келтірген жағдайлардың мың-сан түрі себепкер. Ақын жаратылысы ең бірінші ұлттық құнардан тұратынын ескермеу басым. Жамбылды алдында мадақтап марапаттаған кейбір адамдарға сену де қиын. Өйткені ол райларынан тез айни қап, қайтадан жазғыра бастайтындарды да кезіктіргенбіз. Оның ең жаман жері бастапқы мадақ әрекетін біреудің құдды зорлығымен істеп, еркіндік өзіне енді жаңадан тигендей барынша көсіліп сөйлей жөнелетіндерін қайтерсің. Бұл қылықтарында бір кілтипан барын іштерінен сезетіндіктен барынша қоюлата түсірем деп сөздерін қараулыққа дейін ұластырып жіберетіндер де баршылық. Ондайларды сонда Жамбылдың әруағы неге

ұрып кетпейді екен деп ашулы ойға амалсыз берілесің.

Соншалықты құрмет көрсетіліп, дақпыртдабыраға ие болып жатқанымен Жамбылдың рухани екінші өмірі осыған қарағанда аса бақытты емес шығар, бәлкім.

Қараулықпен қалыптасқан ұғымдардың итжанды келетіні қайран қалдырмай тұрмайды. Өмір бойына қара жұмыс істеп, кезектегі шаруаларын тындырып, мал соңында жүрген адамдар да өнер иелері жөнінде пікір айтуға хақылы. Бірақ олар ұлттың рухани сорабын нәзік ажырата алады деп кесіп айта аламыз ба? Біздің ұлттың ділінде дақпыртқа еліккіш келетіндік барын несіне жасырамыз. Кездейсоқ айтылған пікірлер бір жаман жері жайылғыш. Таңдаған жолынан белгілі дәрежеде нәтиже шығара алмағандардың да ар жағында бұғынып жатқан бірдеңе бардай. Ақырына дейін айнымай мінезділік танытып, қиын сындардан тайқып-тайсақтамаған шығармашылық иелеріне деген қызғаныштың қызыл иті іштерін тырнап жататындар қаншама. Шығармашылыққа біржола орныға алмағандардың пенделік шамшылдығы ырық бермей әзәзілдік пиғылға бой ұруға дейін барады. Сондайдың кесірінен аққа қара жағылады, қарапайым жұрттың талғамдық бағытынан адастырып жіберуге бұл елеулі қызмет етеді. Байқасақ, Жамбыл да қарау ниеттілердің ша-

буылына тынымсыз ұшырап отырған. Жамбыл көп сөйлемейтінге қоса атаққұмар да болмаған. Ондағы ынсап-ұяттың мол ұлттық зиялылыққа тән қасиеті неге екені көп ескеріле бермейді. Мүмкін біз оны толық түсіне алмай жатқан шығармыз. Әлгі қауесет арқылы қабылдап, содан шығарған қорытындысын бұза алмай жүрген адамдар сараптау мен бағалаудың қыр түсінігінде қалған. Қыр түсінігі қашан да бір мойын келеді. Ол Жамбылға да едәуір обалын жасап жүр. Қырдан өрбіген түсінік қалаға орнығады, тамыр алып, жапырақ жаяды. Қыр қазақтары Жамбылдан да жоғары қойған Өтеп ақын жүз жасаған қариядан кезінде бата сұрауға дейін барған екен. Бата мәселесіне Жамбыл өте-мөте кірпияз қарап, тым нәзік түсінген. Қазақ ғылымы мұны толық ашып болмаған құпияға ұқсай береді. Бұдан тура елу жыл бұрын Жамбыл жөніндегі көркем фильмде бата алуға айрықша көңіл бөлінгеніне зер салып қарасақ, әжептеуір әлеуметтік мән жатқанын сеземіз. Фильмнің сол кездегі кеңесшілері қазақ халқының діліне бізден гөрі елу жыл жақын тұрған артықшылығын иемденіп қана қойған жоқ. Соның қайнаған ортасынан шыққандығының арқасында режиссер еркін өздеріне бағындыра білген. Демек олар бұл рәсімнің ұлттық маңызына мемлекеттік мәні бар шарадай қараған. Дей тұрғанмен тотали-

тарлық жүйенің құрсауында қап, қазақ тұрмысын большевиктік идеологияға сиымды ғып көрсетуге күш салу да жоқ емес еді. Сөйтіп Сүйінбайдың рухани мұрагеріне бата берудегі әрекет ұлттық киелі дәрежеге көтеріле алмаған. Режиссер Дзиганның бұл жердегі айыбы таптық сананы күштеп кіргізуінде ғана. Әйтпесе батаның қасиетін ұлттық жоралғылардың төресі ретінде ұсынуы құптарлық қадам емес пе. Атасы басқа, ділі бөлек ел өкілінің бұл шешімі Жамбыл болмысын түсінудің бір парасына жатпай қоймайды.

Қазақты саяси-әлеуметтік апаттардың барлығынан құтқарып келген құдырет — бата сықылды рәсімдердің жиынтығы. Көшпенді халықтың романтикалық сезімі сөніп-жанғыш өр-ылдилы көңіл-күйлерден ғана тұрмайды. Әлгіндей ұлттық жоралғылардың ұлықтық нанымға айналуы жалпы халықтың болашаққа деген сенімін нығайтқан. Онда және жойымпаз ілім анықтаған соқыр сенім жоқтың қасы. Бұл керек десеңіз, ұлттық идеологияға апаратын тұғырнама. Қазақтың ұзына бойғы тарихында жалпы адамзаттық гуманизмге оңтай тұратын ынғайынан фанатизм белгілерінің шаң бермеу сырында адамгершілікті үнемі бағдар тұтуында жатыр. Өмірлік мұратын тұрмыстық ынғайы арқылы анықтаған қазақ жалпы практик халық. Европалықтардың көзімен қарағанда Жамбыл оқып-

тоқымаған, былайынша қараңғы адам. Ал Сүйінбайдан алған батасын өмірлік рухани тұмар ғып ұстанып, шешуші айқастарда Қарасайлап ұран шақыруы тектілігін парықтай түсуге итермелейді. Құдыретті таланттың иесі бола тұра Жамбылдың кісімсіп қоймайтын кішіпейіл қасиетінің сырын ұлттық құнардан нәр алуынан іздесек қана соның кілтін таба алатын сияқтымыз. Жамбыл ендеше қазақтың қолма қол шығарушы ақындық өнері қайта өрлеу дәуірінің ең соңғы тұтастықта жаңғырыққан көрінісі. Леонардо Винчи құбылысына татырлық қазақтық нұсқаға жатады. Европалық өркениеттің қайта өрлеу дәуіріне әмбебаптық қасиет тән. Қазақтың ақындық ерекшелігі де әлденеше қапталды болып келеді. Ақын яғни, қол бастайтын батыр, сөз бастайтын көсем, дау-жанжалға төрелік айтатын шешен, бітімгершілікке баратын мәмлегер. Жамбыл қазақ қоғамының басқаша әлеуметтік құрылымында дүниеге келгендіктен жоғарыда атап көрсеткен өлшем-бірліктердің талаптарына толық жауап бере алмайды. Өз уағының қайраткерлік қай-ісіне араласпаған ол тек өнерпаздық жолды таңдап, өз дәуірінің тек ақыны ғана емес, композиторы да, әншісі де, жыршы-жырауы да, шежірешісі де бола білді.

ТЕРІСҚЕЙ МЕН ҚҮНГЕЙ

Біз Жамбылды көрген жоқпыз...

Бірақ осыдан жиырма шақты жыл бұрын естіген әңгіме естен кетпейді.

Төстегі ауылдан ойдағы қыстауға қарай сәске шамасында шыққан бір топ қойшы Ащысу жайылымындағы жылжымалы ләпкіге бірақ келіп тоқтамай ма. Ашық машинаның үстінде әбден жауыраған олар бас-басына арақ алып, сол арада-ақ екі-үш шөлмегін босатып тастайды. Енді бұдан былай қарай милиция кезікпейтін болған соң арақ десе бәйге атындай аңқылдап шыға келетін шофер да ұстамсыз ындынының ырқына ілесіп, бүлкілдеген жұтқыншағынан әлденеше стаканды қылғытып үлгереді. Біреуінің қасындағы бес-алты жастағы баласына кәмпит әперіп, оны да мәзмәйрам қып қояды. Қайтадан бәрі машинаға отырып, біршама жерді артқа тастап барып, тағы бір өзекше тұсқа аялдайды.

Ерте күздің іңір қараңғысының алды еді. Шымырлаған салқын ауа. Көңіл елегзітер ұзыннан-ұзақ сұлық түсіп сұлап жатқан жапан дала. Көлеңке қоюланған сайын түп-түп

селдір жусанның құбақан түстері қарасұр реңктеніп, түгі тұтасқан қалың құйқалы құнарға малынғандай елестеп, тек қылтиған бастары ғана селтең-селтең етіп көңілді аулайды. Сонау өзекті қуалай өскен шоқ-шоқ ши айнала төңіректе өзінен басқа еңселі нәрсе жоқтығын сенімі кәміл сынды тәлімси бұрандайтын сияқты. Бастары жыл он екі айда бір қосылатын қойшылардың көңілдері желпіне түсіп, өткен-кеткеннен әңгіме қозғап, бір-біріне жарасты әзіл айтысып, ара-арасында күлісіп қояды. Жалғыз-жарым өмірге әбден көндіккен бұ жазғандарға осы бір кішкене отырыстың өзі Лұқпан хакім мың жасадым деген қызыққа бергісіз еді. Жүректерін сағыныш сыздатып алып бара жатқандай бауырмалдық сезімге еріп, арасында дауыстарын соза ән шырқап та жібереді. Беймезгіл бұйығы шақта селт етпес салғырт райынан айнымаған жаратылыс тұңғиық түнектің мұхитына біртіндеп еніп бара жатыр еді. Үлкендерде еш шаруасы жоқ әлгі кішкене бала машинаны айналсоқтап шықпай өзінше ойнап жүрген. Масайған сайын әңгіменің бастапқы қызуы қайтып, шырқы қашатын қашаңғы әдеті емес пе. Сол сол-ақ екен бәрі орындарынан дүр көтеріліп, жапатармағай машинаға келіп жайғасады. Жол-жөнекей әркім-әркімді үйлеріне тастап, тіпті кейбіреулер үйлеріне болмай қыстап түсіріп, тамақ жегізеді, тағы да арақ

ішкізеді. «Үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығарады» дегенді әлдеқашан араққа ұйғарып қойып, алдына келгенді атамыздан қалған сусындай сілтей беретін әдет шыққан жоқ па, баяғы. Жеті түннің бір уағында барып ең соңғы қойшы шофер екеуі ілініп-салынып қыстауларына әрең жетеді. Бір-екі ұсақ баламен жатқан әйел басын жұлып алып, өлеусіреген ондық шамның пілтесін көтере абыржып, таңырқаған сыңайда күйеуіне аңқая қарап қатты да қалды.

— Кісі көрмегендей сонша тесілгенің не, екі-үш күннің арасында жабайы болып қалғаннан саумысың. Шайынды қамда, тамағыңды сал, арағынды құй!— деп өкіректей жөнеледі.

— Әй, баланы қайда жібергенсің?— дейді әйел біреу естіп қоймасын дегендей ақырын сыбырлап.

Анау екеуі сыртқа тұра жүгірісіп, машинаның үстін қарайды. Бұлардың соңынан ілешала шыққан әйел бір сұмдықтың болғанын сезе қойып, шыңғырып жылап жіберген кезде маужыраған түннің шымырлаған ауасын қақырата жарған ащы дауыстан безе қашқан екеуі жолай түскен үйлердің бәрін қайтадан адақтап шығады. Қойшылардың бірі де қаперіне алып қоймаған екен. Ымырт қонақтаған кездегі арақ ішкен жерлеріне қайтадан салып-ұрып жетеді. Ішкен арақтарының бос

шөлмектері одан сайын үрей шақырып, уілдей боздап қарсы алады. «Беломорканал» папиросының төпелеме тұқылдары беломыртқаларынан бүктетіле ырсиып-ырсиып ағарандап жатыр. Бала үшті-күйлі жоқ. «Қасыма ілестіріп жүріп, арақ ішкен немді алған екен,— дейді әкесі басы-көзін тоқпақтап.— Сүйегіме өшпес таңба түсетін болды-ау»— дейді тағы тыныш тұрмай зар еңіреп. «Бұл бәрімізге де оңай тимейін деп тұр» дейді естияр біреуі күйзеліп. «Бала емес пе, беті ауған жаққа жүре берген шығар? Көлденеңнің кезінен сақтасын деп тілеңдер, періштесі қағар» дейді келесі біреу сабырға шақырып.

Ертесі қойлы ауыл түгел дүрлігеді. Атқа мінгені атпен, машинаға отырғаны машинамен өріс-өрісті түк қоймай сүзіп шығады. Содан ақыры не керек, кешегі келген жақтарына қарай бет түзеп, күнбатыстағы ескі қыстау дуалының қалқасында бүрісіп ұйықтап жатқан баланың үстінен түседі. Тап мына жатысында шошынып, шалық тигендік қауіп жоқ еді. Ақырын үн қатып оятқан кезде кейпінде төсегінен күнделікті тұратындағы жайбарақаттық бар еді. «Мына бала ешқандай сескенбеген»—дейді біреуі сол кезде. Ақ суының кесірінен батпандап артып алған күнәһарлық жүк иықтарынан сол арада-ақ сыпырылып түсіп, жеңілейіп шыға келген қойшылар баланы дереу сұрақтың астына ала бастайды. Бір-

ден жауап қатпай күмілжігеніне де назар бұрып қоймайды. Өздерінше сәуегейлік жасап: «Жүре беріп, жүре беріп, әбден сілесі қатқан соң мына ескі дуалды ықтап кеп ұйықтап қалған ғой», «Ойпырмай, баланың жүргені білінбейді екен-ау, екіаралық отыз шақырым тегі бар»— деседі. Сол кезде: «Бұл өзі Жамбыл колхозының жері емес пе?»— деген дауыстар шығады. «Жамбылдікі, Жамбылдікі»— деп бәрі қостай шуылдаса жөнеледі. Сол сәтте бала басын жұлып ап үлкендерге таң-тамаша боп қараған күйі: «Жамбыл деген барып тұрған сарań шал екен ғой, түні бойы қасымда жүрді, қанша сұрасам да бір үзім нан бермей қойды»,— дейді...

Иә, біз Жамбылды көре қойған жоқпыз, бірақ оған тым жақын тұрған екенбіз.

Елуінші жылдардың я аяғы, алпысыншы жылдардың я басы, әйтеуір сол кезеңнің алды-арты еді. Малды ауылды аралап жүріп өлең айтқан соқыр шал біртіндеп жадыңа орала бастайды. Қасына ерткен серігі екеуі қонып-жастанып жатып жеті түннің бір уағына дейін дастан хикаяларды баян еткен кезде тыңдаушы біткен қыбыр етпей отыратын еді. Қап-қара көзәйнек тағынған томпақтау жүзді, бұжыр беті қошқыл түсті кісінің өң-кескініне ұйып қалған көңілсіздік мүскіндік қасірет қияметінің хабаршысы секілді көрінетін де тұратын. Қолдан шабылған қазақы дом-

быранын құмығынқы үніне қоңыр даусы бірыңғай ілесіп, ара-арасында ғана шыршық атып айғайлап қойғанда манаураған тыныштықты сергітіп жіберетіндей сезілетін. Сондағы дастан хикаяның оқиғасы есте қалмапты. Осы жолдарды жазып отырған уақытта ол не қылған кісі болды екен деп еріксіз ойлайсын. Тоталитарлық жүйеде орнай қалған аз-маз жылымықты пайдаланып, елдің мүлгіп кеткен әлеуметтік зердесін оятуға күш салған рухани жәдігер тұлға ма? Өзімізден бұрын өтіп кеткендерді өгейсіп жатырқайтын құлық бізге қайдан жұғып жүргені белгісіз. Жаңағы соқыр ақын секілді мың-сан адамдар қазаққа аянбай қызмет істегенін елеп-ескеруден қалып барамыз ба, қалай? Сол соқыр ақынды өз көзімізбен көріп, жырын өз құлағымызбен тыңдау арқылы он тоғызыншы ғасырдың салтсанасына бір табан жақындай түскенімізді сезбей қалғаннан саумыз ба, тіпті? Жамбыл және оның төнірегіндегі бірқатар ақын-жыршылардың бізге ешқандай жаттығы жоқ екен қарасақ. Мәселен Мақыш Райымбеков орта ғасыр дәуіріндегі қазақ ақындығының рыцарлық салтын ұстаныпты. Қырғыз-қазақ бас қосқан жиындарда сайысқа түсіп, талай мәрте жеңіске де жетіпті. Баяндауымыздың әр тұсында есімі аталып қалатын Ыбырайымның немере ағасы сол Мақыш турасында әңгіме ел арасында кезінде жеткілікті еді. Көзқарас

жүйесі дұрыс қалыптасқан, өздері ақылға жүйрік, талғампаз қариялар қазір тым сирек кездеседі. Олардың шыншыл қасиеттері күнделікті өмірде болып тұратын кінәраттарды елетпей жіберетін сияқты еді. Ескі көздермен әрбір ұшырасқан сайын бұрын-соңды ешкімнен естімеген деректерді тыңдайтындай емексіп тұратының да рас. Міне, сондай қарияның бірі — қазір тоқсанға таяп қалған Қойкел ақсақал. Мақыш хақында сұраған кезде көзін бір қиырға сығырайта қадап ап: «Батыры батыр, ақыны ақын еді жарықтықтың. Сайысқа түскендегі киген сауытын анау-мынау адам көтере алмайтындай ауыр болатын,— деп біраз кідіріп қалды.— Көңіліне келіп қалып жүрмесін. Сендердің орыс баласына ұры-қары деген атақ қоса жамалатын. Міне, сондай жаман ат Ыбырайым ақсақалға жуығанын естіген емеспін». Мақыштың орнына мына шал Ыбырайымды айтып кеткені несі деп түсінбеген сыңайда таңырқаған да қойғанбыз.

Қазақ шалдарының әділетті айтуға келгендегі батылдары жететін қасиеттерін тарихи тұрғыда қалыптасқан ақсақалдық институттың беделімен тікелей байланыстырып қарасақ — ауқымын тым тарылтып алатын сияқтымыз. Сөзге тоқтаған менталитетіміздің ерекшелігін аса ұздік қасиетке балап, соған деген зарығу сезімінің күштілігін неге ұйғаруға бо-

лады? Бұл — салт-ғұрпымыздағы пайда болған экологияны көрсетеді. Біздің халық есжадысына сенім артып, тарихи жағдаяттарды қағазға түсіріп, таска бастырып отырмаса да, ол адамзаттың ғылыми озық жылнама-жүйелілік құрылымынан бірде-бір кем соқпайтын міндет атқарып келгені белгілі. Қабілет пен дарыны, қабылдау мен қорыту деңгейі әркилылығына қарамай, жауапкершілік біткен бәрібір үлкендерге жүктеліп келген. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын әлеуметтік зерде аманаты ұлт құрамының естияр бөлігінің үлесіне тиюі жаппай мәңгірттенудің қорғаныс түйсігін оятып, тосқауыл қойып отыруға мұрындық болған. Соның арқасында халықтың рухани иммунитетіне ешқандай нұқсан келе қоймаған. Ғали Орманов күнделігіне Жамбыл аузынан мынадай сөз жазып алған екен. «Асып тұрған ақылым жоқ. Жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ, оқымаған кісімін. Әйтседе байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым». «Халық көп біледісінде» мені дегенді Жамбыл әдейі қалтарыста қалдырған. Жамбыл болмысында көкірегін өрге айдап, өңменденген өлермендік жоқтың қасы. Бұл оның өз имиджісін жасауға жан таласып кіріспейтіндігінің куәсі. Толстой күнделігінің бір тұсында да жұрт мені ұлы адамға балап шатасып жүр дегенге ұқсайтын

жолдарды кездестірген едік. Марапатты ұнататын қалың ортада өскендіктен бе, бұлайша рухани тұрғыдан өзіне-өзі қанағаттанбаудың себептеріне оншалықты көңіл бөле бермейтініміз бар. Әлгіндей сөзді Жамбылдың ағынан жарылып айтып отырғанына ешқандай шүбә келтіре алмайсың. Ұлы адамдар да ет пен сүйектен жаратылған жұмыр басты пенде. Күні кешеге дейін қазақ кие тұтудың субъективті көзқарас нанымдары бойынша тәрбиеленіп келді. Қәсіпқой шеберлікті шыңдау жолындағы ізденіс біткен жанкешті еңбектен тұратынын қазақ жалпы жеткілікті түрде елемеген. Шығармашылық ішкі жан сарайына үңілудегі сыншылық ойдың ұлттық бағдары әлі жасалмаған кезең еді. Жаратушы құдыреттен «көген алмай өлең алғандықтын» қаделерінде тоғышарлықты тәрк ететін пиғылға қоса «дарымай — жарымайсың» тіршілікті күйттеуге бейім тұрған ұғым да қылаң беріп қоятынын несіне жасырамыз. Бұған қарап ұлттық кісілік беталысына алаң көңіл атымен болмаған деп ұйғару ұшқары жаңсақтыққа жатады. Жамбыл өз айналысындағы ақындық ортаның адамгершілік ахуалына қалай қараған, араларында қандай дау-тартыс болғаны жөнінде дерек тым аз. Ақын өмір сүрген ауылдың өзі бес атадан тұрады. Солардың әрқайсысына тән мінез-құлықтар болатыны жөнінде бірді-екілі айтылып та қалады. Сондайда:

«Жамбыл жарықтық та тым сәдібекшіл еді»— дейтін айып та тағылып қалатыны бар. Әлденеше түтіннің іргесінен құдды ұзап шықпағандай дәл бұлайша Жамбылды кінәлау бір жағы орынсыз. Тіршілік ағысының қиын жағдайында адам баласының ділі кінәмшіл келетіні екібастан мәлім. Мұндайға Жамбыл аса ден қоймаған сыңайлы. Малайлық пиғылдан бойына қылау қондырып көрмегендіктен ол тағдыр тауқыметінен ешқашан жүрексінбеген. Басқа түссе баспақшылдыққа әсте салынбаған. Жолдас-жоралыққа оның ендеше кімдерді таңдап, қалағанын біліп қою да біраз жайдың сырын аңғарта түседі.

Сөздің бір орайында есімі аталған Мақыштың жасы Жамбылдан бірталай кіші болыпты. Бірақ екеуі қатты қалжыңдасады екен. Санатқа ерте іліккен Мақыш аты шулы жиындарға игі жақсылардан қалмай бірге ілесіп барып жүріпті. Қырғызға таяу қоныстанған күнгей қазақтарының арасынан палуан Бағай жасы жер ортасынан асқанда сауыт-сайманын сол Мақышқа тапсырыпты десетін. Қырғызда болған атақты бір жиында Мақыш сайысқа шығады. Жазатайым найзасы сынып кетіп, сол сәттің қапысын жібермей қарсыласы өңменінен түйреп, сұққылап өлтірмекке ыңғайланыпты дейтін бұрынырақта ел ішіндегі әңгіме. Жан сауғалай қорғанып жүріп, бір орайы келген сәтте Мақыш ешкімге көрсетпей

дырау қамшымен қырғыздың қақ басынан тартып өтіп, аттан жұлындай ұшырып түсіріпті. Былай шыға бере өзі де бойына ие бола алмай ат жалын құшып, жентек-жентек қан құсып жіберіпті. Сол кезде қасына жетіп келген Бағай палуан: «Батыр емессің бе, ештене етпейді»— деп арқасынан қағыпты. Тап сол арада Бағай жаңағыдай сөзді айтпаған болса Мақыш сол жерде-ақ үзіліп жүре беретін еді деседі.

Мақыштың Жамбылға деген көзқарасы қандай болғаны да белгісіз. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары Қастек ауданының ревкомы болып тағайындалған кезде өзін қалай ұстағаны жөнінде де дерек көп емес. Сол совет өкіметінің елең-алаң жылдарында ақындардың Ұзынағашта өткен белгілі слетінде Жамбылды шақырмаған тікелей Мақыш сияқты. Нойыс қара күштің иесі болса да — ақын, Жамбылға еліктеп «Көроғлыны» 15 күн қатарынан жырлайтын оның бұл қылығын неге жорырымызды да білмейміз. Жамбыл келген бетте сонда Жандосовка ұрынады. Ал ол Мақышқа дүрсе қойып ұрысқанда: «Өй, бұл өзінен-өзі ши шығарып жүре ме деп сақтанғаным еді» деп ақталуының гәбін де түсіну қазір қиынға соғады. Жамбыл жүрген ортаны ізгілікті ғып көрсету коммунистік идеологияның екпіні тәрізді. Ағайын арасы ала болатыны тәрізді ақындардың көзқарастары бір жү-

йеге қалай тоғыса қоймақ. Онда біз біле бермейтін тартыстар болған да шығар? Бір-екі ауыз өлеңмен қақтығысып, әзілдессе де бірталай жерге барып та қалған болар? Бір өкініштісі сол біз оның көбінен бейхабармыз. Қалай болған жағдайда, әлгі көршілес ауылдың адамдарына ұқсап, Жамбылдың орыс баласы деп аталатын ағайындары Мақышты одан жоғары қоюға ешқашан талпынып көрген емес. Демек бұл кімнің кім екенін бағалау барысында тобырлық өлшемнен жоғары тұрған талғамдық жүйенің қалыптасқанын аңдататын жәйіт. «Біздің ауылдың адамдары үлкен қалалардың көрермендерінен онша көп қалыса қоймайды. Қай уақытта қол шапалақтау керектігін жақсы сезінеді»— деп еді кезінде бір ғалым жігіт масаттанып. Қекесінді түрде айтылған мысалдай көрінгенімен бұл сөзде белгілі дәрежеде шындық та жоқ емес.

Өрлеу дәуірінің сипаты ең әуелі адамдардың көңіл хошы мен өмірге деген құштарлық сырынан сезілетін көрінеді. Біз үшін Жамбыл рухани құрғақшылыққа ұрынып көрмеген сияқты. Әйтседе оның басында ақындық арнаның толуы мен тартылуы да кезіккен. Шығармашылық тарихта аса сирек кездесетін мұндай жағдай қазақ халқының тағлымында ғана бардай. Мұны ұлттық тұрғыдан сезінудің өзі адамға дем бере түсетін сияқты. Жамбыл өйткені қазаққа оптимистік мысалдың жора-

сына жүре алатын жарқын тұлға. Ал оған көп жыл жолдас болып қасына ілескен Мақыш ақын десе ақын, батыр десе батыр. Жоғары жаққа сөзін өткізе алатын әжептәуір беделі де болған. Бірақ тарихи сынақ мерзімінде табандылық танытып, сабырға жүгіне алмағандықтың кесірінен мерт болып кеткенге ұқсайды. Қит етсе бітті тағдырға жауып шыға келетін ескі дағдыдан Жамбыл әрқашан жоғары тұрған сияқты көрінеді. Ақындық дабысы жер жарып, атағы шыққа да эйфорияға салынып, мастанбаған. Қияметтің қыл көпірінен өтер аса қауіпті сын сағаттарда сары уәйімге салынып, пессимистікке ұрынбаған. Мінезділікті ақындығы арқылы танытып, өмірбаянын баяндап кеткен. Бұл жалпы суреткерлікке ғана тән қасиет. Ал Мақыш өзінің әлеуметтік орнын сезінген сайын бұлданатындыққа барып қояды. Ел ағаларына, ағайын арасындағы үлкендерге өкпесін артып, наз айтқыштау боп кететін тұстары да жоқ емес. Өмірде аса жүректі адамның өлеңге келгенде Жамбыл сияқты басын тәуекелге тіге алмай қалатыны қатты таңырқатады. Осы жолдарды жазып отырғанда атын жөндеп шығара алмай жүргенде мұнысы несі деп ренжитін туыстарымның таныс кейіптері көз алдыма келе бастайды. Шындық солай болған соң амалың қайсы. Бала кезде Мақышқа деген берілгендік сезім аса күшті болған еді. Оның

батырлыққа толы әңгімесін естіген сайын балалық қиял шарқ ұрып, шартарапты кезе жөнелетін. Бір орайы келгенде Жүсіпбек Арыстанбеков ақсақалдан: «Мақышты білетін бе едіңіз?»— деп сұрағанымыз бар. Иә, иә,— деген жұлып алғандай.— Жандосовка жақындығы бар еді. Шуға мұз қатқан кезде үстінен өтемін деп ойылып, суға кетіп қалды-ау» деймін». Ауыл қариялары оның ажалын мүлде басқаша әңгімелейтін. Коллективтендіру кезеңінің асыра сілтеушілік әпербақандығына қарсылық білдірем деп Мақыш ұсталып тынады. Абақтыға қамалған соң оның әріне кім қарамақ. Милицияның әкірендегенін көтере алмай жерде жатқан тасты ала салып қақ басынан періп кеп жіберіп, сеспей қатырған көрінеді. Милицияның қасындағы жолдасы Мақышты сол арада атып тастайды. Сүйегі төбедей боп бір күн жатыпты. Рулық, ақсақалдық ғұрыпта тәрбиеленген Мақыш ақыры солардың айтқанымен жүрем деп ажалын тапқан сыңайлы. Тәркілеу басталысымен-ақ Жамбыл рухани ауасыз кеңістікте қалғандай томаға-тұйықтау тіршілік кешкен көрінеді. Биліктің дәмін татып қалған Мақыш қайраткерлік мысасына міне түсіп, елді өзінше ұйыстыруды ойластырғанға ұқсайды. Алты бақан ала ауыз болған ел ағалары бірлікке көнбей, бас-басына би болуға ұмтылып бағыпты. Ақырында істі болып тынған Мақыш:

Сәлем де, Тәйтелідей ағамызға,
Ағаны ондай абзал табамыз ба?
Тоқтыдайын борышқа ұстап беріп,
Сарт болыс қарамады бағамызға,—

деген екен.

Жамбыл сол Мақышты кейін көп есіне алатынды шығарыпты. Атжақты, сақалы ұзын жоталы еді ғой, жазған»— дей береді екен. «Мақышты батыр, жүректі дейді, соныcын бір көрелікші» деп бірнеше адам оны сынамаққа ұйғарыпты. Жеті қараңғы түнде молалардың арасынан Мақыштың жаяулатып келе жатқанын аңдыған ғой, ақыры. Аппақ кебінге оранып алған біреуі шалғайынан жармасып, аяғына оратыла кетсе керек. Асып-сасып қоймаған Мақыш қалт тұра қап: «Өлі әруақ тұрмақ тірі әруақтардың өзінен құтыла алмай жүргенде жабыспай баршы ей, ары!»— деп теуіп кеп жіберіп, жайына кете беріпті десетін. Дей тұрғанмен Қойкел ақсақал пікірін ашық айтпай бір нәрсені ішіне бүгіп, жасырып қалғандай көрінген. Жамбыл мен Мақыш бір-бірін қаншалықты түсініскені жөнінде мәлімет жоқтың қасы. Екеуін байланыстырған ақынжанды жаратылыстары. Қойкел ақсақалдың Мақыш турасындағы әлгіндей аса ұстамды көзқарасының бір парасында оның тағдырындағы шым-шытырық жағдайларды түсінбегендігі жатқандай. Жамбыл бол-

са Мақышқа жанашырлықпен қарағанға ұқсайды. Мақыш өйткені еркінен тыс әрекеттерге ырықсыз барған. Астыртын күштердің арбауына түсіп қап, олардың ұртоқпағына айналған тәрізді.

Біз ата-баба алдындағы парызды өтей алмай бара жатқан ұрпаққа ұқсаймыз. Оның ұятына жанымыз ауырып, жүрегіміз сыздамайтындай. Ұрпақ алмасулардың енді осы ғасыр тоғысында тұрған уақытта кейінгілер қайтер екен деген ой мазалай бастайды. Бәрінен де ерекше жаратылған адамдардың қадіріне жету азайып бара жатқан жоқ па екен? «Біле ме пенде шіркін өз кемісін, ел кезіп есер мінез сен де жүрсің» деген Айкүмістің Жамбылға айтқан сөзін үлкендерге дауыстап оқып берген сайын миықтарынан күліп қоятындарын байқайтын едік. Соларында және бір керемет мағына жатқандай көрінетін. Бойкүйез ұяндықтың кесірінен бе, жоқ, үлкендердің іштей жасаған түйіндеріне араласу хақымыздың аздығынан ба, ашық әңгімеге бара алмай әйтеуір өзімізді тымырайыңқы ұстайтынбыз. Кейін келе Жамбылдың Айкүміске: «Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт, жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп»— деп ағынан жарылған сәті тіліміздің ұшына орала беретінінің себепсырына да оншалықты көп бойлаған жоқпыз. Қазақ айтыс өнеріне жалпы демократиялық үрдіс үстемдік етуінің арқасында қарсылас-

тар ешқашан да жеңілтек шамшылдыққа ұрынбаған. Жастық шақтағы тауы шағылған сәтін адалынан мойындауы Жамбылдың адамдық ерекшелігінің бірі. Бірақ соның артынша: «Арыны басылмаған арсыз көңіл тағы да стіп отыр сізден үміт»— деп енді қазақы қолқа салудан да тайынбайды. Қыз бен жігіт айтысындағы ескілікті инерциядан шыға алмай қалғаны болмаса профессионал Жамбыл өзінің зиялы қалпын танытады. Бұл қақтығыс жалпы өзінің мәдениеті жөнінен, сыпайы ерекшелігі бойынша да Онегин мен Ларинаның бал үстінде кезігіп, бір-біріне сыр ашысқан сәттеріндегі драмадан бірде-бір кем емес. Қазақтың ауызша шығарушылық өнері адамның ішкі сезім дүниесін жарқыратып ашуға әрқашан бейім болған ғой.

ЗАМАН МЕН ЗАҢДЫЛЫҚ

Жамбыл ақындардың атасы.

Ата балаға ешқашан опасыздық жасамайды.

Жамбыл өзі туған табиғатына тартып ту-

ған ұл еді. Ол өр мен еңістен, қия мен беткейден, теріскей мен күнгейден тұрады.

Біз қабылдайтын құбылыстар көңіл күйіміздің хошына қарай...

Жамбыл — тау жыл мезгілінің келуіне орай...

Ұлылық пен кішіліктің арасын өр мен еңіс қана бөліп тұра ма, сонда?..

Ақындық арпалысқа толы қызулы жастық шағын ұзатып салған Жамбыл кәрілікке біржола мойын бұра бастаған кезде Үмбетәлі мен Нұрила айтысының куәгері болады. Соңына таман өзінің төрелігін де айтады. Формасы жөнінен көп кезіге қоймайтын бұл айтыстың ең басты ерекшелігі — ақындар хорының көп дауыстылығында жатыр. Мұнда әрбір ақынның ішкі арпалысқан сезімі қанша бұлқынып тұрса да, қызбалыққа дестік бермес тым сақ қырағы қалыптары аңғарылады. Бұл ақындар жиынына большевиктік тәртіптің сол кездегі белді өкілдері мен қазақтың бірсыпыра оқыған азаматтары бастан-аяқ қатысып отырады. Жетісу өңірінің өрі мен еңісін бірдей жайлаған қалың елдің бір-бірін жатырқап, тоң-торыс боп томаға-тұйықтықта қалмауы үшін аралас-құраластықтың ежелгі тінін қолына тек билеуші топтар мен игі жақсылар ғана ұстамаған. Онда дәнекерлік қызметті өнерпаздар мен ақындар атқарғанына көзімді жеткізе түсетін жағдайлар да

баршылық. Нұриланың беташар сөзінен қазіргі жұртшылыққа беймәлім Арғынбай, Байбурыл, Оспан, Мақыш, Шүкітай, Бармақ, Жартыбай секілді оншақты адамның есімдері аталып өтеді. Былай қарасаң бұлардың біреуі тауды мекендесе, кәлесісі сонау Шу жақты жайлаған. Құмды қоныстап, Ілені жағалап тіршілік кешкен елдің ақыны да бар. Былай айтқанда, қазіргі Алматы, Жамбыл, Талды-қорған және Жезқазған облыстары территориясының ақындары бір-біріне сондай бауырмал етене. Олардың бәрін бірдей Нұрила қарсыласына баламайды. Өзімен ұстасатын ақынды ойлап, тіпті аландап қоймайтындай әсерге бөлейді. Әуелі ел ағалары саналатын адамдарға ыстық сәлемін бағыштап алады. Ең соңына таман Жамбылды да елеп, осы сөз сайысына ақсақалдық үкімін айтуды өтіне кетеді. Сөйтіп айтыс ахуалының өрбу барысынан-ақ Нұрила осында отырған жұрттың ықыласын өзіне аударып ала қояды. Үмбетәлі бірден шап беріп ұстаса кететін қызба мінездің иесі екенін көрсетіп алады. Алқалы жиында аталы сөздің жүйесі тұрғанда шамшылдыққа салынып, ай-шайға қарамай ұрынам деп біраз есесін жіберіп алғанға ұқсайды.

Үмбетәлі мен Нұриланың айтысы Жетісу өңіріне кеңінен танымал. Нұрилаға Үмбетәлінің назасы тиіп, содан көп ұзамай дүниеден озған деген сөз де тараған еді. Топырлап от-

ырған ақындардың бәрі Нұриламен қақтығысқа жүректері дауаламай, салмақты Үмбетәліге қарай ысырып тастауға жанталасып бағады. Еш бір қулыққа бармастан бірден қабыл алатынына қарағанда Үмбетәлінің намысына сәл тиіп қойсаң-ақ тұтанып шыға келетін шапшаңдығын тұрғыластары жақсы білетін сияқты.

Қазақ деген халық сөйте тұра жалпы адамзаттық ой ағысына өз жағынан қандай жаңалық қосты деген сауалдың еш сөкеттігі жоқ. Екі мыңыншы жыл дөңгеленіп аяқталар тұста ата-бабалық салт-сананы қайта жаңғыртып, жаңартуымыздың кезегінде он тоғызыншы ғасыр ұстанымынан көпке ұзай қоймағанымыздың себебі неде? Мұның лайықты жауабын мамандардың үлесіне қалдырған-ақ ләзім еді. Біздің ұлттық ділімізде ғылым әлі толық ашып болмаған керемет құпия жатқандай көріне береді. Тым алыстап кеткен балалық шақта бұрынғы-соңғының жөнінен әңгіме соққан қариялар ақын-жыраулардың бір-екі ауыз өлеңін міндетті түрде мысалға алатын. «О, жарықтық, қайран кісілер, бұрынғының бәрі әулие ғой»— деп сүйсініске толы таңырқау шалыс сөздерді жиі айтатын еді өздері. Өне бойы қайталана берген соң оны ойдың үйреншікті машығы ретінде қабылдай салатынымыз рас еді. Сол қарт адамдар әйтседе анадан мынау күшті еді дегенді лебіздеріне еш-

қашан қыстырып сөйлемейтін. Ұлттық ділге сын көзімен емес, ниеттес ұғымталдықпен қарау өмірде аса сирек кездесетін жағдай. Ұлттық ақынжанды қасиетімізді қазақтың бірнеше ұрпағының легі мақтаныш тұтып келді. Соңғы кезде ғана тек сорымызға баланатын ұғымға айналып бара жатқан сыңайлы. Тарихтың қатал сындарынан сүрінсек сүрінген де шығармыз. Халықтық рухани тұтастығымызды сақтауымыз ұлттық ерлікке барабар жағдай екенін ішімізден біліп қана қоятын сияқтымыз. Жамбыл тұлғасына әр оралған сайын міне, тап осы мән-мағынада үңілсек қана бағдарымызды түзу ұстап, ауытқып кетпейтіндейміз. Ұлттық сана мәңгілік қозғалыстан тұратыны әлімсақтан мәлім жай. Келесі мыңжылдықтың беташар кезеңі соңғы ғасырдың жалпы қорытындысын талдауға арналатын сияқты көріне береді. Сонда біздің ұлттық менталитетімізді дәуірлік сипаттауға қандай сыбаға тиюі мүмкін? Мұндайда сәуегейлікке бару да қолайсыз. Десек те евроцентристік бағыттан гөрі ұлттық шығармашылықты әлгі бірегей тұтастықтан іздестірсек рухани көкжиегімізді кең арнадан карастыра алатын сияқтымыз. Жоғарыдағы айтысқа қатынасқан адамдардың көбі мәселен қазақтың ауызша шығару мәдениетінде өзіндік орындары бар ақындар. Олардың бірақ ешқайсысы Жамбылдың тәуекеліне бара алмаған. Жасы-

ның сондайлық ұлғайып отырғанына қарамай Нұриланы айтысқа шақыру әрекетін бір ғана батылдыққа баласақ, ауқымын онда тым тарылтып алғанымыз. Жамбыл ең бірінші парыз ұғымын ту ғып ұстанған адам. Ағартушылық жүйенің есігін ашып көрмеген ұлт ақынына мұндай ерекшеліктің қайдан келгенін білмей жатып оған сенімсіздікпен қарау — сақалы шыға сап өз әкесіне жат болатындыққа ұқсайтын тексіздік. Жамбылдың құрбандыққа дайын тұратын мінезіне қарап, ұлттың, тегінде, адамгершілік тұрғыдан жетіліп, өсуге деген ұмтылысы тұрақты болғанын көреміз. Оқып-тоқымаған жабайы деп саналатын көшпенді халықтың жалпы адамзаттық гуманизмге үндесетін көзқарас жүйесі қалыптасқанын да көреміз. Басқыншы озбырлығы жалпы халықтың тұнығын лайлап, өмірлік мұраттарға құлшындыратын ізгілікті ұғымдарды көзбе-көз тасталқаның шығарса да ұлттық тұтастықты күйрете алмағанына кейде қайран қаласың. Жамбылдың міне, ұлылық дәрежесін осы ұғымдар төңірегінен іздестіріп қарасақ, біраз жайға қаныға түсетініміз хақ. Жамбыл ұлттық идеяны жаңа ұрпаққа аманаттаушы тұлға. Рухани саланың қатаң табиғи сұрыптауынан өткен Жамбылға тағдыр әдейілеп ұзақ ғұмыр сыйлағандай көрініп кететіні де сондықтан.

Бағанадан бері аузымыздан түспеген ай-

тыстың беташарының өзінен әуел баста тамаша үшін ұйымдастырылғанын аңғарамыз. Соңынан бүкіл бір рудың намысын ойлайтын қазақтың ежелгі әрекеті көрініс береді. Сөзіміздің бір тұсында қазақ айтыс өнері кезіндегі әулетті күштерге көп жалтақтағанына тоқталып өткен сияқтымыз. Міне, осы арада елге аса сыйлы, қазіргіше айтқанда, жоғарғы эшолондағы лауазым иесі босанғанына үш-ақ күн болғанына қаратпай Нұриланы беделімен шақыртады. Айтыс бір-бірінің сөзін сыпайы бағып, сынық басталудың орнына бірден шартпа-шұрт кеткендіктен этикалық нормаларға сиымсыз қазбалық орын алған. Қазақтың қолма-қол шығарушы ақындық стихиясы әлі талай уақытқа текірегінен жазбай жететіндік қуатты бұл айтыс сездіре түсетіні рас. Бірақ шамшылдыққа салынудың салдарынан тырнақ астынан кір іздеп, ұсақ-түйектерді тізбелей жөнелуі жағы басым. Сол кездегі әлеуметтік жағдайдың тынысы аз-маз қылаңытып өткені болмаса, жалпы ұлттық проблема атаулы ауызға көп іліге қоймайды. Демек бұл большевиктік сұсты назардың бақылап тұрғандағы көрінісі. Жайбарақаттыққа ұқсайтын мұндай идиллиялық сана көбіне саяси сергектігі шамалы жерде ғана орын алатыны белгілі. Осы сөз сайысына бір бүйірлеп кірген Жамбыл ең әуелі үлкендік сөзін айтуға тырысқанын сезесің. Қазақ айтысын құрасты-

рушы қауым Жамбылдың төрелік жасаған тұсын ыңғай алып тастайтыны несі екен? Бұл ең бірінші тарихи ақиқатқа қиянат. Екіншіден, әркімнің талғам-таңдауы бойынша Жамбылды біресе алып біресе қосу хұқығы бардай өзімбілермен бұл секілді омыраушылдықты бір жағы түсіну де қиын. Сапарғали Бегалиннің өне бойына мысалға алып келе жатқан еңбегінде Үмбетәлі Жамбыл төрелік айтқан жоқ еді, оны Өмірзақ Қарғабаев ойдан шығарып қосты дегенді айтады. Үмбетәлінің Жамбылмен бір ішкі бақталастығы барын байқаймыз. Оған реті келгенде тоқтала жатармыз. Үмбетәлінің ақындық тағдырына айрықша із тастаған бұл айтыс оның рухани екінші өмірін әлі күнге дейін абыройға бөлеп келеді. Осы айтыстың дегенмен де тартылыс өрісінің күшті болу себебі не? Оның куәсі болған ақындардың бәрінің жастары қарайлас, замандары бір. «Ал бала күнгі әндерім ескі жолдас ада-күде кеткен жоқ әлі менен» деп Жамбылдың осы отырыстың үстінде мойындауы да тегін емес. Оның ақындығы тап сол кезде ұмыт бола бастаған. Бір кездегі дабысы сап басылып, өткеннің көзкөрген қариясы есебінде қалған да қойған. Өзінен кейінгі толқын қолма қол шығарудың ұлттық үрдісіне ұшпа шапшаңдық сыйлағанмен ой тыныстылығына өзіндік эпикалық серпілістер әкеле қойған жоқ еді. Ұлттың шығармашы-

лық даму барысының өларасына ұқсайтын бұл кезеңде профессионалдық жаңа сапаға ауысудың нышандары анық байқала бастағанымен басымдық бәрібір ауызша шығармашылық үлгіде жатқан. Жамбылдан кейінгі толқын шығармашылық толысқан шағында эпостық санадан біршама алыстаса да рухани жаңаша талапты біржола қабылдап үлгірмеген болатын. Жамбылдың ең басты артықшылығы ескіні тәрк те етпеген, жаны шошып жаңадан жатырқамаған. Кейінгілер әйтседе оны өткен шақтың бұлдыр елесіне қалдырып, енді тек мемуарлық сананың иесі ретінде қарап қатты қателескен. Рухани дүниені бағалауда абсалютті әлеуметтік әділет болған емес, болмайды да. Ол жерде Жамбылдың ақындық арқасы бары да ескерілмеген. Рухани екінші тынысының ашылу мүмкіндігі бары ешкімнің ойына кіріп те шықпаған. Ал мұндай көзқарастардың етек алуының себеп-салдары неде? Жамбылдың адамгершілік болмысына терең бойламай, үстірт қарағанында жатыр. Бұл жерде тағы қыр түсінігі белең алып, өмірге орныға түскенін байқаймыз. Өйткені Жамбыл мен Үмбетәлінің әруақтарын бақталастырып қоюға бейіл пиғыл әлі күнге дейін баршылық. Үмбетәлі егер арақ ішіп қалмағанда Жамбылдың орнына Мәскеуге барып, атағы аспандап кететін еді деп өкініш айтатындар әлі де кездеседі. Бірақ ол барған

күнде тап Жамбыл сияқты дүниеге әсері болатын ба еді, бір уақ соны ойлап көрелікші. С. Сейфуллин мен О. Жандосов алдында тізімде тұрған Үмбетәлінің орнына Жамбылды қосуы тегін бе? Олар Жамбылдың рухани болмысы бүкіл әлемдік мәшһүрлікке өзінен-өзі сұранып тұрғанын елден ерек көре білген сияқты. Кезеңдік жағдаяттардың мәнісін тарата талдап ұғына алғандықтың арқасы еді бұл. Жамбылды осылайша рухани тұрғыдан кемітіп, бағасын өсірмеуге ниет қылатындар алыстан емес, өз айналасынан шыққан жоқ па екен деп те ойлайсың кейде.

Коммунистік идеологияның талап-тілегіне Жамбылдың тағдыры мен ақындығы ғана емес, адамгершілік қырлары да дөп келіп, сәйкес түскен сыңайлы. Қазақ даласында ол кезде қырық пен елу жастың аралығындағы Үмбетәлі сынды ақындар баршылық болатын. Бірақ солардың біреуі де Жамбылмен бақ таластырмайды. Сонда неге Үмбетәлі ғана жалғыз жапа шегуге тиіс? Ауылдың кез-келген орта жастағы адамы қиналмастан осы тақылеттес сөздерді айта салады. Аталмыш айтыс үстінде-ақ Жамбылдың оптимистік қырларын көре түсеміз. Нұриламен айтысуға Жамбыл басын тігіп, тәуекелге барады. Олай бола қалған жағдайда абырой табар ма еді, таппас па еді? Қызулы сәттің үстінде Нұрила қарсы шыға келсе әлде қайтер еді? Ұлттық

тәлім-тәрбиені жөргегінен бойына сіңірген ақын әйел нәзік ақыл иесі екенін таныта білді.

Даусыңды неше қилы әсемдейсіз,
Желдетіп дауылыңнан бәсендейсіз.
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,
Әлдилеп алдына алған әкемдейсіз.

Көзіне жас алдыруға шақ қалдыратын тап мұндай этикалық жоралғылардың кіршіксіз таза сақталуын өркениет дүниесінен шам алып іздесек те таба алмаймыз-ау. Бұл көшпенді халықтардың тұрмыс-салтында ғана бар үздік қасиет. Табиғатпен тікелей байланыса өрбитін наз-базыналарда бауырмалдыққа толы сағыныш, көктемнің жазға ұласар мақпалдай жұмсақ жайма-шуағы бар.

«...Аударыс-төңкеріс боп мына заман өлеңге салқын болып кетіп едім» деп Бармақ ақынның ақталуыда тегін емес. Замана құбылыстарының заңдылықтарын сезінудің санаткерлік шағын оздырып алатындай Бармаққа әйтседе қарттықтың ауылы әлі алыс еді. Қырық сегіз жастағы адамның мұнша тауы шағылып, талабы қайтып таусыла сөйлегеніне қарап әлеуметтік өлара кезеңнің сынына төтеп бере алмаған боркеміктеу жаратылысын танимыз. «Жиналды жаңа-жаңа елдің есі» деген Нұриланың сөзіне қарағанда большевиктік қатаң тәртіп құрсауына қыса түсіп,

мезеттік еркіндік берген кездегі жұрттың бір кең тыныстап қалған шағы ма дейсің. Бұл бір дауыл алдындағы алдамшы тыныштық еді. Алда әлі тәркілеу мен күштеп ұжымдастыру, ашаршылық пен қызыл террор, қырғын соғыс секілді зұлмат-зобаландардың сұрапыл кезектері тұрған. Осы жағдайларда қазақтың болашақ беталысына қарап, сескеніп, қамдану түйсігі жетіле қоймағанына көзің жете түседі. Өткенге деген зарығу сезімі Бармақтан аса айқын байқалады. Ал ондай сезіністің Жамбылда бар-жоғын тіпті ойлап та қоймаймыз. Аталмыш айтыстың басталар тұсында Бармақ ақын өткен-кеткен өміріндегі бөленген құрметтері мен жеткен абыройларын қатты аңсайды. Қазіргі замандастарына наз-базынасының жүрмейтініне тіпті бұлданысын білдіреді. Бармақ бәрібір Жамбыл емес еді. Жамбыл өмірбаянын аударыстырып қараған адам дәуірлік оқиғалардың біразымен беттесер еді. Бірақ ол оның бірін де тіліне тиек етіп, кішкене ескерте кетудің өзін ар санайтын сияқты. Жамбылды біраздан бері зерттеп жүрген бір ғалым оның бойында өзімшілдіктің атауымен жоқтығын таңырқаған сыңайда әлсін әлі айта беретіні бар. Бақсақ, оның да мәнісі жоқ емес екен. Аса шешуші сәттерде Жамбыл кісімсіп, көлгірлікке салынбайды екен қарасақ. Оның кез келген айтысын зер сала ақтарып көрсек, демагог-

тықтан мүлде жат. Мәселені нақты қоюға құштар. Тура жауапты қасқайып отырып тыңдауға тағы дәті де жетеді. Сөз сайысының аса жауапты сәттерінде лауазым иелерінің көңілін аулап қою дегенді атымен білмейді. Пенделік өзімшілдік жоқ жерде қорынып я таусылу, шамшылдыққа салынып, аяқ астынан асқақтай қалу сияқты осалдықтардың бірін де бойына жолатпаған аса таза адам ретінде қабылдасақ қателеспейтін тәріздіміз. Ұлттық тәрбиенің аясында өскен кісінің адамгершілік шыңына бұлайша көтерілуі қазақ халқының киелі қасиетін аңдатпай қоймайтын құбылыс.

БАЙЫПТАМА

Ауылда өткен бір той-жиын еді.

Ақжаулықты әжелер ән шырқап, жас күндерін сағынған күйлі-мұнлы халді бастарынан кешіріп үлгірген еді. Бой шымырлатар бауырмалдыққа толы нәзік сәттің үстінде Қымбат деген шешеміз өленді түйдек-түйдегімен қоя

бергені. Бұл кісінің 1943 жылғы республикалық ақындар айтысына қатысқанын еміс-еміс еститінбіз. Гәп тіпті онда да емес. Қазіргі қолма-қол шығарып айтушылықтың нұсқасынан мүлде бөлек — ұят пен ынсапқа толы ішкі толқыныстың буырқанған бұрқанысы жүзіне алабұртып шыққан сәтті көзбе-көз көрдік. Ата-бабалық рухтың имандылыққа баурайтын құдыреті ой-сананда жаңғырығатындай ерекше сезімді басымыздан өткерген едік. Өте-мөте сирек кездесетін мұндай шығармашылық гүл жарудың қадіріне жете алатындай зейін-зерде жоқ қор болған қайран бір есіл шақ-ай. Коммунистік идеологияның бірыңғай эстетикалық шарттарына бойы үйреніп, бағалап-байыптауға дағдыланған кейінгілер Қымбат шешемізде әруақты ақындық арқа барын сонда байқамай мұлт жіберіп алған еді.

Тоқсанға тақап барып былтыр қайтыс болған Шаштай ақсақалдан бірде: «Жамбыл қандай адам болып еді?» — деп сұрағанда, сөздің мәнісін ұқпаған сыңайда сазара қараған күйі: «Саған қандай болғаны керек еді?» — деп өзіне қарсы сұрақ қойды. Кісілік нұсқасы, пейіл-ықыласы, ағайын-тумамен қарым-қатынасы турасынан суыртпақтап сыр тарта сұраған кезде жақтырмағандай қабағын шытынды. Содан біраз уақыт үнсіз қалды. Ақыры бір кезде: «Жамбыл жарықтық өтірік айт-

қан адамды жек көретін еді»— деді. Бар айтқаны осы ғана.

Жамбылдың күпиясын ашатын кілт түбі осы болады-ау деген үміт ұшқыны жылт еткен де қойған.

Жамбылды жырмасыншы ғасырдың Гомері деп бірінші кім атаса да ежелгі мәдениеттің тарихи мәніне терең бойлап барып, салыстырмалы түрде ақиқатын тап басып таныған. Көне грек дүниесі Гомерді ойдан шығарған ба, сондай тұлға өмірде болды ма, жоқ, болмаған ба, Батыстың ғылыми ойы оған бірталай уақытын жіберіп, бастарын қатырғандары да белгілі. Мұның дәйекті жауабын бірден табуына оларға әлбетте Жамбыл мысалы жетпеген сияқтанады да тұрады. Қазақы таным-түйсік бойынша оны көзге елестетіп қарасақ — екі көзі су қараңғы Гомер лира аспабын шертіп қойып, сонау Эгей теңізінің толқынды өрінің дүлей күшінің жұмбақ тылсымымен тілдесіп тұрғандай көрінеді. Құдыретті құдайлардың өзін екі аяқты пенделік дәрежеге жеткізген қиял қисынының жалпы заңдылығында я ғажайып, я құбыжық нышандар көңіл шіркінге титтей де селкеу түсірместен табиғи ұялай бастайды. Адамзаттың балаң дәуіріндегі киялының мұншалықты еркіндігінің кейде тым шарттылығына жиырмасыншы ғасырдың орасан қашықтығы арқылы кешіріммен қарауға тырысасың. Осы уақытқа

дейін ғылыми ойдың жинақтаған тәжірибесінің кейде астамшылық ыңғайы сезіліп қалады. Әйтпесе сол кездің ой өрбуіндегі рухани кернеуінің қысым күші өте жоғары болуының құпиясына толық бойлап болдық па деген сауал көкейден кетпей неге тұрып алады.

Қазақ фольклористика ғылымы Жамбыл құбылысына да социалистік методологияның тым идеологияландырылған аясында қарап келгенін сөз басында тоқталып өткен едік. Өз халқының көнеден келе жатқан зердесімен үндесе сабақтасатын оның тұлғасын бірінші кезекке қою жағы әлі де жете ойластырылмаған сияқты. Қазақ әлеуметтік зердесінің атам заманғы көнелігі жазба мәдениеті бар ежелгі халықтардың ес-жадысымен сәйкесетіндік феномен ақындық арқа ұғымына осы күнгі қалыптасқан машықты түсінікпен қарау тым аздық етеді. Ұзақ тіршілігінде өмірден түйіп-тоқығандарын қазақы нақтылыққа көкейкестілікпен түсіріп, оған өзіндік жаңалықтар қосуына «қаздай қалқып ерінбей өлең тергендіктің» жемісі де бар еді. Оның шығармашылық өсу жолының эволюциясында азаматтық жігерінің мұқалмас қасиеті қалыптасты. Бүгінгі көзқарастардың байыптамасы бойынша үңілсек — Жамбыл болмысынан бірталай жаңа қырлар көрер едік. Ол үшін бірақ осыған дейінгі тиянақтала тұжырылып

болған үрдістік тұрғыдан келу тым олқылық жасайды.

«Домбырада күйші еді, күйші атанбай жыршы еді, көп білетін ескі сөз түгесілмес сыршы еді»— деп Кенен Әзірбаевтың Жамбылға берген мінездемесі де біраз жайға көз жеткізе түседі. Жамбыл бітіміндегі мұндай үйлесімділік тым тереңге қарай үйіріп әкетеді. Қазақ халқының сәбилік кінәратсыздығы ұлттық ой-таным кеменгерлік шыңға көтеріле ғұра — сырт күшке аңғалдықпен сенетін жағдайдан идеалистік түсініктердің бел алып, жорықсыздау мистикаға ұрынатындық та ұшырасады. Жамбылдың бойында ол да толайым сақталған. Өзінен бұрын өткен, тіпті, замандас я тұрғылас болған өнерпаздарға деген Жамбыл ілтипаты кісілкітік жағынан аса сирек кездесетін тағылым. Үлкенге деген қазақ кішіпейілділігін ұлттық берілгендікпен санасына сіңіргендіктің жалпы жақсылықтарына қоса — трагедиясының бір ұштығы жатқанын аңғарамыз. Мүсінші Хакімжан Наурызбаев бірде Жамбыл тақырыбына барардағы мақсатын ашып-жарып айтып кеп, оның жаратылысынан нағыз қазақтықты танитынына тоқталған еді. Наурызбаевтың мүсіншілік қабылдауындағы бұл тұжырым тек шындықпен ғана тамырласа астасатын сияқты. Шаруа бағып, тіршіліктің күнделікті қамын күйттейтін жұмыр басты пенде баласының өзімшіл

жаратылысы дүние құбылыстарына ұлттық өмір тәжірибесі арқылы үңіліп, содан лайықты танымдық қорытынды шығара алала ма? Олай болған жағдайда жай санаттағы адамдардың бәрі шетінен ақылман болып кетпес пе еді. Қазақ өмірі сұмдық күйзеліске ұшыраған зауал шақта адам баласына тән осалдық біткеннің барлығы — өмір айдынының бетіне жаппай қалқып шыға бастапты. Көнекөз қариялардың сол уақыттан көкіректеріне түйіп үлгерген жайларына құлақ ассақ, Жамбылдың жан-дүниесінен бір қызық құбылыстар жүріп өткенге ұқсайды. Қарақыстақтың күнбатыс жағындағы Салқынсаз ауылында бір белсендінің үйіне келіп түсіпті. Төселіп тастаған аппақ кигізге баттитып-баттитып із тастаған бойда қақ төрге барып бір-ақ жайғасса керек. Үй иесінің кербез келіншегі: «Құдайым-ау, қайдағы бір қаңғыбастарға қалатын болдым-ау»— деп тілдегенге дейін жетіпті. Сонда Жамбыл: «Жаңа мен қан базарда қызырмен құшақтасып тұрғанда күйеуінді көрген соң осында келіп едім»— деп, басқа артық-ауыс сөзге келмей шығып жүре беріпті. Батыс Европадағы ерте кезде кезбе философтар сықылды ой тартысынан туратын шағын көріністерді сахналап, жан бағатындық салт-санадан бөлектеу қазақ тұрмысындағы жыршылық, балгерлік пен көріпкелдік тап сол кезде ерекше жандана бастаса керек. Аш-

тан өлмеудің амалын ойлап табуда адам баласының бейімделгіш касиеті тым ұшқыр бола тұра — жаппай нәубеттің заманында ырымсырымға деп қоярлық көп ешкімде шама да жоқ еді. Тіпті, солай бола қалған жағдайда онда тұрған бәлендей айып бар ма еді? Тігерге тұяқ, ішерге ас қалмаған сол ашаршылық кезінде Қарақыстақтағы қамбашыға кісі салып жатып Жамбыл бір пұттай бидай алыпты. Оны есегіне өңгерген бойда ауылына қайтады. Қаракөтермеге таяу жердегі жылғаға аялдап, дәрет алып, есегіне қайтып мінейін десе әл-дәрмені қалмапты. Сол арада ұзақ сарғайып отырыпты. Бір кезде жарау ат мінген бір дилы кісі тұсынан өтіп бара жатып бұрылыпты. Дереу атынан түсе сап Жамбылдың колтығынан демеп, ерге отырғызып, алдына бидайын өңгертіпті. Алғысын жаудырып тұрып сол жерде:

Ат білмес астындағы арығанын,
Су білмес ит пен құстың сарығанын.
Жаздан-ақ қыс қазанын өзі ішеді,
Көрдің бе, кедейлердің жарығанын,—

деп, қайыр-хош айтып жүре беріпті. Бір сұмдық жағдайдың сәттік көрінісін осылайша түйіндеудің шеберлігі ата-бабалық мұраның санадағы жаңғырығының арқасы деп түсіну ақиқатқа жуықтайды. Әйтпесе талай отбасы қырылып, талай шаңырақ ортасына түсіп қира-

ғанда: «Менің ақырым бұлай болып бітпеуі керек еді»— дегенді жиі-жиі айта бастаған екен. Жамбыл тым тақуа да, тым діндәр да емес дейтін оны жақсы білетіндер. Оны және сыртқа артық-ауыс сыр ашпайтын аузына берік кісі еді десетін. Әңгімеміздің өн бойында есімі жиі аталатын Ыбырайымнан естіп едім деген сөздерді ауыл адамдары жиі еске алатын. Жаппай жайпағыш жойқын тәртіптің иесі тоталитарлық жүйе халықтық ойға тек маркстік-лениндік ілімнің әдісі бойынша келуге тырысты. Сондықтан ел арасында Ыбырайымдар ескіліктің сарқыншағы ретінде қаралып, оларды менсінбейтін көзқарастар қалыптасты. Елуінші жылдардың ортасында дүниеден қайтқан сол Ыбырайым ақсақалдан кезінде Сәбит Мұқанов, Сапарғали Бегалин, Ғали Орманов, Есмеғанбет Ысмайылов сынды бірқатар ғалымдар көптеген деректер жазып алған көрінеді. Қөкірегі сара әрі құймақұлақ болған ол сонымен бірге сарапшылық қасиетті бойына молынан жинақтапты да. Алматыда абақтыда жатқан ағасы Мақышқа Жамбыл ертіп барғанын жоғарыда баяндағанбыз. Қаладағы танысының үйіне ат басын бұрып, шай ішіп отырған кезде шабармандар келеді. Сәт пен Мәңкенің шұғыл шақырып жатқандарын хабарлайды. Бозбала болса да Жамбыл Ыбырайымды қасынан тастамай өзімен бірге ілестіріп әкетеді. Ыбырайымның

сонда көріп байқаған психологиялық сәттері көніл аударарлық. Жетісудың кіл өңкей жақсылары мен жайсаңдарының ортасында Шашубай ақын гармонын құлаштай созып, атақты «Аққайын» әнін асқақтата шырқап, желдей есіп отырған сәті екен. Сапар кесеге ілпілдете құйылып қойылған алдында бірдіні арақ. Құлманбет сияқты Шашубай да Жамбылды бірден бас салады. Бірақ оны Жамбыл шыбын шаққан ғұрлы көрмей келген бетте бірден аска бас қойып, шайды сорапта ішуге кіріседі. Осында отырған Жетісудың төрт көзі түгел ині жақсыларының бірінің мұрны пұшық, екіншісінің көзі қысық, келесісінің тағы бір кемістігін тізіп шыққанына дейін немкеттілікпен тыңдайды. Шыдай алмай кеткен Мәнке: «Шайдан өліп пе едің, мына қызталақ қырып-жойып барады ғой, бірдеңе десеншi»— деп күнк ете қалыпты. Қазақ айтыс өнерінің бұрыннан қалыптасқан канондарынан көп ұзап шыға алмаған бұл сөз сайысының аяғы төбелеске ұласып кеткенін Ыбырайым сонда өз көзімен көрген екен. Бұл жерде кім жеңді, кім жеңілді деген сұрақ төнірегінде аялдап, төрелік айтудың өзі қиын. Айтыс — біріншіден аяқталмаған, екіншіден — ұлттық хал-ахуалдың жай-жапсарына бойлап, азаматтық тұжырым жасайтындай өреде өтпеген. Шашубай кейде тіпті Құлманбеттің эпигонында калғандай әсер береді. Өйткені Жам-

былдың жеке басындағы кемістікке келгенде ол да Құлманбеттің қолданыстарын жиі-жиі қайталауға ұрынады. Мұндайға бойы әбден үйренген Жамбыл өзінің түпкілікті тақырыбынан қопарып сөз қозғауға тырысқанымен тыңдаушы аудиторияға мұның әсері бірақ жеткілікті болмайтынын болжайды. Шашубайдың уытты тіліне ілігіп кеткен төрелерді қорғаштап ұсақтыққа бармастан оның мақтаған кісілерінің сауда-саттық жасап, арам жолмен байығанын айыптайды. Бұл әрине кінә қоюдың қазақтық тұрғысы. Жамбыл сөйте тұра ел жақсыларын көздерінше мақтап, көлгірлікке қарай аттап басып бармайды. Сол уақыт үнжазбасының тірі баламасына жүретін Ыбырайым босағада отырып-ақ айтыстың ұзын-ырғасын көкірегіне түгел тоқып, жаттап үлгірген екен. Бірақ оны жазып алған ешкім жоқ. Міне, сол Ыбырайым ашаршылық жылдарының қиын-қыстау күндерінің бірінде түс көріп, таң ертеңгісін Жамбылға жетіп келіпті. «Жәке, сүйінші, сізге бақ қонды»— депті. Түні бойы көз ілмей ауырып, аласұрып шыққан Жамбыл әлсіреп жатқан күйі: «Өзім де білдім»— деп талмаусырап үн қатыпты. Қазақ жұртын сұрапыл зұлматтардан құтқарған жалпы бір-ақ құдырет — ол халықтық сенім. О дүние мен бұ дүниелік құбылыстардың мидай сапырылысып, тіршілік пен жалғанның байланыстыра бағамдауға

мұрындық болатын және жалпақ дүниеге ғарыштық биіктіктен қарайтындай қиялдың осынша қуаты Жамбыл мен Ыбырайымның өзін кейде Гомердің кейіпкерлеріне ұқсатып жіберетін тұстары бар. Әйтпесе өлімнің үнірейген қара тажал түнегі жұтып қоюға шақ тұрған қапылыс уақытта жарық түсетін санлау іздеп, үмітін ұзбейтіндіктің төркінінде имандылыққа қылау қондырмайтын ұлттық кірпияздық, бір ғажабы, ұлттық көнбістікке кереғар келмейді. Жиырмасыншы ғасырдың орта шеніне таман және халықтық киелі ұғымдарды басып-жаншып, жайпап өтейін деген коммунистік ақикөз жойқын үстемдіктің кезінде осалдық танытпаған рухани жансірілік құбылысының баламасын жалпы адамзат өмірінің мысалынан табудың өзі екіталай. Заманның қазіргі ағымында зиялылық тұрғыдағы жаңа көзқарастарды түпкілікті қалыптастырудың процестері жүріп жатыр. Бір ғасырға жетер-жетпес аралықта қоғамдық формациялардың әлденешесін бастан өткеріп кеп сүдіні суық, сықпыты бөлек әлеуметтік қарымқатынастар өмірімізді билеп-төстеп, дедектетіп әкетіп барады. Осындайда Жамбылдың жүріп өткен жолы, өнерпаздық ғұмыры ойға жиі оралатын болды. Өйткені оның өмір сүрген уақыты мен қазіргі нарық заманының арасында ебедейсіз ұқсастықтар бардай. Бүгінгі байларды мақтап, олардың саясын са-

ғалап, ептеп игілікке кенеле бастаған адамдар қайтадан бас көтерді. Эстетикалық тұрғыдан тозып, тоқырап, кешегі күннің үлесіне қалуға тиіс онтоғызыншы ғасырға тән салтсана түпнұсқалық ынғайда тағы жанданды. Оған ұлттық аңғалдықпен қайта ден қойып, қаратабан талғамсыздық бел ала бастаған кезде «оқымаған» Жамбыл тағылымы өзіне еріксіз жүгіндіре түседі. Тұрмыс тауқыметі жан-жағынан қысып, тапшылықтың ку тақырына талай мәрте отырып қалса да Батыс Европадағы әлгі көшпелі философтар сықылды бүкіл бір өлкеге ақындық қызмет атқарған оның бойындағы зиялылық қасиет ұлттық мүддеге көлеңке түсірмеген екен. Шығармашылық бітімі тарихи шындықпен суарылған Жамбыл ерлік пен елдікті үндейтін темірқазық бағдарына өне бойы өз жүрек әмірімен жүргендігін көресің. Ол бұл жолда талай әлеуметтік теңсіздіктерге душар боп, бірталай залалын да шекті. Ақындық сертінде тұрудың аркасында ғана өнерпаздық беделіне нұксан келтірген емес.

Арғы атам әруақты ер Қарасай,
Теңселген дүбіріне тау менен сай.
Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұнқардай саңқылдаған ер Сүйінбай.

Жамбылдың Досмағанбетпен айтысындағы осынау беташар сөзді ғалым зерттеуші-

лердің көбі мысалға алып, оның бүкіл тұжырымдық мәніне үңілудің талпыныстарын байқатты. Әлеуметтік зерделілік танымы жағынан Жамбылдың географиялық ауқымы кең, көзқарасы байсалды. Зиялылыққа жуықтайтын парыз ұғымының кісілікті нышандары бүгінгі ұлттық өлшемге лайық келетіндей имандылыққа ие.

Бұл орайда Жамбылдың ақындық түйсігі сезімтал да талғампаз. Өзіне дейінгі үрдіспен салыстырып бақсақ — Жамбылдың ақындық жаратылысында шыншылдыққа оңтай тұратын сыпайы сыршылдық мол.

Би мен болыс, бай манап,
Пристав, князь, шенеуік,
Шулатып бала-шағанды,
Қай жақсың бар соларға
Қарсы тұрған табанды,—

деп, Досмағанбетке ашық сауал тастап, жариялылық әңгімеге шақырады. «Әулие болса қайда еді, Ескелді би жалпағың?»— деп, тіпті беделді адамдарды жазғыруға дейін нақты сол бойы тұнған айдынына әлеуметтік реңктердің сәулесін түсіріп, ұлттық дербестік сананы жаңғырықтыратын Жамбылдың тап осы жағына үңілу әйтсе де кемшін соғып жатады. Өткен ғасырлардағы қазақ айтысы көне дәуірдегі гладиаторлар айқасының рухани ажалды түріне ұқсайды. Біріне асқан жүректілік пен

күш-айла, екіншісіне — алғыр ақыл, табан астында тауып айтқыш зерделілік қажет. Ол уақыттағы айтыс қазақ қауымына тек ақпараттық қана емес, сонымен қатар философия, экономика, социология, әлеуметтік институттардың міндеттерін бірдей атқарған. Он тоғызыншы ғасырдың ақындығына қазіргі проза, публицистика көтеретін зіл-батпан әлеуметтік жүкті иығына салған. Кез-келген замана ағымының белесінде шешуі қиын түйін қалады. Сол кездің ой көзімен қарап, сыншылдық сарабымен үңілген уақытта Жамбыл ой гладиаторларының айқасына шүбәсіз сеніммен жіберіліп отырған.

Тап мұндай дәрежеге жету үшін әуелі өз уағының ықпалды күштерінің сеніміне кіру керек болды. Жамбылдың Сарыбай биге арналған өлеңі күрделі мәселелерді көргіш, көкірегіне түйгіш, сезімтал да шынайы. Көздеген мұрат-мақсаты мен азаматтық ар-намыс жауапкершілігінде халықтық тәрбиенің тұнықтығы да бар.

Сареке, салдым бір сыныңызға,
Сіздің сөз таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып, талап қылдым,
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Қазақтың батагөй ізгілікті ұғымы ақынның адал көңілі арқылы жүрекке жылы ұялап қана қоймай, әлеуметтік тұрғыдан жас

адамның азаматтық дәрежеге дейін тез есейгенін байқауға болады. Осындай бет алысына қарап, сексен жылдан астам ғұмырын тек ақындыққа арнаған Жамбыл шын мәніндегі профессионал екеніне көз жеткізе түсеміз. Бір адамның өмір мөлшерінен асып жығылатын мұндайлық мезгілде ақындық жолдың өрі мен еңісі, күнгейі мен теріскейі бірдей кездесетіні және заңды. «Өлеңге жастайыннан болдың даңғыл» деп Шашубай оны мойындаса, «дабысты жүйрік Жамбылым» деп Досмағанбет өз тарапынан әділетті бағасын беруге тырысады. «Өлеңмен шын тасысам ағып бір жатқан селдеймін» деп ондайда Жамбыл өз бағасын үстемелей түседі. Демек ол өз жүрегіне сыншылдықпен терең үңіліп, байыпты қорытынды жасай алатын үлкен сенім иесі. Және өзіне айтылған жаңағыдай жылы сөздерге алданып, айтыстың беталысын жайма шуақтандырып жіберуге тырысатындық пиғыл одан әсте байқалмайды. Алған бағытынан аяғына дейін қайтпайтын бірбеткей. «Жамбыл Жамбыл болғалы, Жамбыл атқа қонғалы» деп өз бағасын сездіре түсетін тұсты Досмағанбет ақынмен айтысында қолданыпты. Қазан төңкерісіне дейін Жамбылдың жалпақ жұртқа танылып, ақындығының біржола орныққандығы айқын бола тұра, кеңестік насихаттың әбден санаға сіңді машықты әдісінің кесірінен арада құдды ауасыз кеңістік бардай я көлең-

келі жағы көп тәрізді көрінетін кілтипанды ойлар көңілді торлайды. Соны былай ысырып тастап үңілуге кейбір құлықтардың сабыр-шыдамы аяғына дейін жетпейтін сияқтанады. Қазақ айтысының ренессанс дәуірін Жамбыл тұлғасынсыз көру қиын. Айтыс — спектакльдің далалық баламасы. Оның кейде драмалық тартысы шекспирлік шешімге дейін шырғып, қатал талқысынан жүректілер ғана сыр бермей сырбаз шыққан. «Ақ домбыра қолға алып, ай мен апта толғанып» арқылы ақындық лабораториясын көзге елестетіп те кетеді. Я қызыл, я қара емес ақ домбыра — бүкіл шығармашылық өлшемінің көркемдік нышанына баланатын шындыққа уақыттың ай мен апта кеңістігі де сәтімен қиюы келіп, табиғи жымдасады екен. Халық ауыз әдебиеті ұлттық ойдың кемеріне дейін толықсып жететін толымды құнарына жиырмасыншы ғасырдың тым нақтыланып, қатқылдана түскен талғам-таразысымен сараптаған кезде — қазақ жыраулық өнері мүмкіндігінің ұшандығын Жамбыл мысалы толық айғақтай түсетініне көзіміз жетеді. Жамбыл турасындағы қаңқу сөздер бұдан кейін де толастай қоюы екіталай. Оның адамгершілік бітіміне күмәнмен қарап, ақындығына шәк келтіретін пиғылдарға қызбалықпен араша түскен сайын түсініктістікке жету қиынға соғады. Кеңес дәуіріндегі қазақ трайболизмінің атасы деп те

оған кіно артатындар бар. Сталинді мақтап, марапаттағаны үшін құрыққа сырық жалғау-ғау құмартқан кейбіреулер онысын көзсіз жа-ғымпаз көлгірлікке балайды. Кезінде Сталинді өлеңге қосып, жырламаған қазақ ақы-ны-нөкен-саяқ болса да бәрібір ауызға бірінші боп Жамбыл ілігетініне кейде қайран қа-ласың. Өмірінің соңына қарай басына қонған бақ-дәулет, бүкіл әлемге танылған атақ-абы-рой, сый-құрмет, әрине, Кеңес үкіметі саясаты екеніне карт адамның сенімі кәміл боп, сез-гір көңіліне желпініс берді. Тұрпайы социо-логия әйтседе карт ақынның ұлттық шежіре-шіл қасиетін аса қажетсіне қоймады. Алдын-да қоғамды щабытпен өлеңге қосып, ақсақал ақындық ғұрпына шаң жуытпаса, бара-бара Кеңес идеологиясының жыр фабрикасына ай-налып жүре берді. Бір аяғы жерде, бір аяғы көрдегі қария өзінің шығармашылық бағы-тының трагедияға карай бет алып бара жат-канын каншалықты дәрежеде түсінгенін кім білсін, астанадан, ауданнан уәкіл келсе, әй-теуір: «Не сендерге өлең керек пе?!»— деп ашықтан-ашық жақтырмай карсы алатынды шығарыпты. Арнайы хатшылыққа бекітілген адамдарға жүктелетін міндет те әлгіндей за-каз өлендерге саяды екен. Әйтпесе Жамбыл-дың күлдіргі сөздерді айтқыштығының өзін жазып үлгеріп қалғанда қомақты кітапқа та-титындай көп еді деседі. «Жамбыл менің әкем

Құшікбайдан үш жас үлкен еді,— дейтін Шаштай ақсақал.— Мақыш екеуі біздің үйге келіп, он шақты күн жатып-жастанып, күні-түні жағы талмай айтқанда сөз дегенің түйдек-түйдегімен шығатын еді. Кезекті Мақышқа беріп, өзі біраз тыныстап демалған кезде: «Менің мына ішім толған өлең ғой»— деп қарнын ұрғылап-ұрғылап қоятын еді».

Балапан — басына, тұрымтай — тұсына кеткен алмағайып заманда Жамбыл да балашағасын аштан қырып алмаудың қамын жасағанын баяндадық. «Бала көп, бәрін сүйіп, құшатұғын, жетімсіз тұрмыс шіркін қысатұғын»— деп Кенен дәл байқағандай ол әрқашан барға қанағат, жоққа салауат қылатын деседі көне көздер. Оның адамға деген ықыласы да өзгеше болатын дейді және олар. «Адамды алғаш сөзден танитұғын»— деп оны Кенен растай түседі. Дәмдес-тұздас болған адамдарды, олардан қалған балаларды жанжаққа кісі жіберіп алдырып, ата жұртқа оралуына себепкер болыпты. Өзінің дақпырт-дабысын малданып, өзге ағайындарға тізесін қатты батырған кей туыстарының ожар қылықтарын тиып тастап отырған. Үйіне күн құрғатпай ауылдың Омар, Мекебай, Демеукұл, Оразбақ, Ыбырайым, Жартыбай, Қырғабақ, Әбділда сықылды көптеген қариялар келіп, әңгіме-дүкен құрады екен. Осы қариялардан қалған әңгіменің аңғарына қарасақ, Жамбыл

өзін ешқашан культтік дәрежеге көтермей, тым қарапайым ұстаған. «Жамбылдың бір мінезі мақтанбайды, бой тартып сайысудан сақтанбайды»,— деп Кенен айтқан шындық көп жағдайға үніле түсуге түрткі де. Өткен-кеткен жақсылардың өнегесінен сөз қозғап, тигізген шарапатынан сыр шертіп, әруақтарына тауап етіп отыруды әсте ұмытпайды екен. Өленнің арқасында ел аралап, жер таныған Жамбыл қазақтың өз кезіндегі бірталай жақсылармен таныс-біліс болған.

Жұрт арасына әртүрлі лақаптардың тарауына кейде Жамбылдың өзі де себепкер тәрізді. Досмағанбетке сес көрсеткен бір тұста: «Арба өткелдің түбінде, бір күн, бір түн шайқасып, өнерін әбден байқасып, Құлманбет те жеңген жоқ»— деп дерек бере тұра —«Құлманбет менен мықты ақын еді, оны тек тәкаппарлық жеңіп кетті»— дейді екен кейде еске алған уақытта. Оның тәкаппарлық тұрғысындағы түсінігі тым күрделі. Тіпті өзінше философиялық категория десе де болғандай. Рас, Құлманбет сөз жоқ зор ақын. Өмірлік құбылыстарға ол әйтседе кешегі көзбен қарайды. Ұлттық аристократияның мүддесін көздеудің салдарынан тіпті, кертартпалыққа ұрынып, қазақтың көсегесін көктетудің күрескерлік рухын оятуды көздемейді. Сарай ақынының деңгейінде қалатын жағдайы да жоқ емес. «Секендеген серкенің ажалы» деп, ақы-

ры Саурық, Сұраншың жаудан өлген»— деу айтыстың шартына сыйымды көрінгенімен ақындық арға сын, азаматтық ажарға мін болатындай-ақ— тұжырым. Жамбыл күшкекүш, байлыққа-байлық теңестірудің я асырып дәріптеудің бір қашанғы позициясын сақтаған күнде сол уақыттың ой-танымына, мінезқұлқына үйлесе бермейтіндей «ерлігім ерлігіне дөп келеді, байлығым байлығыңа еп келеді»— деп мәмлеге шақыратындай сөз астарында, бүгінгі күннің тілімен айтқанда, демократиялықтың тәуір нышаны бар. Қазақтың тұрмыс-салтындағы трайболистік өмір құрылымынан шыққан Құлманбет те, Жамбыл да өз ру, өз ұлысының сойылын соғып, намысын жыртуға тиіс. Ал бұл жағдай шексіздікке қарай созылып кете беруі мүмкін. Әдісін алған соң-ақ үйреншікті машыққа айналып, басым түсудің өзінен береке таппайтындықты Жамбылдың ішкі мәдениеті біршама түсінгенге ұқсайды. Сондықтан да ол айтыстың бет алысын мүлде басқа тарапқа қарай бұрып жіберуге тырысады. «Жерді көрген, ел көрген, қала барған бір кем емес байыннан асып-тасқан»— деу, сол кез үшін едәуір жаңалық еді. Бұл тіпті қазақ демократтарының ағартушылық тұғырнамасына үндесетіндей көкейкесті ой. Жамбыл өз қарсыластарынан халықтың өмірін білу жағынан анағұрлым басым. Соған орай әлеуметтік кемшіліктерді көре біліп, ұт-

қыр түйін шығару жөнінен шыншыл. Әлеуметшіл Жамбыл түйткілді тұстарды нәзік бақылай алатын және сезімтал.

Кедей өлсе үйіне
Күңіренін бармаған,
Аттана шауып бай өлсе —
Қыйрағаттап Құранды
Күні-түні сарнаған,—

деп Досмағанбетке айтқаны әлі күнге дейін уытты. Қазақ ақындығында жақсы мен жаман парасын салғастыру философиясының тұрақтылығы уақыттың ұлан-ғайыр кеңістігінің ұзына бойын қамтитыны белгілі. Өсиеттікке оңтай тұратын осынау үрдіске салынып кетпеген Жамбылда Отан сүйгіштік, батырлық рух тым асқақ. Сонымен бірге шындықты табандылықпен іздеушілік қасиетін дақпырт қып, айқайлайтпайтын және ұяң да.

Елде жүрген егейлер
Қалада құр үйілдің.
Ұлық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай
Жапырылып йілдің.

Үлкен ұлттар үлкен ойлар айтуға тиіс деген қағиданы әлі еш жерден кезіктіре қойған жоқпыз. Ал бір ұлттың өнерінен айырмашылығын талдап, анықтамалық сипаттамасын беруге тәуекелі жеткендердің ой-пікірлерінде

қаншалықты ақиқат бары және белгісіз. Бірақ жетпіс жылдан астам уақыт бір халықтың мұқым парасат әлеміне түгелдей үстемдік беріп, басқа өркениетті дүниеден гөрі ықылас-пейіліміз әлі күнге солай қарай ауып тұратынын несіне жасырамыз. Бір халықтың рухани ішкі ісіне қол сұғып, төрелік айтуға қолы жеткендердің тиісті қесімдеріне шамырқанудың орнына әділетті болып көрінетін дәттерінің беріктігіне имандай ұйып, бағдар тұтуға дейін бардық. Өркениеттің рухани қауымдастығында сөйтсек біреуден біреудің артықшылығын іздемейді екен, кез-келген тұлғаның қадіріне жетудің түсіністік ахуалын орнатуға тырысатын иманды дәстүр бар көрінеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты Жамбылдың 1913 жылы шығарған, жоғарыда мысалға келтірген өлеңі өзінің шыншылдығымен ерекшеленеді. Романовтар әулетінің тақ-қа отыруының 300 жылдығының құрметіне жалпақ қазақ жерінің қала мен даласында өткен көрмелерге Жамбыл сықылды жүздеген ақындар қатысқаны хақ. Әйтседе ұлттық көңіл-күйді Жамбылша жеткізіп, ұлттық тұрғыдан Жамбылша қорланып, ширыға өлең шығарған ақын кемде-кем.

Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларынды түсіндік...

Келтірдіндер намысты
Бек қорланып күйіндім.

•

Шындықты айту жөнінен Жамбыл суырып салма ақындық өнердің мүмкіндігінен асып, Абайға үндесетіндей тағлым қалыптастырған. Нақ осындай қадамға баруда Жамбылға белгілі бір жағдай түртті боп, ықпал еткені сөзсіз. Қазақ тұрмысы біртіндеп отырықшылыққа қарай бет бұрып, урбанизация процестерінің ұшқындары біртіндеп көріне бастаған. Жамбылдың ағайын-туыс, жекжат-жұраттары Алматы маңайына ертерек қоныстанып, қолөнермен айналысқан, сауда-саттық жасаған. Міне, бұл сынды факторлар оның өнерпаздық тұғырнамасын орнықтыра түсуге елеулі ықпалын тигізген сыңайлы. Ауызша айтудың бейнелеу құралдарын жазбашалық ізденіс шеберлігінен бір де кем түспейтін сәттер Жамбылда жетіп артылады. Жүз жасаған адамның ақындық жорғасынан бір жаңылмауының сыры — ақыл-есінің керемет тұнықтығында, жаратылысының елгезек сергектігінде. Соғыстан жаралы болып қайтқан ер-азамат Жамбылға амандасуға келгенде орнынан қарғып тұрып, елпек қаға: «Қарағым, ауыр барып, жеңіл қайттың ба? Мыржының ұлын шақыртындаршы, маған!» — дейді екен дереу. Сәлден соң өз есімімен аталатын колхоздың төрағасы, әрі жақын туысы Тұрапқа: «Әй,

мынау соғыстан жарымжан болып оралыпты, қамбадан бір қап астық бөл, жеткілікті ғып қант-шай бер»— деп әмір береді екен. Нені болсын елмен бірге көруді мақсат тұтқан. Із-тілеу деген ұлы соғыстан қашып әкесін келіп сағалаған. Ұлын комиссариатқа жетектеп апарып, өз қолымен табыстаған екен. Содан кейін ұлының тағдыры не болғаны белгісіз. Араша түсуге беделі жетсе де жүзге келген қазақтың жырауы арына жүгінген. Жамбыл өміріне үнілген сайын қазағуар жанның қасиетін танимыз. Ондайда бірақ жаңағыдай ерлікке бара-бар ірілігі ескеріле бермейді. Өмір бойы Қарасай, Өтеген, Саурық, Сұраншы сынды батырларды жырлап кеп, кенет өз белінен шыққан ұлының қорқақтық жасағандығын кешіре алмаған сынайлы. Жеке тағдырындағы трагедияны елетпей, ұлттық батагөй ғұрыпты ұстанатыны соның айғағы. «Алғадайым арлы едін» деп басталатын өлең алдында бір мысалға келтірілген еді. Қәдімгі ауызекі сөйлесіп отырғанда шыға салған дүниенің қазақи табиғилығы бір ғасыр өмір сүрген адамның ішкі бұлқынысын қариялыққа жеңдіретін ұстамдылық жатыр. Алғадайды жоқтау өлеңі де идеологияның шеңберінен шығып кетіп, қарт кісінің жан күйзелісін сөзбен қестелеудің ұлттық сезімі тағы да табиғи шыншылдығымен баурайды.

Біздің кейбір зиялы қауым өмірге тек әйел

көзімен қарайтын сияқты деп еді бір ғалым тұрғылас. Қарапайым ғана математикалық логика болмаған жерде нақты талдап, шындыққа жетудің өзі қиын деп еді тағы тыныш тұрмай. Жамбылдың есек мініп, ел аралағаны атына дақ, сүйегіне таңба ғып басуға әуес күштердің табандылығына таң қалмаска амалың жоқ. Оны сол үшін де місе тұтып қоймайтын пиғылдар ашықтан-ашық дауыс көтеріп те қалады. Жамбыл турасында қалыптасып қалған стереотипті түсініктердің сеңі тіпті әдеби орталардың өзінде бұзыла қойған жоқ. Жамбылды ұғынудың білікті адамгершіл нұсқалары қазір аса қажет. Әдеттегі әруақ пен әруақты таластырып қойып, рухани басымдыққа ұмтылатын ескілікті дерт-дербездердің ыркынан шыға алмай тағы да тұйыққа тірелмесек болды. Жамбылға деген құрмет бір кезде Қонаевтың аркасында сақталып келсе, енді оны Назарбаев жалғастырып жатыр деген түсінік шаң бере бастауы ықтимал. Осынау ықтималдық жағдайдың барлығында Жамбыл жаратылысына үңіліп, жан дүниесін қазіргі уақытқа сәйкестендіріп ашпайынша жер бауырлаған қарадүрсіндіктерден арыла алмаймыз. Жамбылға барлау жасаудың ескілікті қолданыстары моральдық жағынан әлдеқашан тозса да оның итжанды сүйретпелі ұғымы әлі күнге салпақтап қалмай ілесіп келеді. Он тоғызыншы ғасырда Бақтыбай ақын-

ға: «Алдыңызда сөйлейін өлең бойы көрінсін» деуіндегі жаңашыл бейнелеу қазіргі уақыттың ой қозғалысымен әдемі үндеседі. 1943 жылы Республикалық ақындар айтысын ашқан кезде: «бір отырдым, бір шығып, елең қағып өлеңге» деген қолданыс Жамбылдың жалпы өнерпаздық болмысына тұрғыластық сипатты молынан бере түседі. Бұдан жүзге тақаған Жамбылдан рухани тозып, ескіріп, шаршаған белгілердің мыскалдайын сезілмейтінін көреміз. Қымбат шешеміз сол 1943 жылғы ақындардың Республикалық айтысын ашардағы Жамбылдың өлең айтқан кезде кісі танымастай өзгеріп, аппақ қағаздай қуаратындығына дейін аңдапты. Жамбылдан мұндай құбылысты Шаштай ақсақал да байқаған екен. «Бірде жайлауда үлкен басқосу болды. Жартыбай ақын қоймай өлең айта беріпті. Мүлгіп отырған сияқты көрінген Жамбыл шұғыл серпіліп: «Әпкел бері домбыраны, қызталақ, жаман тонның жыртығындай жан-жақтан жел үрлетіп жібердің ғой»— деп өленді соққанда, көр-жердегіні түгін қалдырмай тізді дерсің»,— деп еді. Бауыржан Момышұлы жақтырмай қалған сәтте: «это жартыбайщина» деп тиып тастайтынын естігенбіз. Ия, Жамбыл — Моцарт та, оның төңірегінде бірнеше Сальерийлер жүрді. Сол Сальерийлер оны у беріп өлтірген жоқ, әйтседе екінші өмірінің жалғасына жетерлік жаман қауесеттер-

терді тастап үлгерді. Жел сөздердің көбі алыстан емес, оның маңайынан шыққанын байыптап бағдарлау барысында көзін жете түседі. Кенен Өзірбаевтың әңгімесіне құлақ асып қарасақ, Жамбылға деген теріс пиғылдардың төркіні тым әріден басталғанын аңғарасың. 1921 жылғы Ұзынағашта өткен көрмеде маңайдағы ақындардың барлығы жиылғанда Жамбылдың шақырылмай қалғанын баяндағанбыз. Ол жиыннан құлағдар бола салған бетте өзі шығады. Келсе — милиция ішке жібермейді. Бұл шамына одан бетер тие түседі. «Заманақыр болған жоқ, Жамбыл сөзден қалған жоқ, ел жайлаудан көшкен жоқ, көктен жасын түскен жоқ, сендер шетке қағатын Жамбыл атым өшкен жоқ»— деп басталатын өлеңінде Ораз Жандосов пен Жұбаныш Бәрібаевқа тілі тиіп те кетеді. Өкпе-наздың үлкендік ишарасын дік алмастан жаймашуақ қабылдаған олар ақынға зор құрмет көрсетіп, сый-тартулар ұсынады. «Ақындар әсіресе өсек қылып, Жамбылға жақсылықты ойлаған жоқ»— деп Кенен біраз сырдың бетін ашуға түрткі болады. Қартайып, қайраты қайта бастаған адамның өз үлесін біреудің ығын сағалап, жағыну арқылы емес, мінез таныту арқылы алуы — Жамбыл тағдырының ақындық аясына сыйғызып қоятын ұғым болмауға тиіс. Одан әлдеқайда үлкен азаматтық ірілікке келіңкірейтін тосындық жатыр. Ауыл

ақсақалдары үйіне кеп әңгімелесіп отырған уақытта Жамбыл бір жайдан сыр шертіпті. Оны бізге жеткізуші әлбетте Ыбырайым ақсақал. 1934 жылы бүкіл қазақстандық өнерпаздардың слетіне шақырылғанда Жамбыл қатты қысылғанын айтыпты. Қартайғанда үйімде тыныш жата бермей деп те өкінген көрінеді. Өйткені маңайының бәрі жұтынған ығай мен сығай, олардың ішіндегі үлкенінің өзі мұның баласымен жасты көрінеді. Әсіресе аса бір реңді жігітке көзі түсе беріпті. Жиылғандардың ішіндегі ең қарты ретінде бірінші кезектің рәсімі Жамбылға тиіпті. Ортаға шыққаннан-ақ аузына сөз түспей, асып-сасып отырып қалса — есіктің көзінен Сүйінбай кіріп кеп қақ шекесінен қамшымен тартып өтіп: «неғып булығып отырсың, ағытсаңшы» деп саңқ етіп дауыстап қапты. Сол замат орнынан үш тұрып, үш отырып өленді жіберсе керек. Ал жаңағы көрікті жігіт дереу нәс тарта мұңайып: «Әруақ та өзімшіл екен-ау»,— депті. Жамбыл бір кішкене құдайды көкірегіне қондырып ап ғарышпен тілдесетін құдырет иесі емес. Оның ішкі жан-дүниесі Толстой көксеген пендешілік біткеннен арылудың таразысы іспетті. Күнделікті қаражаяу қарадүрсін өмірдің бірыңғай бояуынан гөрі рухани культтік күштерге көбірек сенетіндік дағды және Жамбылдан басталмаған.

Өзін-өзі қажап, әжуалайтын сәтте ұлттық

сабыр-шыдам танытатын Жамбыл — соған орай ұлттық құнарға ойшылдықпен үнілетін кемеңгер де. Жеке тағдырына қатысты жағдайларға келгенде жүректегі сөзін қозғауға оңтай тұратындыққа төңірегінде жүргендер көп көңіл аудара коймаған. Жамбылды желеу етіп келгендер көбіне қызық қуып, қыздырмалатып қайтқанды ғана біліпті. Ақынның кенже ұлы Тезекбай бірде күйініп кетіп: «Осы ауылдың сұлу деген әйелдері Жамбылға келгендердің құшағында жүрді ғой»— деп еді. Тезекбай сұлу әйелдердің қатарына кімдерді меңзеп тұрғанын кім білсін? Әйтеуір Жамбылды жәдігер тұрғысында түсініп, соның бойындағы көп қазынаны алып қалудың орнына кейбіреулердің рухани қамсыздыққа салынып, жүре бергендеріне қайран қалмасқа амалың жоқ.

Жамбылдың Сарыбас ақынмен болған айтысының формалық өзгешелігі — жауап сөзінің кіріспесінде көкейінен кетпей жүрген түйткілдерін байыппен баяндауында жатыр. Мұнда кәдігімгі көркем шығарманың өрбуіне сай келетін шыншылдықпен құрылған оқиғаның одан арғы дамуы оның зандылықтарын да тәуір сақтаған. Тап осы сөз сайысының үстінде әлденеше бөлімнен тұратын новеллалық сипаттағы сюжетті өлең шығару — қазақ ақындығының жаңаша ой бейімділігін танытатын нақты құбылысы. Демек Жамбылға

деген көзқарастардың тың тұғырнамасы орнығып, бүгінгі өлшемге жауап берерліктей қалыптаспайынша оны рухани тұрғыдан кемсітушілік жуыр маңда тоқтай қоятын түрі жоқ. «Әдеппенен сөйлегін ғалым болсаң білімді»— деп Досмағанбетке айтқаны сықылды ол туасы бейәдеп қылықтарды жаратпаған. Әлгі адам танығыштық ерекшелігін «Әке әзілі» деген өлеңінде құдды фотоға түсіріп алғандай дәлме-дәл кескіндейтінін ацғарасың. Осындағы адамдардың барлығын жастайыннан біліп, мінез-құлықтарын көріп өскендік те бар шығар. Жамбыл психологиялық паралеллизм әдісінің ұлттық үлгісін жасаған шын мәніндегі қас шебер екенін таныта түседі. Және бұл өлеңді тоқсан жеті жасында шығарғанын ескерсек — мұншалықты тұнық ақыл-ес пен жан сергектігінің арқасында өлеңмен кесте төгіп отырып, әркімге сай характерлерді сезімталдықпен түйетінін көреміз. Бір мойын идеологияның Жамбылға қатты обал жасағанына біртүрлі ашына түсесің. Ұлы адамдардың жаны қартаймайды, тек қана өледі деген бәлкім рас та шығар? Дүние қанша өзгермелі, көңіл қанша құбылмалы болса да қалыптасып қалған ұғымдардың сеңін бұзып, іргесін сетінетудің қиындығын ойлаған сайын өзіңнен-өзің қорқа бастайсың кейде. Өйткені адам өмірі өлшеулі, көзқарастардың көкжиегі шектеулі. Бәрібір біздің бү-

гінгі өмірлік жағдайымыз Жамбылға тым таяу. Жамбыл Бұхар жырауға, Бұхар жырау ұлттық қайнар бастауымыздың арғы рухани көзіне жақындай түседі. Көшпенділердің жайбасар тарихына кереғар келетін алғыр ақыл, тұнық сезім, тың ой — ұлттық бойкүйез марғаулықтан құтқарушы құдыретке айналуының баяғы әлеуметтік ес-жадының хатқа түскендей сабақтастығында жатыр. Ғасырлардың ұзына бойғы иыр-қиыр жолының әрбір асуында Жамбыл тақылеттес ұлы тұлғалар тұрған. Қаламға сүйеніп, қағазға жүгінетін европалықтың: «Жамбылдың миында сонда миллион жол ұйқас болғаны ма?» деп таң қалуында қандай ой жаткан болды екен деп ылғи есіне ала бересің. Ол ұйқас ұзыннан-ұзақ тізбектеліп кете беретін механикалық ой машығының жемісі деп қалған шығар бәлкім. «Жау жағына ел бермей, дау жағына сөз бермей» күшке күш, ақылға ақыл бетпе-бет келіп текетірескен кезде ұлттық тектілік танытатын аса киелі ұғымдардың жиынтығын көреміз.

Жамбыл нағыз қазақ. Ал нағыз қазақ — қарапайым да қаһарман, данышпан да балаң, ұлық та кішік...

МАЗМҰНЫ

Беташар 3
Біз Жамбылды біледіміз бе? 43
Жамбыл мен Ыбырайым 63
Қалам ұстамаған ақын 83
Біз Жамбылды көрген жоқпыз 96
Теріскей мен күнгей 117
Заман мен зандылық 133
Байыптама 145

УЧЕБНОЕ ИЗДАНИЕ

ШАШТАЙҰЛЫ Жұмабай

ТАНДЕМ АҚЫНА

На казахском языке

Редакторы *М. Әкімханов*
Көркемдеуші редакторы *А. Тәменов*
Техникалық редакторы *Ф. Овчинникова*

ИБ № 399

Теруге 05.08.96 жіберілді. Басуға 13.11.96 қол қойылды. Пішімі 60×90 1/32. Жоғары басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. Шартты баспа табағы 5,5. Есептік баспа табағы 5,3. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 4308. Бағасы келісімді.

«Санат» мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.